

Рыскен Әбішева

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Фонетика саласы бойынша
жаттығулар жинағы

Стереотиптік басылым

Алматы
“Қазақ университеті”
2020

ББК 81.2 Қаз-2

Ә 18

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
дайындық факультетінің Ғылыми кеңесі және
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, профессор **Т.Н. Ермакова**
филология ғылымдарының кандидаты кафедрасының кандидаты,
доцент **М. Мамаева**
практикалық шетел тілдері кафедрасының меңгерушісі,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент **С.А. Асанбаева**

Ә 18 Әбішева Рыскен

Қазақ тілі: фонетика саласы бойынша жаттығулар жинағы.
– Стер. бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 140 б.

ISBN 9965–29–731–2

Фонетика саласы бойынша жаттығулар жинағында қазақ тілі дыбыстарының табиғаты мен өзіндік сипаты, дауысты, дауыссыз дыбыстар, олардың өзара жіктелуі, буын, тасымал, үндестік заңы, орфография, орфоэпия заңдылықтары тиянақты қамтылып, арнайы жаттығулар, кешенді фонетикалық талдау сызбасы, тест тапсырмалары берілген.

Аталған жаттығулар жинағының қазақ тілі грамматикасын тереңірек үйренгісі келетін шәкірттер мен тіл үйретуші ұстаздарға көмегі зор.

ББК 81.2 Қаз-2

ISBN 9965–29–731–2

© Әбішева Р.Р., 2020

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2020

АЛҒЫ СӨЗ

Тіл – қоғамдағы тарихи құрал. «Ана тілім – азығым, адастырмас қазығым» деген белгілі ұстаз пікірін ұстана отырып, әр қазақ өз ана тілінде көркем сөйлеп, сауатты жазып, ата-бабаларымыз ардақтаған тіл байлығын келер ұрпаққа жеткізу азаматтық аманатым деп түсінуі тиіс.

Қазақ тілі – Қазақстан ғана емес, басқа республикаларда, сондай-ақ шетелде тұратын қазақтардың да ана тілі. Сауатын өзге әліпбимен ашқан балаға кириллица бойынша бірден жазып, дәріс тыңдау онай емес.

Сондықтан ұсынылып отырған жаттығулар жинағының мақсаты – талапкердің қазақ тілі грамматикасын тереңірек түсініп, сауатты жазуға машықтандыру, алған білімін ғылыми негізде жетілдіру, ана тілінің дыбыстық жүйесіне жан-жақты, сауатты талдау жасай білуге дағдыландыру, өз бетімен жұмыс істей алу мүмкіншілігіне жол ашу.

Фонетикалық талдау – тіл дыбыстарының теориялық қағидаларын іс жүзінде қайталап, ауызша айтылған ережені бекітудің бірден-бір жолы.

Студент оқу құралынан ережелерді жеңіл тәсілдермен түсіну жолдарынан, әр дыбыстың дұрыс айтылуы мен жазылу емле дәстүрлерінен фонетикалық талдау арқылы мағлұмат алады.

Жинақта тақырыпқа қатысты жаттығулар мен тапсырмалар берілді. Дыбыс, оның түрлері, буын, тасымал, үндестік заңы, орфография, орфоэпия заңдылықтарына сәйкес жаттығулар мен әртүрлі тапсырма, қанатты сөздер, тест сұрақтары қамтылды.

Жинақтағы жаттығулар мен мәтіндер, өлеңдер, мақал-мәтелдер, белгілі ақын-жазушылардың еңбектерінен, қазақ баспаларынан іріктелініп алынды.

Бұл оқу құралының оқуға түсуге ниет еткен шәкірттерге көмегі тиер деген үміттемін.

Өлең қандай тақырыпты жырлағанын түсініп, мәнерлеп оқыңыз.

Жыр жаттайық:

Менің тілім өлмейді

Менің тілім өлмейді халқым тірі,
Қазағымның сөнбейді алтын күні,
Мәңгі естіліп тұрады оның даусы
Соңғы күні жоқ оның ақырғы үні.

Менің халқым жас халық, жаңа халық,
Дүниеде жүр солай бағаланып.
Оның өскен әр қызы асыл арман,
Көрінеді әр ұлы маған алып.

Білімге де қазағым құштар халық,
Туа сала үйренген ұшқанды алып,
Ойындағы нәрсесін орындайды,
Бойындағы өзінің күшті аңғарып.

(Т. Молдағалиев)

Ұлттың тілі кеми бастауы – оның құри бастағанын көрсетеді.

(М. Жұмабаев)

ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ

Бас әріп	Кіші әріп	Әріп аты	Бас әріп	Кіші әріп	Әріп аты
А	а	а	П	п	пы
Ә	ә	ә	Р	р	ыр
Б	б	бы	С	с	сы
В	в	ве	Т	т	ты
Г	г	гі	У	у	ұу
Ғ	ғ	ғы	Ұ	ұ	ұ
Д	д	ды	Ү	ү	ү
Е	е	е	Ф	ф	эф
Ё	ё	йо	Х	х	хы
Ж	ж	жы	Һ	һ	һе
З	з	зы	Ц	ц	це
И	и	ій	Ч	ч	че
Й	й	қысқа й	Ш	ш	шы
К	к	кі	Щ	щ	ща
Қ	қ	қы	Ъ	ъ	айыру белгісі
Л	л	ыл	Ы	ы	ы
М	м	мы	І	і	і
Н	н	ны	Ь	ь	жіңішкелік белгісі
Ң	ң	ың	Э	э	э
О	о	о	Ю	ю	йу
Ө	ө	ө	Я	я	йа

Қазіргі қазақ әліпбиі 37 дыбыстан, 42 әріптен тұрады: 15 әріп дауыстыларды таңбалайды: (а, ә, о, ө, е, ы, і, у, ұ, ү, и, ю, я, е, ә), 25 әріп дауыссыздарды таңбалайды: (б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, ф, х, ц, ч, ш, щ, һ), 2 әріп жуандық (ъ) және жіңішкелік (ь) белгілерін береді. Қазақ тілінде 9 жалаң дауысты: а, ә, о, ө, е, ы, і, ұ, ү, 2 дифтонг (екі қосынды дауысты дыбыстар) «и», «у», орыс тілінен енген «э, е, ю, я» дыбыстары бар. Қазақ тіліне тән төл дыбыстар – 9, дауысты: ә, ө, ұ, ү, і, дауыссыз: қ, ғ, ң, һ.

- а, е, ы, і** әріптері буын талғамайды. Қалай естілсе, солай жазылады: *ана, ер, әке, ырыс, ілгек, ілулі, қалалық т.б.*
- ә, ө, ұ, ү, у** әріптері емлесі қиындық келтіретін әріптер болып саналады. Бұл әріптер көбінесе сөздің басқы буынында жазылады. Сөз ішінде **а** дыбысы **ә** болып естілгенімен, **а** әріпінің өзі жазылады. Еріндік **ө** дыбысының әсерінен езулік **ы, і, е** дыбыстары сөйлегенде **ұ, ү, ө** түрінде айтылғанымен, жазуда **ы, і, е** әріптері сақталады. **Ә, ө, ұ, ү** әріптері сөздің соңғы буынында естіледі, бірақ жазылмайды. Мысалы, Жәзира, бүтін, өлең, көбелек, **ә, ө, ұ, ү** әріптері біріккен сөздер мен қос сөздерде екінші сөздің басқы буынында жазылады. Мысалы: *Қалиәкпар, Үштөбе, жалт-жұлт, қыстыгүні.*
- қ, к, п** дыбыстары дауысты дыбыстан басталған қосымша жалғанғанда, бұл дыбыстар ұянданып, (ғ, г, б, у) болып өзгереді. Мысалы: *тарақ (тарағы), жүрек (жүрегі), бүк (бүгеді, бүгу), шап (шабады, шабу), кеп (кебеді, кеуіп).*
- в, ч, ц, ф, ш** дыбыстары орыс тілінен енген және термин сөздерде жазылады.
Мысалы: *архив, актив, шкаф, очерк, цех, борщ, саф, фәни, дифтонг, фонд.*
- щ** дыбысы қазақ сөздерінде сирек қолданылады. Мысалы: *ащы, тұщы, кеңсе.*
- й** (*йод*) басқа жерде сөз басында жазылмайды.
- ң** дыбысы сөз басында жазылмайды. Мысалы: *оң, соң, таң, жаңа.*
- ғ** дыбысы сөз аяғында келмейді. Мысалы: *ғасыр, аңғал, мағлұмат.*
- һ** дыбысы сөз басында қолданылмайды. Мысалы: *қаһарман, Жауһар, жиһаз.*

Қазақ тілінде дыбыс бола алмайтындар: *я* (*й+а*), *ю* (*й+у*), *ё* (*й+о*) – қосарлы дыбыстары және *ь* – жіңішкелік белгісі, *ъ* – айыру белгісі.

Ескерту: *и, у* (дифтонг) екі қосынды дыбыстар.

1) *у* әрпі 2 дыбыстың да (дауысты *у* және дауыссыз *у*) орнына жүреді. Мысалы: *жу* (*у* – дауысты), себебі дауыссыздан кейін, *жау* (*у* – дауыссыз), себебі дауыстыдан кейін келіп тұр; уақыт (*у* сөз басында келсе дауыссыз), дауыл (*у* дауысты дыбыстан кейін келсе дауыссыз болады);

2) *у* дыбысына аяқталған етістікке тұйық етістіктің -*у* жұрнағы жалғанса, екі *у* қатар жазылады. Мысалы: *жуу, туу, сауу, жасау т. б.*;

3) *и* дыбысына аяқталған етістікке -*у* жұрнағы жалғанса, *ю* әрпіне өзгеріп жазылады. Мысалы: *қи+у – қию, жи+у – жию, ки+у – кию және т. б.*

4) *и, у* дыбыстары сөздің құрамына қарай өзгереді. Сөздегі басқа дауыстылар жуан болса, *и* мен *у* дыбыстары да жуан оқылады. Мысалы: *жазу, қиын.*

Сөздегі басқа дауыстылар жіңішке болса, *и* мен *у* дыбыстары да жіңішке оқылады. Мысалы: *теру, киін.*

5) *у* әрпі қосарлы (*ыу, іу*), (*ұу, үу*) дыбыстарын таңбалайды.

Мысалы: *бару, келу, бұру, жүру. И* әрпі (*ый, ій*) қосарлы дыбыстардың таңбасы ретінде қолданылады. Мысалы: *оқиды, Иса, киін, жібиді*

6) *и* әрпі орыс тілінен енген сөздерде жалаң *и* дыбысының орнына жүреді. Мысалы: *кино, университет, термин, бригада.*

7) *ый* дыбысы тек *сый, тый* сөздері мен осы түбірлерден өрбіген туынды сөздерде ғана жазылады. Мысалы: *сыйлық, сыйымды, тыйым, тыйылу.*

8) *я* әрпі *й* және *а* дыбыстарының, ал *ю* әрпі *й* және *у* дыбыстарының қосындысының таңбалары ретінде барлық буындар-

да жазылады. Мысалы: *яғни, аяз, таяныш, аю, қою, көркею*. Бірақ *миуа, Хиуа, кейуана, хайуан* деген сөздер осы күйінде жазылады.

9) э, ё әріптері орыс тілінен енген сөздерде ғана жазылады. Мысалы: *электр, элемент, поэзия, режиссер, шахтер, дирижер*.

10) айыру (ь) және жіңішкелік (ъ) белгілері орыс тілінен енген сөздерде ғана жазылады. Мысалы: *подъезд, съезд, альбом, циркуль т. б.*

сс, лл, мм, тт, сть, нд, мп, зд дыбыстарының емлесі.

конгресс	металл	киловатт	фонд	съезд
прогресс	балл	ведомость	штамп	подъезд
ведомость – ведомос		ка тың ы	ке тік пен	
		прогрес		

Бірақ: Донбасс, Кузбасс – Донбассқа, Кузбасстан.

грамм – грам	ы ның ға	штамп – штампылау, штампыны, штампыдан съезд – съезге, съезі, съезінің
--------------	--	--

Айыру (ь) және жіңішкелік (ъ) белгілерінің қолданылуы:

циркуль – циркулі, циркульді	разъезд – разъезі, разъезбен
фестиваль – фестивалі, фестивальді	подъезд – подъезі, подъезге

I БӨЛІМ

ФОНЕТИКА

1. Дыбыс және әріп

1-жаттығу. Мәтіндегі жуан және жіңішке дауысты дыбыстарға фонетикалық талдау жасап, өлеңді мәнерлеп оқыңыз.

Мен бүгін сендерге бойымда күшім барда бір сырымды айтайын деп отырмын. Осылай деп тыныс алған Қасым орнынан тұрып, Жанар мен Дәмештің бетінен сүйді де, сөзін жалғады:

Мен соңғы жылдары арасын үзіп-үзіп, бір ұзақ өлең жазып жүр едім. Менің ең жақсы жырым да, шын сырым да осы. Енді соны оқып берейін. Түгел емес, бір үзігін ғана. Қасым осыны айтты да, өзін ұйып тыңдап отырған семьясына әлі еш жерде жарияланбаған жыр жолдарын оқыды:

Шарлаған жолым жатыр жер бетінде,
Көрінер көлеңкесі келбетімде.
Қай жерде үзіледі қайран сапар,
Түйін боп өмірімнің бір шетінде.

Сол жерге қалармын ба мәңгі тоқтап,
Жоғалып жер бетінен сүрлеу-соқпақ.
Немесе бастармын ба екінші өмір,
Жалынды жыр жолында қызыл шоқ қап.

Дүниеге келер әлі талай Қасым,
Олар да бұл Қасымды бір байқасын,
Өртке тиген дауылдай өлеңімді
Қасымның өзі емес деп кім айтасың?

Шабыттан туған өлең, шамырқаған ой, ақжарма сезім, ақтарылған сыр, алмас жыр осылай аяқталған еді.

(Сәбит Досанов,
«Жылдың он үшінші айы»)

а) өлеңді айтылу нормасына сай мәнерлеп оқып, жуан дауысты дыбыстары бар сөздерді бір бөлек, жіңішке дауысты дыбыстары бар сөздерді бір бөлек көшіріп жазыңыз.

Жастық

Жастық менің жаныма жыр байлады,
Жастық мені жалтартпай шыңға айдады.
Жастық мені шыңдады, шынықтырды,
Жастық шіркін өмірді шын ұқтырды.

Ризамын жастыққа, текке өтпеді,
Әзір тұр гүл-бағынды көктеткелі.
Жастық маған ақыл-ой, сана берді,
Амал не, жастық өзі қалады енді.

(М. Мақатаев)

ә) төмендегі сөздердің басқы дыбыстарын өзгерте отырып, олардың қатарын көбейту арқылы мағынасына тигізетін әсерін айтыңыз:

- 1) тар
- 2) мол
- 3) бас
- 4) дала

б) дыбыс дегеніміз не?

в) әріп пен дыбыстың қандай айырмасы бар?

2-жаттығу. Мәтіндегі әрбір сөзде неше әріп, неше дыбыс бар екенін айтып, көшіріп жазыңыз.

1. Шамасы, желтоқсан айының орта шені болар. Күн шайдай ашық, бірақ ауада бет қарыған қызыл шұнақ аяз бар еді. 2. Қазақтың музыкалық театрының спектакльдерінде рөлдерін ерекше қызғылықты түрде атқарып жүрген Қанабек Байсейтов, Манарбек Ержанов екен. 3. Мен оны 1934 жылы «Айман-Шолпан» пьесасын-

да Айман рөлінде көргем. 4. Балгер үлкен ағаш аяқтағы суды алды да, Еңліктің бетіне шашып кеп жіберді. 5. Үлкенді-кішілі станциялар мен разьездер бұлдырап артта қалып жатыр. 6. О шеті мен бұ шетіне көз жетпейтін, суы әрі тұщы, әрі терең көлдің үстінде біз моторлы қайықпен біраз жүрдік. 7. Жаңа оқу жылы басталды. Ұстаздар демалыстан құтты ұясына қайта оралды. 8. Бір тамақ бар ащы, ащы болса да тәтті, бір тамақ бар тұщы, тұщы болса да ащы (Ы. А.). 9. Кремльдің Съездер сарайына делегаттар жаяу келе жатыр. 10. Сыр сияқты оты жасық жерде семірген мал мен Қарақұм сияқты ащылы-тұщылы, оты жасыл жерде семірген малдың еті де, сүті де бірдей емес (С. М.).

а) сөздердің қайсысында у дыбысы жуан екенін айтыңыз:

куәлік	өсіру	буын
дауыл	қуат	кіру
уақыт	сулы	кебу

ә) қый, сұу сөздері орфография нормасына сәйкес пе?

3-жаттығу. Бас әріппен жазылған сөздерде неше дауысты, неше дауыссыз дыбыстар бар екенін айтып, мәтінді көшіріп жазыңыз.

Кіріп-шыққандар есепке тұратын, сақшының аса құпия, барлау бөлімі осы көрінеді. Абажадай бір бөлмеге кірсем, көмекке келген жастар осында жиналып жатыр екен. Жөн сұрасып, танысқан болдық. Көпшілігі гимназияның оқушылары: Төлеубек, Қожахмет, Жүсіп деген жігіттер, Гүлшаш, Әмина деген қыздар гимназияда бірге оқитын болса керек. Молотов атындағы орыс мектебінен де Түрсірая, Хамида деген екі татар қызы келіпті. Бұлардан басқа бірнеше жас мұғалімдер бар. Осылардың ішінде төменгі класта оқитын әрі жасы кішілеуі мен көрінем. Басқалары – жиырмаға келіп қалған ересек жігіттер, бойжеткен сәулім қыздар.

Газеттерде өлеңі басылып тұратын жас ақын Төлеубек Жақыпбайұлын бұрын Жастар одағының жиналыстарында сырттай көріп жүретінмін. Біздің жеке таныстығымыз осы арада басталды.

(Қ. Жұмаділов,
«Таңғажайып дүние»)

а) мәтіннен құрамында **и** әрпі бар сөздерді теріп, қай сөзде қандай дыбыстың таңбасы ретінде тұрғанын айтыңыз.

ә) кісі аттарын әліпби тәртібі ретімен жазыңыз.

Рахым, Оралкүл, Темірбек, Зылиха, Жакыпбек, Кәшифа, Қадырбек, Болатбек, Ұлан, Балжан, Мұратбек, Раушан, Рабия, Рұқия, Әлия, Жазира, Мақсат, Владимир, Дәулет, Иманғали, Йохан, Тұрдыхан, Ілияс, Фаузия, Айбибі, Гүлназ, Халима, Уәлихан, Юсуп, Инжугүл, Чапай, Перизат, Өзипа, Эрих, Ербол, Гүлнұр, Үсен, Чехов, Ырысалды, Яссауи, Шерхан, Сұлтан, Айдын, Ләйлә, Ғалия, Зәмзәгүл, Мадина, Нұржан, Цой, Щербаков.

2. Дауысты дыбыстар

ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР: а, ә, э, е, о, ө, ұ, ү, ы, і, у, и		
Тілдің қатысына қарай	Жуан, жіңішке	а, о, ұ, ы, у ә, ө, ү, і, е, и, (ү), э
Еріннің қатысына қарай	Еріндік, езулік	о, ө, ұ, ү, у а, ә, е, ы, і, и
Жақтың қатысына қарай	Ашық, қысаң	а, ә, о, ө, е, э ұ, ү, ы, і, и, у

Ауыз жолымен шығатын дыбыстар	Мұрын жолымен шығатын дыбыстар	Кедергісіз шығатын дыбыстар	Кедергімен шығатын дыбыстар
а, л, б, қ, з, і, т, е, д, р, й, ө, г, к, у, ж, ұ, ы, ү, ш, и, о, з, в, э	м, н, ң	а, і, е, ө, э, ә, ү, ұ, ы, ұ, и, о	л, б, қ, з, т, д, к, ш, й, з, в

4-жаттығу. Мәтіндегі жуан дауысты дыбысы бар сөздерді теріп жазыңыз.

Адам баласының жарық дүниеге келуі кездейсоқтық болғанда, дүниеден өтуі заңдылық. Біз бұрын осылай түсініп келгенбіз. Қазір өзгеше болжамдар айтылуда. Сол жаңа тұжырым бойынша, сенің дүние есігін ашуыңда да заңдылық бар көрінеді. Сенің менікі деп меншіктеніп жүрген жаның бұған дейін талайлардың бойына аялдап аттанған «қыдырмашы қонақ» болуы да мүмкін. Тек сол «қонақтың» біршама тазарған салауаттысы, имандысы бұйырсын деп тілеңіз. Құдайдың құдіретімен жарық дүниеге келіп қалған екенсің, бойдағы арың мен жаныңды кірлетпей, аздырып-тоздырмай, таза ұста. Өйткені оның сапары сенімен ғана бітпейді.

Ортақ өгізден оңаша бұзауды артық санайтын өзімшіл пенде бұны кейде мойындағысы келмейді. Бірақ ақиқаттан қашып қайда барасың? Мейлі, адам жаны дара болсын, не әркімге ортақ дүние болсын, әйтеуір, соның осынау қара құрттай қаптаған жан иесінің арасынан саған келіп қонуы, сенің жоқтан бар болуың – таңғажайып нәрсе!

(Қ. Жұмаділов,
«Таңғажайып дүние»)

а) жіңішке дауысты дыбыстары бар 10 сөз ойлап тауып, олармен сөйлем құрастырып жазыңыз.

ә) дауыстылар еріннің қатысына қарай нешеге бөлінетінін айтып, мысалдар беріңіз.

б) «дос жылат_п айтад_, дұшпан күлд_р_п айтад_», түсіп қалған дыбыстарды қандай дыбыстар екенін айтыңыз.

5-жаттығу. Аралас дауысты дыбыстары бар сөздерді тауып жазыңыз.

Ал Мұханның мен білетін достары мына азаматтар болды: Хамит Ерғалиев, Қайнекей Жармағамбетов, Төкен Әбдірахманов, Әбен Сатыбалдиев, Мұзафар Әлімбаев, Әбдіжамал Нұрпейісов, Сәуірбек Бакбергенов, Төкен Әлімқұлов, Зейнолла Қабдолов,

Бердібек Соқпақбаев, Айқын Нұрқатов, Нығмет Ғабдуллин, Сансызбай Сарғасқаев, Өтебай Қанахин, Тұманбай Молдағалиев, Сәкен Жүнісов, Еркен Ебікенов, Қадыр Мырзалиев, Шәліл Мұхамеджанов, Әнуар Дүйсенбиев, Сағи Жиенбаев, Қабдыкәрім Ыдырысов, Зейнолла Шүкіров, Саид Баязитов, Оразбек Бодықов, Өскен Нәбиев, Нәсіредин Сералив, Кемел Тоқаев, Мырзабек Дүйсенов, Танаш Дәуренбеков, Бекмұрат Уахатов, Досмағамбет Тасекеев және басқалар. Осылардың көбі алғашында Маханнан ақыл тыңдады, хат алды, рухани-моральдық көмек көрді.

(Ә. Нұршайықов,
«Қаламгер және оның достары»)

а) Баянауыл – әріп және дыбыс саны сәйкес пе?

ә) Сағи Жиенбаев – неше дыбыс, неше әріп бар екенін айтыңыз.

б) «Жатақхана – өз үйім» атты шығармадағы дауысты дыбыстарға сипаттама беріңіз.

6-жаттығу. Мәтіннен жуан және жіңішке дауысты дыбыстары бар сөздерді ажыратып жазыңыз.

Абайдың ойлана толғанып «Өзің ойла, халыққа қайырымды бол, мейірімді бол» деген өсиетін шамшырақ етіп ұстанған алаш азаматтары: Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жүсіпбек Аймауытов, Сәбит Дөнентаев, Тұрар Рысқұлов, Мұхтар Әуезов, Мұстафа Шоқай, Мұхамеджан Тынышбаев, Қаныш Сәтбаев, Дінмұхамед Қонаев, тағы басқа көптеген ұлтжанды, ары таза, қайырымды, мейірімді азаматтарды атауға болады. Олар әлемдік терең ой-өрістерімен қазақ халқының келешегін ойласты, әлемдік өркениетке шақырды. Сол кезде талап етілген демократиялық тіршілік үшін күресті. Ұлттық мәдениетті дәріптеп, жоғары сатыға көтерді.

а) дауысты дыбыстарды дауыссыз дыбыстардан қай белгісі бойынша ажыратуға болады?

ә) мұрын жолды дыбыстары бар сөздермен мысалдар жазыңыз.

7-жаттығу. Аралас дыбысты сөздерді теріп жазыңыз.

– Көз барда кісі шаруақор енеге сеніп кеткен келін сияқты, қамсыз болмай ма, тәйірі. Керек болса кейін тағы оқып аламын дейсің. Оны Асылгүл оқып берген, екеуіміз қосылып, Ақтастан ауылға қайта көшіп келген қыста, маған комитет атынан шағын кітапхана жасап берді. Сол қысқы кештерде мен екінші бөпеміз Махамбеттің бесігін тербетіп, Асылгүл әлгі кітаптарды оқиды. Артынан олардың әрқайсысы менің аузыммен қазақша әңгіме ретінде тарайды, әр үйдің қадірлі қонағы болады. Кітаптың сол тарауында туа соқыр адамдардың қараңғы мен жарықты сезетіні, жүре соқыр болған жандардың оны айырмайтыны айтылған.

Ол күні вагонда түні бойы жаман түстер көріп, Тұмажанмен төбелесіп, милиция қолына түскен екенмін деймін. Мен онда Меңтай Тұмажанға қосылады деп кәміл сенгенмін. Бір бөлмеде мен, Жомартбек, Пернеш, Төлеубек төртеуіміз тұрамыз. Жомартбек үйінен келгеннің бәрін қаладағы жақындарынікінен алдырады. Екі қыздың соңынан жүгіре аяндап баспалдақпен төмен түсіп келе жатсам, төменгі этажда қыздар күтіп тұр екен.

*(Ә. Нұршайықов,
«Махаббат жырлары»)*

а) төмендегі әріптерді оқып, ауыз жолымен шығатын дыбыстарды мұрын жолымен шығатын дыбыстардан ажыратып жазыңыз:

л, б, м, к, қ, д, р, н, г, ж, ң.

ә) Асылгүл, Жомартбек сөздеріндегі кедергісіз шығатын дыбыстарды атаңыз.

б) Меңтай, Тұмажан сөздеріндегі мұрын жолды дыбыстарды анықтаңыз.

8-жаттығу. Әріп пен дыбыс санында айырмашылығы бар сөздерді тауып, жаттығуды орынданыз.

1. Бір сөзбен айтқанда, спектакльге сахналық өмір беретін – творчестволық коллектив. 2. Ащылы-тұщылы ұзақ өмірінде талайды бастан кешкен Ақжан биылғыдай сұрапыл қысты көрген жоқ. Сонау сентябрьдің аяқ шенінде түскен қалың қар қыс әбден күшіне кіргенше мұрты бұзылмастан жатты. 3. Ақжан өзі басшылық ететін аудан орталығында үлкен жиын өткізді. 4. Ақыл қосу ұзаққа созылған жоқ. Аудандық партия комитетінің бюро мүшелері мен бір топ жауапты қызметкерлері сол күні жан-жаққа аттанып кетті. 5. Өз машинасы жөндеуде тұрған Ақжан шоферін шақыртып уақыт шығындағысы келмей, рульге өзі отырды.

(Сәбит Досанов,
«Жылдың он үшінші айы»)

а) дауысты дыбыстар жақтың қатысына қарай нешеге бөлінетінін айтыңыз.

ә) құндыз, Мұғи сөздеріндегі дауысты дыбыстарды талдаңыз.

б) сөздердің қайсысында у дыбысы жуан, қайсысында жіңішке екенін айтыңыз:

<i>суат</i>	<i>қуаныш</i>	<i>жиналу</i>	<i>қымсыну</i>
<i>қыруар</i>	<i>кіру</i>	<i>жуыну</i>	<i>жуату</i>
<i>сәуір</i>	<i>жуырда</i>	<i>тігу</i>	<i>жіберу</i>

9-жаттығу. Сөйлемдерде ашық дауысты дыбыстары бар сөздерді тауып, көшіріп жазыңыз.

Жәку бәйбішенің артына тығылып, зорға дегенде жаным қалды. Әйтпесе қанына қарайған ана сотқарлар мені істікке шаншып қақтайтын еді, – дейтін сол оқиғаны Мұғидың өзі еске алып.

Әйткенмен басқа жердей емес, Мұғи біздің ауылда өте сыпайы еді. Олай болатыны, ол – Күдері атаммен түйдей құрдас әрі

жас кезінде бидің атын ерттеп, қасында көп жүрген кісі. Мен оны көрген сайын: «Егер Күдері атам тірі болса, жасы әлі жетпіске де толмай, ортамызда отырады екен-ау!» – деп танданып қалушы едім. Тағдырдың әділетсіздігін көрдіңіз бе, қайдағы бір саудагер шалға қиған ұзақ ғұмырды бір елдің төбе биіне кимаған. Мені тағы бір қызықтыратыны, Мұғи Төртуылдың арғы-бергі тарихын жақсы біледі. Өткен ғасырдың сексенінші жылдары екі мемлекет арасына шекара тартылып, біздің ел Қытайға қарағаннан бері Төртуылда алты үкірдай өткен екен. Ол соның алтауын да өз көзімен көрген. Алғашқы үкірдай Керімбайдың тұсында Мұғи – жасөспірім жігіт.

Ал екінші үкірдай Демежан 1908 жылы Шәуешек камалының батыс жағындағы Қарасу бойында дарға асылғанда, сол сұмдық көріністі ол да тамашалап қарап тұрған. Одан кейінгі Көксеген, Ысқақ, Мұқаметқали үкірдайлармен талай рет дәмдес, сұхбаттас болған. Мұғи олар туралы әңгімелегенде, кімнің не істегенін, түр-түсін, мінез-құлқына дейін қалдырмай таратып айтады.

Баламыз ғой, ол кезде осының бәрі қажет болады, түбі осы адамдар жайында кітап жазамын деген кімнің ойында болған? Әйтсе де ел басшылары жайындағы деректер құлағыма жағып, көңіл қоя тыңдап отырушы едім.

(Қ. Жұмаділов,
«Таңғажайып дүние»)

а) дауыстылар тілдің қатысына қарай нешеге бөлінетінін айтыңыз.

ә) сөздердің құрамындағы дауысты дыбыстарды теріп жазып, фонетикалық талдау жасаңыз.

орыстың ұлы жазушысы В.Г. Короленко: «Менің тілім өз балаларыма түсініксіз боп қалады-ау дегенді ойласам, жаным түршігеді», – депті.

б) жуалдыз, езулік сөздерінде у дыбысы неге екі түрлі дыбыстатынын айтыңыз.

10-жаттығу. Мәтіннен еріндік дауыстылары бар сөздерді тауып жазыңыз.

Осы жеті күн бойына күндіз жұртпен сөйлесіп, шүйіркелескеннен кейін, қонған жерлеріміздегі кештерде өзара әңгімеден ауымыз босаған жоқ. Мұқан екеуіміз бір-біріміздің жанымызды жақсы ұғысқандай болдық. Өйткені 1938 жылы мен ауылдан Алматыға келіп Тау-кен институтының рабфагінде оқыдым. Сол кезде «Октябрь балалары» газетіне өлең апарып беріп жүрдім.

Бөтен біреу үшін осынша әбігерленудің керегі не? – деді Мұқан біздің бұл қызметімізді ұнатпай. Күндіз қалада болып, түстен кейін Мұқандікіне келдім. Мұқанның достары Дәмеш үшеуі сонда отыр екен. Әрқайсысы әртүрлі жаңалық айтып, бірінен соң бірі келіп Мұқанның көңілін көтеруге тырысады. Мұқан көңілді сияқты көрінді. Өзгелер үлкен бөлмеде, мен Мұқанның жанында отырмын. Ертең Павлодарға ұшатынымды, қазір жолдасымның үйіне барып қонатынымды айттым. Екі көзін тас жұмып, қатты ыңқылдап жатқан Мұқан, екі қолын төсіне айқастырып, қос көзінен жас парлап бүгіліп тұрған Рәзия, көшедегі ойындарын тастап, біздің соңымыздан аңыра қарап қалған екі бала – он жасар Мақсұт пен Рүстем көз алдымда қалды. Үйге келген соң, оңаша бөлмеде отырып, егіліп жыладым. «Жылама, бәріміздің бақытымызға Мұқан тәуір болады әлі!» – деп маған жұбату айтады. Мені әуежайға Зейнолла Қабдолов пен Жұмағали Ысмағұлов екеуі әкеп салды. Түскі сағат үштен аса Кереку әуежайына келіп қондық. «Қызыл Ту» газетінің редакциясына барып, коллективті келе жатқан мерекемен құттықтадым. Редактор Омарғали Құдышевпен әңгімелестім. Идеологиялық жұмыс жөніндегі хатшы Кузинмен сөйлестім. Обкомның үйі бөлініп бітті ме деп сұрадым.

(Ә. Нұршайықов)

а) қысаң Ұ, Ү, у дауыстыларының ерекшеліктерін айтып, мысалдар беріңіз.

ә) у дыбысын Ұ, Ү дыбыстарының айтылуымен салыстырып, сөйлем мүшесінің қайсысы қатысатынын табыңыз:

уақиға	ұлтан	үстемдік
уақыт	ұждан	үгітші
Уәли	ұрпақ	үстел
уәде	ұксас	үркек
уақ	ұйқас	үйрек
улы	ұйым	үлес
уыз	ұйқы	үкім

11-жаттығу. Қысаң дауыстылары бар сөздерді теріп жазып, фонетикалық талдау жасаңыз.

Түйеқұс – қазіргі құстардың ішіндегі ең үлкені. Оның қауырсыны алтынның құнына жуық бағаланатын көрінеді. Оның еті мен жұмыртқасы да құнды. Үйретілген түйеқұстарды Оңтүстік Африкада малшы ретінде пайдаланады. Түйеқұс осы жаңа міндетін атқару үшін жаратылған дерсіз: ол – өте жылдам, күшті, төзімді. Табынды күзететін түйеқұстар өте сақ болады. Бірде табын жанынан өтіп бара жатқан жүк машинасы күдікті көрінген болуы керек, түйеқұстың бірі тап беріпті. Олар малды жыртқыштардан да бірнеше рет қорғап қалыпты.

Ғажайып ғаламаты ысқырына соққан күзгі жел үдей түскен. Әр үйдің түндігін сабалап, желбауын тартқылап құтырына соғады. Үй айнала бергенінде ербең еткен әлдекімнің сұлбасы көрінгендей болды. Түзге таман ұзай бергенде «ақсақал» деп ақырын ғана үн берген соң тағы да аялдады.

а) жіңішке дауысты дыбыстары бар 10 сөз ойлап тауып, олармен сөйлем құрастырып жазыңыз.

ә) дауыстылар еріннің қатысына қарай нешеге бөлінеді, еріндік дауыстыларын атаңыз.

12-жаттығу. Езулік дауысты дыбыстары бар сөздерді теріп жазыңыздар.

Тас төбеге тырмысқан күн от жалап, Дарханға жұмыс істетпеді. Терге әбден малшынған шыт көйлегін енді шешіп алды да сығып, бейіттің шетіне жая салды. Балшығы тобарсыған қабырғаға тыртиған арқасын тіреп, шалжия отырды. Шалдың жарық көрмеген денесі аппақ қағаздай еді. Арса-арса етсіз қабырғасын қиындықсыз-ақ санап алуға болар. Қолтығының астындағы сүтке түскен қарандыздай қалы шал тақыр басын сипағанда көрініп-көрініп қалып түсіргенде жасырынып қалады. Орамалы ағараңдаған ауылдың шетіне ілінген Дүрияның әлгіндегі қылығы есінен кетпей қайдағы-жайдағы ойға итермелеген. Елге келгелі Дарханға ептеп шыр біте бастаған еді. Су сорып, өнебойы көгіс тартқан жарықтық жайлаудың салқын самал, саумал қымызын ішкелі бері сергігендей.

(О. Бөкей,
«Атау-кере»)

а) ашық дауыстылар ненің қатысына қарай бөлінетіндігін айтып, мысалдар жазыңыз.

ә) әулие сөзінде у және и дыбыстарының ерекшелігі қандай екендігін айтыңыз.

13-жаттығу. Мәтіндегі еріндік дауыстылары бар сөздердің астын сызыңыз.

Өлкелік үкіметтен келген Абдулла Закиров осының алдында Бейжіндегі партия мектебін бітіріп қайтқан, өзінше зиялысымақ кісі көрінеді. Сөз арасына: диалектика, қайшылықтардың бірлігі, ұлттардың тоғысуы тәрізді терминдерді қосыңқырап сөйлейді. «Коммунизм тұсында бір немесе бірнеше ғана ұлт қалуға тиіс. Сондықтан біз «прогрессивті ассимиляция жағындамыз» дегенді ашық айтып отыр.

Бөлмеден тоғыз адамның бесеуі күндізгі кезекке кеткен. Түнгі жұмыстан шыққандар ұйқы құшағында, мен ғана ояумын. Түні бойы көз ілгенім жоқ. Сол жақ қабырғам мен сол аяғым қозғалтпайды, мен аурумын.

Жүріп келеміз. Бұрын құдық басына жиырма минутта жетіп қалушы едік, бүгін қарасы көрінер емес. Сірә, адасып кеткен

сияқтымыз. Әрқайсысымыз әртүрлі болжам айтып, бет ауған жаққа жылжып келеміз.

(Қ. Жұмаділов)

а) зиялы сөзіндегі я қандай дыбыстардың таңбасы екенін айтыңыз.

ә) қос дауыстылардың жалаң дауыстылардан айырмашылығы неде екенін айтып, мысалдар жазыңыз.

б) сөздердің жазылуын еске сақтап, сөз тіркесін жасаңыз: ән-күй, үйірме, бәйтерек, мәдени, бәйшешек, мәжіліс, кәсіпорын, кәміл, тәжірибе, бәйге.

Қанатты сөздер

Жақсыменен дос болсаң,
Алдыңнан шығар елбектеп.
Жаманменен дос болсаң,
Сыртыңнан жүрер өсектеп.

Жара тәнді мазалайды,
Жала жанды мазалайды.

Қытымырдың жақыны да жаттай,
Ақ көңілдің танысы да жекжаттай.

а) еріндік және езулік дыбыстарды ажыратып айтыңыз.

ә) сөздердегі кедергімен шығатын дыбыстарды атаңыз.

14-жаттығу. Ашық және қысаң дауыстылары бар сөздерді теріп жазыңыз.

Мен кабинеттен шығатын үлкен есіктің алдындағы топтың арасында едім. Табыттың бер жағындағы Сәбит пен Ғабит екеуінің ара-

сынан табыттың ар жағынан бері қарап тұрған Мұстафиннің бетжүзі маған айқын көрініп тұрды. Мұстафин орыс сары кісі: өңі де, шашы да сары, көзі көк, шашы тікендей тікірейіп тұрады. Мұрны қолағаштай үлкен. Ернін жымырып ұстайды. Сол жақ езуі өзінен-өзі қимылдап қояды. Әдеті болуы керек. Қауғадай үлкен басын тік ұстап, табыттан аса қарап, бедірейіп тұр. Бегінде ешқандай белгі жоқ: не күйзелу, не күйіну аңғарылмайды. Ал оның қасындағы Сейітжан байғұс мүлгіп, мүжіліп тұр. Мұқандай талантты інісінің өмірден ерте кеткеніне өксіп өкінетіндей. Әр өлімге ақиқат кінәлі тағдыр ғой. Бірақ соның тездеуіне себепкерлер болады. Жасынан жетім өскен жаны жұмсақ, жиырмадан жаңа асқан сезімтал жігіт Мұқанға бірден бауыр басып, оны туған ағасындай көріп кетті.

(Ә. Нұршайықов)

а) сөйлемдегі бас әріппен жазылған сөздерді теріп жазып, мұрын жолды дыбыстарды атаңыз.

ә) «байғұс» сөзіндегі кедергімен шығатын дыбыстарды атаңыз.

15-жаттығу: Мәтінді оқып, ашық және қысаң дауыстыларды атаңыз.

Үлкендердің айтуынша, біздің бабаларымыз Тарбағатайдың бұл бетіне тым ертеде – Абылай заманында келіп қоныстанған. Ру жағына келсек, тоғыз таңбалы Найманның бір таңбасына ие болған ежелгі тайпа Төртуылдан тараймыз. Жаңағы тоғыз таңбаның иелері кімдер десеңіз, оның алғашқы төртеуі бәйбіше балалары – кейін «төрт Төлегетай» атанып кеткен: Қаракерей, Матай, Садыр, Төртуылға тиіпті. Сонан кейінгі екі таңба – Ұлытау, жездідегі Балталы мен Бағаналыда. Ал қалған үш таңба – Ертіс бойындағы Ергенекті Найман, Көкжарлы, Бура Сарыжомарттың үлесіне тиген. Ең кенжелері оныншы атауға таңба жетпей қалып, бір ағасының таңбасын теріс басқандықтан «Теріс таңбалы» атаныпты дейді шежірелер.

(Қ. Жұмаділов)

а) мәтіннен жалқы есімдерді теріп жазып, дауысты дыбыстарға талдау жасаңыз.

ә) *Төртуыл, Бура* сөздерінде неше әріп бар?

16-жаттығу. Әр сөздің құрамындағы жуан дауысты дыбыстар санын жақша ішінде көрсетіңіз.

Нұртазиндер кеше Мұқанның үйіне барып қайтыпты. Екеуіміз қол алысып қош айтыстық. Мен асыға, алқына Халима ұсынған хатты оқып шықтым. Рәзия Мұқан жайын түгел жазыпты. Зейнолла Қабдолов, Жұмағали Ысмағұлов және мен үшеуіміз бұрынғымызша шүңкілдесіп отырып тамақ іштік. Содан кейін Зейнолла екеуіміз біреудің машинасымен Мұқандікіне келдік. Машинаны ұшқан құстай зымыратады. Волга доңғалақтарының жер басып келе жатқанын сезбейсің. Алеша, Палым екеуіміз Баянауыл, Ертіс, Май аудандарына қарай сан рет сапар шеккенбіз. Алешка әскерден келген жас жігіт. Екі-үш жылдан бері обкомға шопыр. Өзі қазақ баласы. Қазақ болғанда «Қызыл ту» газетінде журналист. Айтқали Тайланбековтың туған балдызы. Бастығы Палым Тілепов те Алеша дейді. Ал осы Алешаның қазақша кім екенін ешкім де білмейді.

(Ә. Нұршайықов)

а) айтылуы мен жазылуында өзгешелігі болатын сөздерді тауып, ережесін түсіндіріп жазыңыз.

Өлі есімде. Күз еді. Күн бұлыңғыр болатын.

Бір күні әкесі «жолыма шалған бозқасқам» деп қоңыр қойды сойып тастады. Кешкісін үйге туған-туыс, көрші-көлем жиналды. Бәрі әңгіме-дүкен құрып, ән салып, түннің бір уағына дейін отырды. Олардың қашан тарағанын білмеймін, ұйықтап қалыппын. Ертесіне Құмырбекті анасы оятты:

– Тұр, құлыным, тұра ғой, көкең кеткелі жатыр.

Құмырбекті көкесі бауырына қысып, екі бетінен алма-кезек құшырлана сүйді. Құмырбек болса әкесінің мойнынан тас қып құшақтап алған, айырылар емес. Сәби жүрек бірдеңені сезе ме, кім білсін? Көкелеп жатып, көк етіктің өкшесі түсіп қалғанын да білген жоқ.

Көп күттірген жеңіс те келді. Анасы шаруамен айналысқанда, бұл оған бұрынғыдай оралғы болмай, өз бетімен ойнайтын. Бір

күні анасы күндегіден гөрі біртүрлі көңілді, әр нәрсені бір ұстап, күйбеңдеп жүріп алды.

Ай мен жұлдыздарға күннің қажеті жоқ. Өйткені кеме келсе қайықтың судан шығатыны сияқты, күн келгенде ай-жұлдызға орын жоқ. Көзіне бір түскеннен кейін жұрт оны алабөтен іздеп отырады. Ондай кезде оны өнерден куу да қиын. Онда оған күшім жетпейді.

(Сәбит Досанов,
«Жылдың он үшінші айы»)

ә) «Қожаберген» сөзінде жақтың ашылуына қарай қандай дыбыстар бар екенін айтыңыз.

17-жаттығу: Мәтіннен ұ, ү, у дыбыстарының орфография нормасына сай қолданылуын еске сақтай отырып, жаттығуды орындаңыз.

Ілияс Пояэзиясындағы мөлдір арнаның бірі – табиғат лирикасы. Туған жерін, елінің тау-тасын, өзен-көлін, беріле сүйген патриот ақын қоршаған ортаның ғажап сұлулығын сан алуан бояулармен құлпырта суреттейді. Ақын Ыстықкөл, Балқаш көлін, Шу, Іле, Шелек, Көксу өзендерін, тау-тасты, қалың жынысты, өзен-көлді мекен ететін сілеусін, ілбіс, аю, бұғы, бұлан, қасқыр, шибөрі, қарсақ, сусар, бұлғын, таутеке, құлжа, қарақұйрық секілді аңдарды құмай, бүркіт, түйғын, құр, тұнжыр, тұрымтай, үкі, құладың, бұлбұл секілді құстарды өлеңге қосады. Мұнда айтылатын ағаш, шөп атаулыдан тұтас ботаникалық бауды толтыруға болатындай. Олар – ұшқат, үйеңкі, түйеқұйрық, бауырқұрт, сарыкүйік, тауқонақ, құлынембес, сүттіген, уқорғасын, желкеуір, жуа, рауғаш, жаужапырақ, балауса, құлмақ, меңдуана, қурай, шырмауық, қызсаумалдық, т. б.

а) «Рахия әні» сөзіне фонетикалық талдау жасаңыз.

ә) «идея, типтес» сөздеріндегі **и** дыбысының ерекшелігін айтыңыз.

18-жаттығу: **ы, і** дыбыстарын керекті жерге қойып, емлесін түсіндіріңіз.

1. Мынау (**ы**) ауа-райының аяқ астынан құбылып қалғанына қорқып келем.

2. Қамажайдың айтып отырғаны (Ы) рас. 3. Еліктің үркек (Ы) лағындай үрейленген қыз жанары жаудырап, жігітке жалынышты жүзбен қарады.

4. (І) Ішін тартып, (Ы)ышқына соққан жел қыздың ұзын қара шашын аққудың қанатындай жазып, сусылдата екі бөліп, (Ы) лақтыра желпілдетеді. 5. Жағаға жақындасымен-ақ Қамажайдың бетіне қан жүгіре бастап еді, қайықтан түсіп қара жерді басысымен жанары (І)лезде жарқ-жұрқ етіп сала берді. 6. Қалаға көңілді оралған жастар бүгінгі (Ы)рахат күнге (Ы)риза еді. 7. Зерлі тақиядағы үкі шоғы қыз қимылына (І)ілесіе ырғалады. 8. Менің байқауымша, дәл қазір саған (Ы)лайықты орын жоқ. 9. Алғашқы басылымын жібергесін, оған онша мән бермегенбіз ғой, араға бір жыл салып, «Социалистік Қазақстан» екінші (І)рет тағы да жариялады. 10. Шаттығыңды бөлісетін, бақытыңды бірге тойлайтын дос болуы – баға жетпес байлық! 11. Келгендеріңе шексіз қуаныштымыз, ол үшін мың мәрте (Ы)рахмет! 12. (Ы)разымын, халқым!

13. Мен өзім аз жасымда қиыншылықты көп көрдім, пәтер деген аты болмаса, (Ы)лашықта тұрып жатырмыз, екеуімізде махаббаттан өзге ештеңе жоқ.

(Сәбит Досанов,
«Жылдың он үшінші айы»)

а) «сылти, Гүлия» сөздеріндегі дауысты дыбыстарға сипаттама беріңіз.

ә) қос дыбысты дауыстылары бар сөздермен мысалдар беріңіз.

19-жаттығу. А, ә дыбыстарының емлесіне қарай, көп нүктенің орнына тиісті дыбысты қойып, жазыңыз.

Ш...йх...н...д...н шыққ...нн...н кейін жігіттер ...м...нт...йдың неге ш...рш...п, ш...лдығып ж...юлы төсекке құл...й кеткенін әңгіме етті. ...ңгімелесіп отырыңд...р, – дейді ...м...нт...й ж...ймен ғ...н... орнын...н көтеріле беріп.

– ...м...нт...й, неге ...сықты? – деймін мен. Тек Көпб...ев ғ...н... бір т...релк... кеспені т...уысып, м...нтіні жұлм...л...п, ж...тқ...н. Б...ғ...н...

т...нертең көргенімдей сұсты емес. Екі көзі ж...йн...п, еріндерін бүрістіре түсіп Ж...мил... с...л ілгері ұмсынғ...нд...й болды. Қ...ли... кп...р бейш...р...ны осыл...р күн...ғ... б...тырды.қыры көшеде сенделіп мүс...пір болып қ...лды. Күл...нд... мен Р...зия бізге қ...р...й ж...й ...яңд...п келеді. ...рб...кеш Құм...р Ш...уешек пен Үрімжі ...р... сына кіре т...ртып, кейде ж...яу қ...тын...йды екен.

а) а, ә әріптерінің емлесіне сәйкес сөздерді еске сақтаңыз:

аумин	кінәрат	әжуалау
әйткенмен	Дүйсенәлі	шүбәдан
даукес	бәйтерек	маслихат
іңкәр	мәдени	дүдәмал

ә) мамандыққа байланысты ә әрпі бар бірнеше сөз тауып жазыңыздар.

20-жаттығу. Жалқы есімдерге фонетикалық талдау жасаңыз.

Әбу Насыр әл-Фараби

Әбу Насыр Мұхамед-ибн Дархан би Ұзлағ әл-Хаким әл-Сана әл-Фараби – Аристотельден кейінгі дүниежүзінде білім мен мәдениеттің екінші ұстазы атанған данышпан, ойшыл, энциклопедист-ғалым. Ол Сырдария бойында ерте замандағы түркі халықтарының ортақ қаласы Отырарда туылған. 870 жылы шамасында Отырарды арабтар Фараб деп атаған, сондықтан ұлы ұстаз «әл-Фараби» атанған. Отырар шаһары ежелден келе жатқан түркі халықтарының, оның ішінде Қыпшақ, Қаңлы, Қоңырат тайпаларының мекені екені мәлім. Отырар қаласының кітапханасы кітап байлығы жағынан дүниежүзіндегі ең алдыңғы қатарда болған. Әл-Фарабиді білімге, ғылымға деген құмарлық отын тұтандырған сол қаланың мектеп-медресесі, кітапханасы болған.

а) жуан дауысты дыбыстары бар сөздерді теріп жазып, талдау жасаңыз.

ә) «энциклопедист» сөзіндегі орыс тілінен енген дыбыстарды көрсетіп қосымша жалғаңыз.

21-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті дыбыстарды қойып, көшіріңіз.

1. (а – ә – е) с...зды жер, с...нді өмір, с...ң жүрді, қ...дың т...л, қызық п...н, бөлме к...ң.

2. (о – ө) с...реге жинау, б...рігін киді, т...реге келу, қиындыққа т...зу, б...с ...рын, ж...қшылықтан т...зды, т...сап пісіру, к...сеп отыру, з...рға к...нді, т...рға түсті.

3. (ы – і) т...сқа ш...ғу, т...ске к...ру, ...ст...қ шай ...шу, ...ст...к тем...рді кесу.

4. (ұ – ү) егілген ағаштар б...р жарды, атыңды оңға қарай б...р, қолында қ...рық ...стап т...р, қ...лақтарың т...рік ж...рсін.

22-жаттығу. Жазылу нормасына сай орындаңыз.

тақия –	Бйса –	жайулы –
қарыя –	қыйса –	үйулі
жыя –	іііс –	қойулы –
қыатын –	Қыйатбек –	кіуулі -

а) «миуа, бейуақ» – **ю** әрпінің емлесін еске түсіріңіз.

ә) көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойыңыз:

са...хатқа шығу жел са...бырлады

ба...ндама оқу хат жари...ланды

23-жаттығу. Сөйлемдерден у әрпі бар сөздерді теріп жазып, емлесіне сипаттама беріңіз.

Әлгі сөздің ауыздан шығуы мұң екен, Түсірая су сепкендей ба-сыла қалды. Есіл ару есін бірден жиды. Бұл күнде адамдар бір-біріне сенуден қалған.

Қойшы әйтеуір неше алуан ойдың шырмауында жатып көзім ілініп кеткен екен, күн шығарда бір-ақ ояныппын. Екеуіміз түндегі

еркелігіміз үшін бірденені бұлдіріп алғандай үнсіз жолға түстік. Соншама тақуа, зағип өскенімізді жиі еске аламын.

Таңертеңгі шайдан кейін екеуіміз жаяулап кіші Тұмадағы қыстауға қарай бет алдық. Апам жаяу жүруге үйреніпті. Бұл екі ортада жолаушы таситын бержабайлар көп-ақ. Біз бірнешеуіміз әдейі таңдап мініп едік.

Өмірде мені күткен асу бардай, үйлену дегеніңіз сол асудың ар жағында тұрғандай көрінуші еді.

(Қ. Жұмаділов,
«Таңғажайып дүние»)

а) тігу, тоқу – қосымшаның айырмашылығын түсіндіріңіз.

ә) «у» дыбысына аяқталған етістіктерге тұйық етістіктің «у» жұрнағын жалғап, мысалдарды толықтырыңыз. Мысалы: қу, ту...

24-жаттығу. Көп нүктенің орнына ы немесе і әріптерін қойып жазыңыз.

Кей...нғ., ек...нш., От...рар, түрк..., ұл..., мәл...м, ...стаз, ғ...л...м, б...л...м, Қоң...рат, к...тапхана, дүниежүз..., к...м, уақт...л..., бұйр...қ, бөр...ғ...н, лакт...р, өтк...р п...шақ, малш...лар жи...н..., қор...т...нд...п...к...р, ор...нс...з рен...ш, жи...рма ек... к...с...

а) асты сызылған сөздерге фонетикалық талдау жасаңыз.

Байлық – қолға ұстаған мұз, еридi де кетеді.

Бақыт – басқа қонған құс, күте алмасаң жериді де кетеді.

Ал бала – артта қалған із, атыңды өшірмейді.

ә) аталы сөздердегі ашық, қысаң дыбыстарды анықтаңыз.

Қатыгезбен бір жүрсең,
Қатыгездік жұғады.
Мейірбанмен бір жүрген,
Ізгіліктің өмірде
Қажеттігін ұғады.

Ажырасқан досыңа да, құрметің кемімесін.

б) *ашық, қысаң дыбыстарды анықтаңыз.*

в) *«төрт, сөре» – ортақ дыбыстарын тауып, басқы дыбысын өзгерту арқылы қатарын көбейтіңіз.*

25-жаттығу. *Ұқсас дыбыстардың оқылуына мән беріп, көшіріп жазыңыз.*

а ә	о ө	у	ұ	ү	н	ң
ал – әл	он –	улы	ұлы	үш	нар	ең
алды –	өн	уран	ұран	күш	кен	өң
әлді	ор –	нулы	құшақ	үштік	ондық	мең
сал –	өр	сулы	ұшақ	күндік	ендік	кең
сәл	бол –					
сан –	бөл					
сән	сол –					
	сөл					

26-жаттығу. *Айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді тауып, емлесін түсіндіріңіз.*

1. Жамал Москвадан хат алған күні ол жақта оқып жатқан аспирант жігітке де осындай жайсыз хабар жетіп еді. 2. Өзі түк істемейтін кісі әріптесіне де түк істетпесе, содан ләззат табады. 3. Шай ішіп болғаннан кейін анасы: «Құмашжан, көкең келе жатқанда өзім шақырамын, барып балалармен ойнай ғой», – деді. 4. Таңмен таласа тұрған Жамал жан-жаққа жүгіріп, шаршағанын да ұмытып кетті. 5. Таңертеңнен қара кешке дейін қара терге малшынып қонақ күтемін. 6. Бұдан кейін аспирантура жайына қалды.

*(Сәбит Досанов,
«Жылдың он үшінші айы»)*

а) *дауыстылар еріннің қатысына қарай нешеге бөлінеді?*

ә) *халық, орын, мұрын, ерін, бөрік, әріп сөздеріне қосымша жалған жазыңыз.*

б) бу, жу, сау, жау сөздеріне тұйық етістіктің у жұрнағын жалғап, сөйлем құрастырыңыз.

в) ә әрпі қандай сөздерде сөздің соңғы буынында жазылатынын айтып, мысалдар беріңіз.

27-жаттығу. Мәтіннен и дыбысы бар сөздерді тауып оқып, емлесін айтып беріңіз.

– О, ғажап, «Ит – жеті қазынаның бірі» деген рас екен-ау! Иесінің осында жатқанын біліп, кетпей жүргенін қарашы. Жақсы ит бәрін сезеді...

– Кеше бейіт басынан жұрт тарағанда, Сырттан осында қалып қойған, – деді Ниязбек ағам. Содан бері ауыл мен екі арада кезек шапқылаумен жүр. Мен жас қабірдің бір уыс топырағын үгітіп, үстіне қайта септім де, қары кетіп дегди бастаған қу шөптің үстіне жүгініп отыра қалып, әкемнің өзі жақсы көретін «Ясин» деген ұзақ аятты ортасына дейін оқып, бет сипадым.

Біздің ауылда әркімнің есігінде жүретін Жәмила атты жетім қыздың аянышты халін суреттеп қана қоймай, оны қорлықтан құтқарғым, мұратына жеткізгім келді. Жетімнің мұратқа жетуі – менің өз қиялым, көкейдегі арманым еді. Әңгіменің соңында Жәмилам оқыған, зиялы қызға айналды.

(Қ. Жұмаділов)

а) поэзия, Тимирязев, зиялы, аят сөздерінде я, и әріптері қандай дыбыстардың таңбасы екенін айтыңыз.

28-жаттығу. Ұлылар айтқан ұлағатты сөздерден қос дауысты дыбыстың таңбасы бар сөздерді теріп оқыңыз.

Ақыл кені

Кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы да жоқ.

(А. Құнанбаев)

Ұят деген – адамның өз бойындағы адамшылығы.

(А. Құнанбаев)

Қиянатқа көнбе, әділдікке атса да көн.

(М. Әуезов)

Алдына келсе әділдігіңді аяма.

(Ы. Алтынсарин)

Ұялу жақсы сезім, ең жақсысы – өзіңнен өзің ұялу.

(Л. Толстой)

Өркімде аяушылық сезімі болуы керек.

Аяушылығы жоқ адам – қауіпті.

(Б. Момышұлы)

Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындық.

(Б. Момышұлы)

Бостандық таңы атты, қазағым, көріңдер!..

Еріншек, жалқаулық әдеттен безіндер.

Арамдық, араздық түбімен жойыңдар,

Өтірік-өсекті біржола қойыңдар.

(Ш. Құдайбердиев)

а) еріндік және езулік дауыстыларды тауып, талдаңыз.

29-жаттығу. Қосарлы ый, ій әріптері қай сөздерде жазылғанын тауып, ережесін түсіндіріңіз.

1. Дәуди ауылы Әбіштай сазына таяу қызыл өзеннің бойында отыр екен. Үш-төрт салт атты иек артпа кезеңнен шыға келгенімізде, көп ақ үйлі бай ауыл алдымыздан жарқ ете қалды. Ауыл сыртындағы биебау маңында қалың жылқы үйездеп тұр. Дәудиді бір көруге мен де құштар едім. Біз үй сыртындағы ағашқа таянғанда, басында барқыт тақиясы бар, сақал-мұртына енді бурыл араласа бастаған, қапсағай денелі бір адам топтан бөлініп шықты.

2. Киім-кешек жағы дайын болған соң бәрімізді шаштаразға тізіп апарды да, шашымызды еуропалық сәнмен біркелкі етіп кидырды. Жуынып-шайынып шықсақ, ауыз үйде қалдырған ескі-құсқы шоқпыттарымызды түгел жинап алып кетіпті. Оның орнын да біркелкі жаңа киімдер тізіліп тұр. Сонан соң әмбебап дүкенінің кісілері келіп, аяқ киіміміздің мөлшеріне дейін өлшеп әкетті. Көпшілігіміз иығына арзан қол көк бешпеттен өзге ештеңе ілмеген кедей-кепшіктер көрінеміз.

(Қ. Жұмаділов,
«Таңғажайып дүние»)

а) **р, л** дыбыстарының алдында **ы, і** әріптерінің сөздің бірінде жазылып, бірінде жазылмауын түсіндіріңіз.

Разы, разымын, рақат, рәсуа қылу, ренжісу, рең, реттеу, ретсіз, реттік сан.

Ірі, іріткі, ірімшік, іркіт, ырық бермеу.

Лай, лайық, лайлану, лашық, лашын, ілесу, ілгек, ілтипат, ылғал, ылғи, ылди.

ә) Аталы сөздердегі **ы,і** әріптерінің емлесіне назар аударыңыз.

*1. Тұрған судың лайы артында,
Тымырсық күннің тұманы артында,
Тымырайған құдың лаңы артында.*

2. Әрекетсіз құр ақыл – лайланған су тектес.

*3. Реңі сұлу – сүюге жақсы,
Мінезі сұлу – өмір сүруге жақсы.*

б) **и** дыбысы қандай қос дыбыстардың таңбасы екенін айтып, берілген сөздерді жазып алыңыз:

Иса	мәдени	ширек
қиын	қияли	кемиді
жиналыс	иін	іриді
тарихи	киін	жібиді

в) **и** әрпінің емлесін айтыңыз. Құсни, ғылыми, иесі, иіс, киіс, иін.

г) езулік дыбыстарды анықтаңыз. Бйрыс алды – ынтымақ.

30-жаттығу. Көп нүктенің орнына керекті әріптерді қойып, орынданыз.

...Рысбек, ...Рзабек, С...майл, С...махан, С...қақ, Тор...айғыров,
С...матай, ...саңлақ, ...сқырып, ...сқылап, с...қылдап, ...рық бермеу.

а) қияр, ақию сөздерінде әріп пен дыбыс саны сәйкес пе?

ә) куә, күә, рәсуа сөздеріндегі **а, ә** әріптерінің емлесін түсіндіріңіз.

31-жаттығу. Мәтіннен ю, я емлесіне сәйкес жазылған сөздерді табыңыз. Дәстүрлі принцип бойынша жазылған сөз қайсы?

Намазбек деген қойшы құрдасына қойлардың атынан шығарған әзіл өлеңі осының алдында ғана аудандық газетте басылып, ел аузынан түспей жүр екен. Бір оқығанда жатталып қалған сол өлеңнің басты екі шумағы мынадай:

Бағып жүрген бақташымыз Намазбек,
Естуші едік сауаты мол сабаз деп.
Күн жылына қырықтыққа ап келді,
Қыста көрген қорлықтарың тағы аз деп.

Қыстай бізді семіртті ме күтті ме?
Хайуанбыз ғой, түсінбейміз түкті де.
Жұлма-жұлма жүнімізді қырқып ап,
Тығып-тығып ала салды күпкіге...

Қалаға келген соң ауылға бірден тартпай жағдайымды пайымдап, ел аужайын түю үшін қалада бірер жұма аялдауға тура келді. Халық та осындай әрекетті күтіп отырса керек, қол қоюдан бас тартқан бірде-бір адам болған жоқ.

(Қ. Жұмаділов,
«Таңгажайып дүние»)

а) *мол, бақташымыз, сабаз сөздеріндегі ашық және қысаң дауыстыларға фонетикалық талдау жасаңыз.*

ә) *қосарлы йу және иу дыбыстары сақталған сөздер қатарын айтыңыз.*

32-жаттығу. Я әрпінің емлесін түсіндіріп, сөздерді жазып алып, есте сақтаңыз.

Үрия	тақия	кияда
Зияда	ықтияр	баяндама
Қиятбек	тұяқ	саяхат
Нүрия	құпия	тиянақтау
Ерзия	мұқият	поэзия

а) *жаттығудан кедергісіз шығатын дыбыстарды тауып атаңыз.*

ә) *төмендегі сөздерге қосымша жалғап, сөйлемдер құрастырыңыз.*

Альпинист, повесть, журналист, киловатт.

б) *сөздерге қосымшалар жалғап, ерекшелігін түсіндіріңіздер.*

Циркуль, роль, автомобиль, секретарь.

33-жаттығу. Э, ё әріптерінің қолданылуын, жазылуын есте сақтап, сөйлем құрастырыңыз.

электр	поэзия
этаж	ёлка
элемент	шахтёр
поэма	режиссёр

а) *соңы ы, і дыбыстарына біткен етістіктерге у әрпі жалғанғанда қалай жазылатынын айтып, мысалдар келтіріңіз.*

ә) *мұрын жолды дыбыстармен мысалдар беріңіз.*

34-жаттығу. Ы, і емлесіне сәйкес жазылған сөздерді тауып оқыңыз.

1. Ақыры сол сөз расқа шықты. Біздің бұл ойымызды Мұхтар Әуезовтің мына бір сөзі де растай түседі. 2. Ұйғырлар адамның кәсібіне, не дене бітіміне қарап лақап ат қоюға шебер ғой. 3. Лып етіп орнынан қозғалған машина қақпадан шығып алған соң мәдениет үйінің алдымен жүріп келіп, Ойбазарға бұрылды да, енді қаланы қақ жарып, шығысқа қарай тура салды. 4. Ұмар-жұмар аттан түсіп жатырмыз. Сол-ақ екен, кілең бір риясыз ыстық құшақтарға ендік те кеттік. 5. Достарың риза болса, халық сырт айналмаса болды да. Шын нағрада дос лебізінен артық емес. 6. Сірә, ол «Көкейкесті» романы жайында пікір айтып, хатты соған жауап ретінде жазсам керек.

(Қ. Жұмаділов)

*а) **ы, і** әріптерімен келген сөздердің оқылуын есте сақтаңыз:*

ыс – іс

тыс – тіс

кыс – қыз

тыл – тіл

орын – ерін

тоқым – шөкім

халық – бірік

мұрындық – еріндік

ысқырық – үскірік

*ә) естиді, оқиды сөздеріндегі **и** әрпі қандай дыбыстардың таңбасы?*

35-жаттығу. Ы, і әріптерінің емлесіне сәйкес жазылмаған сөздерді тауып жазыңыз.

Ол орнынан тұрып, тағы да ілгері жылжыды. Жәнібек мылтығын мойнына асып атына мінді де, беткейде жайылып жатқан қойға қарай аяңдады.

Бұтаққа жабысқан ұлпа қарды аңдаусызда қыздардың мойнына түсіріп жіберіп, тура қашқан қандай қызық. Дауысын шығарып, қойын қысыңқырап жылдам айдауға тырысты. Бір кезде сайдың табаны кеңейіп, жол ашық қойнауға шықты. Бір-екі дүркін қай-қайлап дыбыс беріп еді, аузымен шығысымен жел іліп әкетіп, өз даусын өзі әрең естіді. Мойнында мылтығы бар екені әрең есіне түсті.

(Қ. Жұмаділов)

а) мақалдағы **ы/і** әрпі түсіп қалған сөздерді көрсетіңіз.

Алтау ала болса ауыздағы кетеді,
Төртеу түгел болса төбедегі келеді.

Берерменге бесеу көп,
Жетпей жатса жетеу аз.

ә) **ю** әрпінің емлесін еске түсіріп, мысалдар беріңіз.

36-жаттығу. Төмендегі сөздерге у жұрнағын қосып, сөйлем құрап жазыңыз.

қи	азай	мойыма
жи	кейі	үй (шөпті)
қой	байы	шалқай
жой	қампи	үлкей
көбей	қиқай	мойы
	молай	

а) жуан дауысты дыбыстарды атаңыз.

ә) құпыйа, тыйанақты сөздері орфография нормасына сай жазылған ба?

37-жаттығу. Ұ, Ү әріптерінің қолданылуын айтып, сөйлемдер құрастырыңыз.

Күндіз, құлын, үйір, тұнық, күлкі.

а) төмендегі сөздерден қосарлы ыу, іу, ұу, үу дыбыстарын табыңыз.

сұлу, түсу, шабу, келу, жазу, себу, кіру, бурыл, баулу, тоқу, оқу, өру, көру, оқушы, көруші, тоқушы, білуші.

ә) сөздердегі у қандай қосарлы дыбыстардың таңбасы екенін айтып, қатарын толықтырыңыз:

жазу
келу

жу
күлу...

б) а, и, е, э, м, к, ң, ы, н – ауыз жолды дыбыстардан мұрын жолды дыбыстарды ажыратып жазыңыз.

38-жаттығу. Көп нүктенің орнына ұ, ү, ы, і әріптерінің тиістісін қойып жазыңыз.

Жазғ... т...н, т...н...қ ауа, к...зг... салқ...н, б...рс...г...н... жазбақ, мазм...ндама оқ...лд..., ...з...н қ...лақтан есту, балм...здақ жеу, ...рпаққа ...ран ету, т...ңғи...ққа бату, д...ниеж...з...л...к жазғ... олимпиада, т...т...нс...з, к...лс...з көм...р, ата дәст...р, ...ск...р...к аяз, ...зақ ...зіл...с, ...йлес...мд... бояу.

а) берілген сөздердің ортақ фонемаларын тауып, қатарын толықтырыңыз.

Көзілдірік, төзім, өзімшілдік, сөз...

ә) ашық дауысты дыбыстарды атаңыз.

39-жаттығу. И дыбысының емлесіне бағынбай тұрған сөздерді тауып, көшіріп жазыңыз.

1.Тіршілік ризығы үшін табиғат қойнауларында сақталатын қисапсыз байлық жаратты. Адамдар сол ризықты теріп жемей ме? Нәпсіге тыйым салынса, табиғаттың осы байлығы өз өміріне де, ұрпағына да жетер еді ғой.

2. Апам осы жолы сыйлас қайнағасынан сол үйді сұрап алып, бұл мәселені де қапысыз шешті. 3. Әзірге осыда жетер, тіпті көбейіп кететін түрі бар! – деді Шәріп қуанышы қойнына сыймай.

а) мақалдың мағынасын түсіндіріңіз.

Ынсапсыз болсаң, ырысың кетер,
Ынсабың ашыла берсе, басыңа жетер.

40-жаттығу. И әрпі бар сөздерді тауып, емлесін түсіндіріп, көшіріп жазыңыз.

Бір жағы, оқитын балалардың қамы мен биыл қалаға көшетін тірлігінде тындырып қайтпақ. Мұхамедқали Дөрбөлжін ауданына әкім болып ауысқалы, қаладағы қора жайы бос тұратын. Аймақтық оқу бөлімінің алды иінтірескен халық. Ыстық құшақ, қимас жүздер, ақ жол тілек, сермеліп жатқан қолдар. Шаруаға піскен тарамыс қолдарымен басымнан сипап ойлана қарап отырды. Егер оқу қажет болмаса осы жұрттың бәрі сонау ит арқасы қиянға сандалып несі бар?!

а) дөрбөлжін сөзіндегі ерін қатысына қарай дыбыстарға талдау жасаңыз:

ә) итарқасы қиянға – тұрақты тіркестің мағынасын анықтап, қос дауыстылар емлесін айтыңыз.

Ұлы адамдардың ұлағатты сөздерін жадыңызға тоқыңыз.

1. У-дан ащы не бар?

У-дан ащы әдепсіз адамның аузынан шыққан сөз.

2. Жүдемейтін көңіл қандай адамда болмақ?

Жүдемейтін көңіл – әйелі сыйлы адам.

3. Не жаман?

Жақсы әйелдің салақ ері болса, сол жаман.

Жамандық қылсаң пәле күт,

Бәріне де зауал бар.

4. Құт келсе қосақтап келеді.

Бақ келсе бәрі де келеді.

а) ұ, ү, у дыбыстарына сипаттама беріңіз.

*ә) соңы **ы, і** дыбыстарына аяқталған етістіктерге у әрпін жалғап, ерекшелігін түсіндіріңіз.*

41-жаттығу. Ю, я әріптері қандай дыбыстардың орнына қолданып тұрғанын айтып, көшіріп жазыңыз.

Алайда кәсіпкерлікпен баю үшін де заңға үйлескен жолмен жүру керек. Адал еңбекпен айналысуың арқылы халқыңа пайдаң тиюге тиіс.

– Өнеугүні қонжығын ерткен аю көрдім деп едің, сол шығар омартаны торып жүрген, шықпай-ақ қой.

– Араның ұясын қиратып кетеді ғой деп, күпәйкесін киіп, қосауыз мылтықты қолына алды.

– Бүйтіп тобан аяқ болып жатқанша, аюдың қорегіне жарасам арман жоқ. Алтайдың аюы кісі жеп дәндемеген. Араның ұялары ағараңдап орнында тұр, қора жақта тыныштық. «Аюдың келгені анық», – деп ойлады Айна. Түпсіз ойдың тұңғиығына тұншыққан Айна қайтадан бетіне қалқып шыға алмай ұзақ отырды. Көзден де, көңілден де баяғыда қашаңдап кеткен жастық дәурен қыз кезі, бірге өсіп, біте қайнасқан достары, туған-туысқандары еске түсті.

(О. Бөкей,
«Атау – кере»)

а) қи, жи етістіктеріне тұйық етістіктің у жұрнағын жалғап, емлесін айтып, мысалдар келтіріңіз.

*ә) қосарлы **ый, ій** әріптері қай сөздерде жазылады?*

42-жаттығу. И емлесіне бағынбай тұрған сөздерді теріп оқыңыз.

Елім барда

Не сыйлайды, не береді келер күн?!
Неде болса тірі тұрсам көрермін.
Желідегі құлынымын мен елдің,
Көгендегі қозысымын мен елдің.

Дәнеңе де сыйламасын келер күн,
Сый көрмей-ақ суалармын, сөнермін.
Туған елім тұғырында тұрса екен,
Әрі қарай... Әрі қарай көрермін...

(М. Мақатаев)

а) и дыбысына біткен етістікке у жұрнағын жалғап, мысалдар арқылы қандай әріпке өзгеретінін айтыңыз.

ә) байиды, кейиді, ұйиды сөздердің түбірін анықтап, емлесін еске түсіріңіз.

43-жаттығу: Басқа тілден енген сөздерді тауып, жаттығуды орындаңыз.

1. Босаға жақ бұрышқа арзанқолды биік шкаф қойылған. Орта тұсында Сәкен Сейфуллиннің портреті ілінген. Қарсы беттегі оң жақ қабырғаның жартысынан астамын алып, қоңыр жамылғы жабылған темір кереует, оның аяқ жағында бірер көне чемодан тұр. Үйдегі бар мүлік осы. 2. Мектепке бардым, пионер галстугін тақтым. 3. Алматыда оқыған кездегі студенттік өмірім жайлы талай хикаяны өзіңе айтқанмын. Онан кейін Ленинградтағы орман шаруашылығы институтында оқығанымнан да хабардарсың. 4. Жолға деп алып шыққан екі бөлке наны, қант-майы бар Ақжан вокзалға келді. Вокзал маңы ығы-жығы. Поезд жүруге әлі бір сағаттай уақыт бар.

(Сәбит Досанов,
«Жылдың он үшінші айы»)

а) баянсыздығын – әріп пен дыбыс санының айырмашылығын айтыңыз.

ә) қария сөзінде неше әріп бар екенін айтып, фонетикалық талдау жасаңыз.

44-жаттығу. Тый, сый түбірінен тараған сөздерді еске сақтап, сөйлем құрастырыңыз.

сый-құрмет	сый-сияпат
сый-қошемет	тыйғыз
сыйлау	тыйылдыр
сыйластық	тыйымсыздық

45-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқып, мағынасын түсіндіріңіз.

Ана тілім – бәрін сөйлер шежірем,
Тілсіз нені білдіре алам, не білем?!
Тілім барда ғана мынау ғаламның
Кілтін табар саналысы сезінем.
О, адамдар, қадіріне жетіңдер,
Ана тілің – анаң, сыйлап өтіңдер.

(Газеттен)

а) дауысты дыбыстарға фонетикалық талдау жасаңыз.

ә) тіл, сөз туралы үш-төрт мақал ойлап жазыңыз.

Дауысты дыбыстарға фонетикалық талдаудың үлгісі:

- а** – жуан, езулік, ашық дауысты;
- ә** – жіңішке езулік, ашық дауысты;
- о** – жуан, еріндік, ашық дауысты;
- ө** – жіңішке, еріндік, ашық дауысты;
- е** – жіңішке, езулік, ашық дауысты;
- ұ** – жуан, еріндік, қысаң дауысты;
- ү** – жіңішке, еріндік, қысаң дауысты;
- ы** – жуан, езулік, қысаң дауысты;
- і** – жіңішке, езулік, қысаң дауысты;
- у** – жуан да, жіңішке де, еріндік, қысаң дауысты;
- и** – жуан да, жіңішке де, езулік, қысаң дауысты.

а) Тәуелсіздік – тәу етер жалғыз кие.

(Ө. Кекілбаев)

ә) берілген үлгі бойынша дауысты дыбыстарға фонетикалық талдау жасаңыз.

Тест тапсырмалары

1-нұсқа

1. Әрі жуан, әрі қысаң дауысты дыбысты анықтаңыз.

- А) ы
- Ә) ө
- Б) ү
- В) о
- Г) а

2. Бірыңғай еріндікті сөзді анықтаңыз.

- А) айтыс
- Ә) литр
- Б) көкөніс
- В) білімді
- Г) сөну

3. Қысаң дауысты дыбыстар қатарын көрсетіңіз.

- А) а, ә, о, і
- Ә) ы, і, ұ, ү, и, у
- Б) ә, о, у, ә, е
- В) о, ұ, ә, ы, і
- Г) у, ү, ә, ы, ө

4. Дыбыс саны мен әріп санында айырмашылығы бар сөзді белгілеңіз.

- А) Тараз
- Ә) Алматы
- Б) Донбасс
- В) Ертіс
- Г) съезд

5. Бірыңғай қысаң дауыстылардан болған сөзді көрсетіңіз.

- А) бала
- Ә) ана
- Б) немере
- В) шөпшек
- Г) іні

6. Тек жіңішке буындардан тұратын сөзді табыңыз.

- А) ауылдық
- Ә) қалампыр
- Б) тыңдаушы

- В) кеншілер
- Г) жайлау

7. Жуан буынды сөзді табыңыз.

- А) көгершін
- Ә) қарлығаш
- Б) көбелек
- В) шөптесін
- Г) көкпеңбек

8. Ашық дауыстыларды табыңыз.

- А) о, и, у, і, а
- Ә) а, ә, е, о, ө, э
- Б) о, у, и, і, к
- В) л, м, о, у, и
- Г) а, ә, ғ, з, е

9. Езулік дауыстылар қатарын табыңыз.

- А) а, о, у, ү, и
- Ә) а, ә, ы, і, и, е, э
- Б) о, у, ө, и, і
- В) в, г, ғ, и, і
- Г) а, ә, ө, у, қ

10. Қай дауысты дыбыс ашық, жуан, езулікке жатады?

- А) а
- Ә) ү
- Б) і
- В) у
- Г) и

11. Қысан дауыстылары бар сөзді көрсетіңіз.

- А) Рабия
- Ә) немере
- Б) шөбере
- В) Ыдырыс
- Е) ілгек

12. Еріндік дауыстылары бар сөзді көрсетіңіз.

- А) үйрен, үйлен
- Ә) өну, сену
- Б) үккіш, ұшқыш
- В) егу, үгу
- Г) ұшу, өну

13. Еріндік және езулік араласқан сөзді табыңыз.

- А) күн, күн
- Ә) ұшқын, күндіз
- Б) ымдау, інде
- В) ыстық, істік
- Г) жұлдыз, ырыс

14. «Ә» қандай дыбыс?

- А) жіңішке, ашық
- Ә) ашық, еріндік
- Б) жуан, езулік
- В) жіңішке, еріндік
- Г) жіңішке, қысаң

15. Жіңішкелік белгісі бар сөзге қосымшаның дұрыс жалғанған түрін көрсетіңіз.

- А) фестивалы
- Ә) фестивалдан
- Б) фестивалынен
- В) фестивалыге
- Г) фестивалі

16. Сөйлемдегі ұ қандай дауысты дыбыс?

Ұлылардың бәрі де ұстаздардан оқып шыққандар.

- А) жуан, қысаң, езулік дауысты дыбыс
- Ә) жіңішке, езулік, ашық, дауысты дыбыс
- Б) ашық, жіңішке, езулік, дауысты дыбыс
- В) жуан, еріндік, қысаң, дауысты дыбыс
- Г) жуан, езулік, ашық дауысты дыбыс

17. Дауысты дыбыстар қатарын анықтаңыз.

- А) б, г, ә, ж
- Ә) х, к, ө, ә
- Б) ә, қ, ғ, о
- В) а, ә, о, у, е
- Г) ұ, б, ө, з

18. Ү дыбысы жазылатын сөзді көрсетіңіз.

- А) мазм...нды өм...р
- Ә) н...сер жауын
- Б) ж...лдызды аспан
- В) с...ңгір қайық
- Г) ...қыпты бала

19. Жуан, ашық, езулік, дауыстысы бар сөзді анықтаңыз.

- А) жайлау
- Ә) алауыз
- Б) көрші
- В) мұрын
- Г) балалар

20. І дыбысы қай сөзде жазылады?

- А) қың...р
- Ә) үңг...р
- Б) көрк...м
- В) мұқ...ят
- Г) маус...м

2-нұсқа

1. Қате жазылған сөзді табыңыз.

- А) кейуана
- Ә) сыйымды
- Б) тыйылдыр
- В) Миуа
- Г) жыйналыс

2. Дұрыс жазылған сөзді табыңыз.

- А) кейінды
- Ә) байыйды
- Б) жыйнайды
- В) силайды
- Г) іриді

3. Бірыңғай жуан дауыстылар тұрған сөзді көрсетіңіз.

- А) бірыңғай
- Ә) қазіргі
- Б) кітапхана
- В) бірсыпыра
- Г) тыңдаушы

4. Бірыңғай жінішке дауыстылар тұрған сөзді көрсетіңіз.

- А) мағлұмат
- Ә) құдірет
- Б) көкбауыр
- В) көнетоз
- Г) көзілдірік

5. «А» әрпінің емлесіне байланысты сөздің дұрысын көрсетіңіз.

- А) даукес
- Ә) шәй
- Б) жәяу
- В) жәйсіз
- Г) шәршап

6. Қайсысы езулік дауыстыларға жатады?

- А) о, ә, и, і...
- Ә) ә, е, у, ө...
- Б) а, ә, е, ә...
- В) а, о, и, ү...
- Г) а, ә, і, у...

7. Қысаң дауыстылар қатарын анықтаңыз.

- А) ы, і, ұ, ү, у, и
- Ә) а, е, и, ә, у, о
- Б) ә, и, у, і, ө, у
- В) и, о, ө, и, е, ә
- Г) ұ, и, а, е, о, ә

8. Қай дауысты дыбыс ашық езулікке жатады?

- А) а
- Ә) у
- Б) и
- В) і
- Г) о

9. Езулік, ашық, жуан дауыстысы бар сөзді анықтаңыз.

- А) жайлау
- Ә) алауыз
- Б) көрші
- В) мұрын
- Г) балалар

10. «Ә» дыбысы қай сөзде жазылғанын көрсетіңіз.

- А) ш...йдай ашық
- Ә) ж...стық шақ
- Б) с...мғау биік
- В) ж...йбарақат отыру
- Г) Қали...кпар қарт

11. «О» дыбысы қай сөзде жазылған?

- А) м...ншақ
- Ә) м...нтаздай
- Б) н...сер
- В) б...лғаң
- Г) с...зшең

12. «Ө» дыбысы қай сөзде жазылған?

- А) б...лжалдау
- Ә) қ...лғабыс
- Б) к...нетоз
- В) ж...лсерік
- Г) ж...ңышқа

13. «Ұ» дыбысы жазылған сөз қайсы?

- А) мақ...лдау
- Ә) бүрсіг...ні
- Б) к...лкішіл
- В) ж...зім
- Г) мәжб...р

14. «У» дыбысы қай сөзде жазылған?

- А) Н...ржамал
- Ә) ...стахана
- Б) ...ылдырық
- В) ...немдірек
- Г) к...міс

15. «Ы» дыбысы қай сөзде жазылған?

- А) алт...у
- Ә) қайтар...у
- Б) қор...қак
- В) тақ...я
- Г) ор...нд...к

16. «І» дыбысы қай сөзде жазылған?

- А) қың...р
- Ә) үңгі...р
- Б) көрк...м
- В) м...қият
- Г) маус...м

17. «И» дыбысы қай сөзде жазылған?

- А) т...ныштық
- Ә) ір...мшік
- Б) ба...ю

- В) р...зы
- Г) тақ...я

18. Тәуелденсе түбірдегі ы, і әріптері түсірілмейтін сөзді табыңыз.

- А) баланың (бөрік)
- Ә) әлемнің (халық)
- Б) даланың (көрік)
- В) ұстаның (көрік)
- Г) адамның (мойын)

19. Бірыңғай жуан дауыстылары бар сөзді ажыратыңыз.

- А) күрескер
- Ә) жолбарыс
- Б) сын
- В) бүркіт
- Г) төрелік

20. Еріндік дауыстыларды атаңыз.

- А) а, е, ө
- Ә) о, ө, у
- Б) ә, ө, и
- В) ғ, д, ж
- Г) ы, и, ә

3. Дауыссыз дыбыстар

Дауыссыз дыбыстар: *б, в, г, ғ, д, ж, з, и, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, ф, х, ц, ч, ш, щ, һ, (у).*

1. Дауыстың (салдардың) қатысына қарай:

1. Қатаң	п, ф, т, с, ш, щ, к, қ, х, ц, ч
2. Ұяң	б, в, г, ғ, д, ж, з, һ
3. Үнді	1. Мұрын жолды м, н, ң
	2. Ауыз жолды л, р, й, у

2. Жасалу орнына қарай:

1. Ерін	1. Еріндік	п, б, м, у
	2. Ерін мен тіс	ф, в
2. Тіл	1. Тіл алды, ұшы	т, у, с, з, ш, ж, ц, ч, н, р, л,
	2. Тіл ортасы	й, қ, ғ
	3. Тіл арты	қ, ғ, ң, х
3. Көмей	һ	

3. Айтылу жолына қарай:

1. Шұғыл	п, б, т, д, к, ғ, қ, ц, ч, м, н, ң
2. Ызың	ф, в, з, с, ж, ш, х, ғ, һ, л, й, у
3. Діріл	р

1-жаттығу. Өлең қандай тақырыпты жырлағанын анықтап, дауыссыз дыбыстарға фонетикалық талдау жасаңыз.

Төрт ана

Тағдырынды тамырсыздық індетінен қалқала
Өр адамда өз анасынан басқа да
Жебеп тұрар, демеп тұрар арқада
Болу керек құдіретті төрт ана:

Туған жері – түп қазығы, айбыны,
Туған дәстүр, салт-санасы – тірегі,
Қадамына шуақ шашар үнемі,
Және туған тарихы, еске алуға қаншама,
Ауыр әрі қасіретті болса да,
Төрт анаға әнін жалғай алмаған
Пенделердің басы қайда қалмаған?

Төрт анасын қорғамаған халықтың
Ешқашан да бақ жұлдызы жанбаған.
Қасиетті бұл төрт ана – тағдырыңның тынысы,
Төрт ана үшін болған күрес – күрестердің ұлысы!

(Мұхтар Шаханов)

2-жаттығу. Құрамында қ, к, ғ, г дауыссыздары қандай дауыстылармен тіркесіп келгенін айтыңыз.

Таудағы күз

Тау іші. Ұшқан құс, жүгірген аңнан басқа тіршілік білінбейді. Жаз жәрменкесі тарқап, таулы өлкеге қоңыр күз қонақтаған. Жапырақтар сарғайып, өсімдік атаулы күзгі ызғырық желге елбеңдей бас ұрып, тәубеге келген сопыдай күбірлейді. Тек қия жартастарды жарып шыққан қайсар қарағайлар ғана өңін бермей, тәкаппар басын тік ұстап, көкке шаншыла қарап тұр. Сай-саладан құлай ағып жатқан көк қасқа бұлақтар жаздағыдай шу салып, асып-таспай салқын сабырмен жуасып қана сырғиды.

(Қ. Жұмаділов)

а) қарағайлар – ауыз жолды дауыссыздарды көрсетіңіз.

ә) көмей дауыссызы бар сөздер ойлап жазыңыз.

3-жаттығу. Өлең жолдарынан дауыссыз дыбыстарға талдау жасаңыз.

Менің тілім

Менің тілім – қалған мұра сақтардан,
Сан ғасырдың сарайында сақталған.
Менің тілім – құдіретті ғұн тілі,
Сарматтардың санасында жатталған.
Менің тілім – Түркістанның тұғыры,
Мәңгі өшпейтін тұлпарлардың дүбірі.
Мен барымда, сен барыңда, бауырым,
Ана тілдің ұзақ болсын ғұмыры!

*(Серікбай Қосан,
«Жүрегімде жүз өлең»)*

а) ұяң дауыссыздары бар сөздермен мысалдар келтіріңіз.

ә) «Менің тілім – құдіретті ғұн тілі» мұрын жолды дауыссыздарды көрсетіңіз.

4-жаттығу. Қарамен жазылған сөздердегі дыбыстарға фонетикалық талдау жасаңыз.

Кітап дегеніміз алдыңғы ұрпақтың артқы **ұрпаққа** арнап қалдырған **рухани** өсиеті, қаусаған қарттың өмір есігін жаңа ашқан жасқа өлер алдында айтқан ақылы, тынығуға кеткен **сақшының** өз орнына келген сақшыға берген бұйрығы болып табылады.

(А.И. Герцен)

а) дауыссыздарға фонетикалық талдау жасаңыз.

Жаратқанның кемелдігі кітапта,
Таланттардың тереңдігі кітапта.

Ғарыш жақтың ғаламаты кітапта,
Адамзаттың аманаты кітапта...

(К. Ахметова)

ә) қазақ тілінің төл сөздерінде қандай дауыссыз дыбыстар сөздің аяғында келмейтінін айтып, мысалдар келтіріңіз.

б) б, в, г, д – дауыссыздары бар сөздермен сөйлем құрастырыңыз.

5-жаттығу. Қатаң дауыссыз дыбыстары бар сөздерді теріп, фонетикалық талдау жасаңыз.

Алматы сағынуға тұратын қала. Бүкіл көшелерінде ізіміз сайрап жатыр. О шеті мен бұ шетін жаяу аралап жүріп пәтер іздеген қазақтың біріміз. Барлық көшесі таныс, бейнесі ыстық. Өткенімізді еске салады. Оның үстіне жауһар шаһарымыз жылдан-жылға жарқырап келе жатыр. Алматыда өмір сүру ғажап қой, десек те біз жаз шыға Жамбыл жаққа барамыз. Ыстық күнге қыздырынып, ыстық құмды табанымызбен басу үшін, туған топырағым ауыл жаққа барамын.

(К. Ахметова,
«Ана тілі газеті»)

а) жасалу орнына қарай еріндік дауыссыздарын атаңыз.

ә) жауһар шаһарымыз сөздеріндегі көмей дауыссыздарын анықтаңыз.

6-жаттығу. Көп нүктенің орнына д, т дауыссыздарын қойып жазыңыз.

...үзу сызық, ...аңқты мереке, ...аңғыл жол, қатені ...үзету, есіктің ...ұтқасы, ...опты тебу, бір ...оп жылқы, ...ақ түсіпті, ...ақ сан, ...аулы мәселе, ...аулы жер, шелек ...олы, жапан ...алада, су ...іірмен, ...ізе бұғу.

а) «съезд, факультет» сөздеріне фонетикалық талдау жасаңыз, дыбыс пен әріп айырмашылығын түсіндіріңіз.

ә) жасалу орнына қарай ерін мен тіс дауыссызы бар сөздер тауып жазыңыз.

7-жаттығу. Мәтіннен әр сөздің құрамындағы дауыссыз дыбыстардың санын сол сөзден соң жақшаның ішінде көрсетіңіз.

Үлгі: Еркін (3).

Біз, Еркін, Мұқағали бәріміз бас қосып, бірнеше күн бірге жүрдік. Қарасазға да қыдырып бардық. Мұқағали мектеп бітіре сала, тым ерте үйленген екен, әйелі сол ауылда мұғалім көрінеді. Үй-ішін әуре қылмайын деді ме, бізді колхоз орталығындағы шағын асханаға апарып, сый-сияпат жасады. Сол асханада отырғанда, Мұқағали: «Осы ауылдың бір шалы шығарыпты», – деп бір ауыз өлең айтқаны есімде:

Аулымызда ашылды сталабай,
Тамағының дәмі жоқ қызталақ-ай!
Бес жылдықты төрт жылда орындамақ,
Шіркіннің жұмысының қысталаңы-ай!

(Қ. Жұмаділов)

а) қысқа **й** қандай жағдайларда жазылады?

ә) **х, ы** әріптері қандай сөздерде жазылады, мысалдар беріңіз.

б) **н** мен **нд** қандай сөздерде жазылады, мысалдар беріңіз.

8-жаттығу. **Ф, ц, ч** әріптері қандай сөздерде жазылады? Осы әріптері бар сөздерді көшіріп жазып, емлесін есте сақтаңыз.

1. Газетімізде екі айдан бері «Емен-дағы құласа бетеге екен, дара туған тұлға да өтеді екен» деген атаумен академик жазушы Зейнолла Қабдоловтың зайыбы Сәуле Қабдолованың күнделігі жарияланып келе жатқаны оқырманға белгілі. Бұл мақаланы оқып қатты тебіренген Сәуле апай редакциямызға телефон шалып, ризашылығын білдірді.

2. «Бұл менің ғана жеңісім емес, халқымның да жеңісі», – деді мақтанышпен Бейжің олимпиада ойындарының чемпионы Бақыт Сәрсекбаев.

(«Ана тілі» газеті)

*а) **ф, в** қандай дауыссыздар екенін айтыңыз.*

*ә) **ш** дыбысы бар сөздермен мақал ойлап жазыңыз.*

б) «Хиуа» сөзінің жазылуын еске сақтап, емлесін айтып беріңіз.

9-жаттығу. Сөйлемдердегі басқа тілден енген сөздердің түбірі мен қосымшасын ажыратып, емлесін түсіндіріңіз.

1. Лифтіден шыға-ақ сәби жүзі өзгеріп сала берді. 2. Мен госпитальға түскен күннен бастап елден, үйден ештеңені жасырғаным жоқ. 3. Мына «Батырлығы үшін» медалін не үшін алып едің, інішек? Менің өзімнің бір взводты асырарлық күшім бар, жолдас полковник.
(Ә. Нұршайықов).

1. Металдардың магниттік қасиеттері де түрліше. Бескөл құрастырмалы темір бетон цехы және басқа кәсіпорындар пайда болды. 2. Инженер әдейі тапсырмамен Донбасста болып, алып шахталарын тексеріп, біздің шахтаның проектісін жасаған
(С. Ерубаяев).

а) төмендегі сөздерге қосымша жалғап, сөйлемдер құрастырыңыз.

металл, Кузбасс, киоск, педагог, съезд, киловатт, подъезд, повесть, альбом, грамм, журналист, роль, циркуль, фестиваль.

ә) «ірі, ері» дауыссыз дыбысқа айтылу жолына қарай сипаттама беріңіз.

10-жаттығу. Ң дыбысының жазылу емлесін есіңізге түсіріп, жаттығуды көшіріп жазыңыз.

Ң-сыз сөйлейтін кімсіз?!

Қазақ «р»-ға тілі келмейтінді «сақау» деуші еді. Әрине, ол құдайдың ісі ғой. Ендеше, мемлекеттік тілді менсінбей, әдейі тілін шайнап сөйлейтін ң-сыз мұңсыздарды «мақау» деп қоя саламыз ба?

Қазақ баласы «інгәләп» туады, өмірге інкәр болады, ыңылдап әндете бастайды, дүниеге тандана қарайды, ыңғайлы кәсіппен айналысады, сұңқар баптап аңға салады, қалың беріп, келін алады, бір-біріне жеңіс тілеп, «оң болсын» айтады.

(С. Қосан,
«Ана тілі» газеті)

а) төл дыбыстарды атап, фонетикалық талдау жасаңыз.

ә) жасалу орнына қарай дауыссыздар нешеге бөлінеді?

11-жаттығу. Ұяң дауыссыздарын атаңыз.

Билер айтқан екен...

Өзіңіз қосқан жекетші,
Біздің елде жүз бай бар.
Аң-таң болып қалады,
Айтайын десең ұрады.

(Жанкісі би)

Ақыл кені

Жақындатпа өсекшіні, жырынды,
Көріп-біліп елге жаяр сырынды.

(Жүсіп Баласағұни)

Басқа адамдардың айтқан пікірін иемденіп кету – надандық болар еді, мұның өзі арам адамға лайық қылық болар еді.

(Әл-Фараби)

а) р, л, й, у қандай дауыссыздар?

ә) айтылу жолына қарай дауыссыздар нешеге бөлінеді?

б) й, к, г жасалу орнына қарай қандай дауыссыздар екенін айтыңыз.

12-жаттығу. Ұяң және үнді дауыссыздары бар сөздерді тауып, жаттығуды көшіріп жазыңыз.

Ұзақ жолдағы ат үсті жүріспен шаршап келіп қонған үйінде ұйқылы-ояу демалып жатқан Абайды, желсіз түнді жаңғыртқан әйел даусы оятады.

– Мына нәзік дауыс дәл Тоғжанның даусы ғой. Әлде Тоғжан келген бе, бұл ауылға, – деді таңырқаған Абай жолдасы Ерболға: – Мына түнгі тұнық әуені жаңғыртып шырқалған нәзік дауысты естіп жатырсың ба? Әй, бұл керім әнші ғой өзі. Кім болса да ұғысып көрші, өзің, – деп өтінеді. Абайдың өтінішін бұлжытпай орындауға әдеттенген елпек жігіт Ербол сыртқа шығады да, әнші қыздарды еркіне қоймай үйге ертіп келеді.

– Абай аға, міне, әнші қыздар келді, – дейді Ербол.

Қыздардың сыпайы сәлемін ықыласпен қабылдаған Абай жөн сұрасудан бұрын әнші даусын мақтап, сол дауысты естігісі келеді де, соны аңсап отырғанын айтады.

*(Ғалым Нөкішұлы,
«Парасатты ой толғау»)*

а) «Жаңғыртқан» – айтылу жолына қарай ызың, шұғыл, діріл дауыссыздарын ажыратып айтыңыз.

ә) һ жасалу орнына қарай қандай дауыссыз?

13-жаттығу. Үнді дауыссыздары бар сөздерді теріп, фонетикалық талдау жасаңыз.

1. Бүгін жұма екені есіме түсіп, нан илеп, шелпек пісіруге кірістім. Апам марқұмға және түсімде көрген апаларыма тие берсін

деп бетімді сипадым. Нан пісіре жүріп неліктен бұл түсті көрдім деп ойландым. 2. Кеше кешкі асты ішіп болған соң, балконға шыққанымда, ағаштардың басы қозғалып, жел тұратын белгі беріп тұр екен. Бөлмеге кіріп, жел соққалы тұрғанын сездім де, «Қордай соққалы тұр» дедім күліп. Қордайлықтар тау жақтан соққан желді «қордай» дейді. 3. Апамның айтқан әңгімелері туралы сөйлесіп біраз отырдық. 4. Алматыға қарай жол жүргенде оң жағында қалатын төбенің артында «Мыңжасар сарайы» деп аталатын аталарымыздың жері орналасқан.

(«Ана тілі» газеті)

а) дауысты дыбыстардан дауыссыз дыбыстардың айырмашылығын айтып, фонетикалық талдау жасаңыз.

ә) м, н, ң қандай дауыссыздар?

14-жаттығу. Сөздердегі жасалу орнына қарай ерін дауыссыздары бар сөздерді теріп жазыңыз.

Даналық әлемінде

Мөңке би айтқан екен...

Болашақта заман қиын болады,
Пайдасыз жиі жиын болады.
Мал пұл болады,
Әйел би болады,
Адамдар арқаланып жүреді,
Жерді қара қытай қаптайды,
Қарап тұрған жігітке қыз артылар,
Мезгілсіз жер қуарып су тартылар.

Бір кісілік ғұмырым,
Мың кісілік мұным бар,
Сендім саған тәңірім,
Сенен басқа кімім бар?

(Серікбай Қосан)

а) асты сызылған сөздегі дауыссыздарға талдау жасаңыз.

ә) айтылу жолына қарай діріл дауыссыздары бар сөздерді көрсетіңіз.

б) «атамекендегі алғашқы әсер» атты шағын әңгіме жазыңыз.

в) жазылған әңгімеден дауыссыз дыбыстарға талдау жасаңыз.

15-жаттығу. Сөйлемдердегі дауыссыз дыбыстарға фонетикалық талдау жасаңыз.

Дәуітбектің класында қырыққа жуық бала бар екен. Бәрі де Шәуешек ауданының түкпір-түкпірінен келгендер. Өрдегі Абдыра Ащылыдан, ойдағы Еміл, Саржиек Ергеітіден келген балалар да бар екен. Мұнда қаланың өз баласы неге аз десем, олардың көбі үйлеріне жақын ұйғыр, татар мектептерінде оқитын көрінеді. Кластағы оқушылардың жас мөлшері де әркелкі. Класс жетекшіміз Дәуітбек мұғалім маған да бір бума кітап әкеп берді. Менің ауылда жыр-дастандар жаттаймын деп жүріп, латын, славян жазуларын біліп болғанымның пайдасы осы арада тиді. Оқулықтарды мүдіріссіз оқып кетем. Кітаптан күндіз-түні бас алмай жүріп басқалардың бір ай бойы оқығанын мен бірер аптаның ішінде оқып теңеліп алдым. Әсілі, озатпыз деген оқушылар ұғымсыз, жалқауларға рақмет айтуы керек. Өйткені озаттар сол шабандардың арқасында ғана суырылып алға шығады. Менің ендігі назарым – Әсен, Мақсұтқали, Қажымұрат, Пішан секілді озаттарда.

(Қ. Жұмаділов)

а) жасалу жолына қарай дауыссыздар нешеге бөлінетінін айтыңыз.

ә) шәуешек – айтылу жолына қарай дауыссыздарға талдау жасаңыз.

16-жаттығу. Орыс тілінен енген сөздерге қосымша жалғану ерекшелігін түсіндіріңіз.

1. Халық жиналып болғасын майданға аттанушыларды шығарып салуға арналған митингі болды. Митингіден соң әркім өзіне тиісті

вагонның алдына келіп, поездға отыруға әзірленді. 2. Парктің қарсы бетінде үш қабатты ғимарат тұр екен. 3. Бұл Құпияның ол елге екінші рет баруы. Алғаш рет жастар мен студенттердің бүкіл дүниежүзілік фестиваліне қатысқан.

4. Тағы бір ұтатын жерім – лекцияда келтірілген фактілерді өзгертіп отырамын. 5. Үйдің төбесі қоңыр қаңылтырмен немесе ақ шифермен қоянжондана жабылған, іргетасы цемент. 6. Кинодан шыққан соң, үшеуі Абай көшесінің бойымен жаяу жүріп, Коммунистік проспектісімен төмен түсті. 7. Адъютант гвардиялық корпус штабынан құпия пакетпен байланысшы офицердің келіп тұрғанын баяндады.

*(Сәбит Досанов,
«Жылдың он үшінші айы»)*

а) Мақалдардан қатаң дауыссыздарды теріп жазыңыз.

Алыстағы досыңа ат берсең де жарасар,
Үйіне мініп барсын деп.
Жақындағы досыңа хат берсең де жарасар,
Ұмытса есіне алсын деп.

(Халық мақалы)

ә) қ, з, ң, х – жасалу орнына қарай қандай дауыссыздар екенін айтыңыз.

б) жасалу орнына қарай ерін дауыссыздары нешеге бөлінеді?

17-жаттығу. Жаттығудан ерін дауыссыздары бар сөздерді тауып жазыңыз.

1. Бұған дейін мен де өмірде сіздей атамның барын білмеуші едім. Білетінмін, бірақ бар-жоғыңыздан мүлдем бейхабар едім. 2. Мүмкін сенерсіз, мүмкін сенбессіз мен сіздің немереңізбін. 3. Бізге жалт қарағанда, байқадым сақалы қаулап өсіп кеткен. 4. Мұрат екеуіміз санап әуре болдық. 5. Осындай ырду-дырдумен жүріп, жаңа жыл мерекесін де шығарып салдық. 6. Рамазан, Несіпбай секілді тәуір оқитын студенттер бізге тілмәш болып аударып отырады. 7. Мен елге биыл бара алмайтын себебімді айтып үйге хат жазып

жібердім де, Мәскеу сапарына дайындала бастадым. 8. Еті ауыр кірпияз адамға бұл жүрістер оңай тиген жоқ. Шалғай ауылдардағы мазасыз күндер жазушының денсаулығына кері әсер етпей қойған жоқ, ауруға шалдықтырды. 9. Осыдан кейін көп бөгелгеніміз жоқ жазушы ағаларымызға аман-саулық тілеп, қош айтыстық та, қайтуға бет алдық.

(О. Бөкей)

*а) дауыстың қатысына қарай (салдырдың) **м, н, ң** дауыссыздары қалай аталады?*

ә) сөз басында келмейтін дауыссыздарды атаңыз.

б) [h] дауыссызы бар сөзбен мақал ойлап жазыңыз.

18-жаттығу. Сөйлемді көшіріп, үнді дауыссыздары бар сөздердің астын сызыңыз.

Мұндағылардың мынадай мағынасыз ырың-жырыңға жыл бойы қалай шыдап жүргендері белгісіз, бүгінгі жиналыстың өзі-ақ менің басымды айналдырып жіберді. Дүниеден түңілгендей құлазыған бір күйде ешкімге бұрылмастан жатақханаға қайтып келе жатқанмын. Кенет әлдекім арт жақтан дыбыс бергенге қарасам, өзіммен бірге бір бөлмеде жататын Шарафиден Омар екен. Жаңағы жиналыс оған да оңай тимесе керек, еңсесі түсіп қабағы салбырап кетіпті. Екі көзі боталап тұратын, қызылшырайлы, әдемі жігіттің өңінде қазір бір тамшы қан, ызамен сұрланып алған. Жатақхананың сырт жағында сылдырап ағып жатқан жіңішке бұлақ бар тұғын. Екеуіміз соның жағасындағы көкмайсаға келіп жайғастық. Шарафиденнің қан қысымы кетті ме екен, салқын сумен беті-қолын жуып, аз-кем отырған соң ғана қалпына келді. Ашу қысқан азаматпен дәл қазір сөйлесудің қиын боларын сездім де, әңгімені одан әрі созбадым. Бұл кезде жаздың ұзақ күні еңкейіп, теректердің далдасына түсіп кеткенді. Екеуіміз енді қарынның қамын ойлап асханаға қарай бет алдық.

(Қ. Жұмаділов)

а) Шарафиден сөзіндегі дауыссыз дыбыстарға талдау жасаңыз.

ә) қысқа й дыбысының жазылу емлесін айтыңыз.

б) йод, тыйым, кино, ай й әрпінің емлесін түсіндіріңіз.

в) д, т дыбыстарының тиістісін қойып жазыңыз.

1. Бетіне ...ақ түсіпті. 2. Онға жетіні қоссаң ...ақ сан шығады. 3. Бір ...оп бала ала ...опты ...еуіп жүр. 4. Құшағы гүлге ...олы. 5. Ышқынған ...олы боран.

6. ...аңғыл жол көрінді. 7. ...аңғы самал соғып ...ұр. 8. ...әулет ...ойбы ойнап отыр. 9. ...аудағылар қымызға ...ойды. 10. Қымызыңды ...ауысып іш.

а) грамм, Донбасс сөздеріне қосымша жалғап жазыңыз.

ә) ң әрпінің жазылу емлесін еске түсіріңіз.

б) жазылған әңгімеден дауыссыз дыбыстарға фонетикалық талдау жасаңыз.

19-жаттығу. Төмендегі сөйлемдерден ұяң дауыссыздарды тауып көшіріп жазыңыз.

Мен бұл жолы оның ойын бөлмей, айтар сөзіне құлақ қойып, үнсіз отыра бердім. Жаңағы Әбдішкүр – менің бірге оқыған, жан аямас досым, – деді Шарафиден. Адалдығында шек жоқ, бар өмірін ғылымға арнаған, нағыз ғұлама, өз халқын сүйген азамат сондай-ақ болар. Бірақ жаңа көрдің ғой, сол үшін жерлестерінің қандай сыбаға тартқанын! Көрінгені келіп көз шұкиды, жаттап алған бірдеңелерін айтып, өнештері жыртылғанша айқайлайды. Жаңа жағдайға бірден бейімделіп, тез игерген – арамыздағы белсенділер. Жаңа ортаға келісімен айдынға жіберген балықтай ойнақ салып, бірден жүзе жөнелді. Әсіресе біздің Жұлдызайдың есіргенін байқадың ба: көз әйнегі жарқылдап, күлкісі түзеліп, бейне қайындап келген жігіттей, қылаң ұрып жүр. Ондай белсенділер біздің оқығандардың арасында

да бар көрінеді. Тұрдыақын, Әбіләкім, Әбдікерім дегендер өздерінше тізе қосып топ құрды. Біздің ендігі тағдырымыз осылардың қолында.

Әлдебір хатшы әйелден жөн сұраған болып едім, жазушылардың бәрі жиналыста отырғанын айтты.

Ол ағаларымыздың екеуі де Қажығұмарға қарыздар. Қажекен жұрт назарын өзіне аударып әкетті де басқалар қаға беріс қала берді.

(Қ. Жұмаділов)

а) жуа, ауа у – әрпінің емлесін түсіндіріңіз.

ә) «дефис, повесть» сөздеріндегі ерін мен тіс дауыссыздарын атаңыз.

б) қатаңнан басталып, қатаңға аяқталатын бірнеше сөз тауып жазыңыз.

20-жааттығу. Үнді дауыссыздарды теріп талдаңыз.

Адасқан армандар-ай

Адамдар-ай сендерге таңданамын,
Өз мініңді өлсең де аңдамадың.
Күліп-ойнап жүрсең де күнде бірге,
Бесенеден белгілі алдамағың...

Адамдар-ай адасқан армандар-ай,
Тірлік үшін жыртылды жағаң талай
Сырыңды айтып, сыйласып жүргенменен,
Сырт айнала бықсисың қоламтадай.

*(Серікбай Қосан,
«Жүрегімде жүз өлең»)*

а) үнді дауыссыздары нешеге бөлінеді?

ә) й, к, г қандай дауыссыздар екенін айтыңыз.

21-жаттығу. П, ф әріптерінің тиістісін қойып жазыңыз.

Де...ис, ко...е, Мұза...ар, ди...тонг, ...абрика, Ха...из, геогра...ия,
...изика, ...утболшы, тәка... ..ар, кір...ияз, чем...ион, ...еризат.

а) фестиваль – ерін мен тіс дауыссыздарын көрсетіңіз.

ә) п, в – қандай дауыссыздармен жұп құрай алады?

22-жаттығу. Қатаң дауыссыздары бар сөздерді теріп жазыңыз.

1. «Қызыл ту» газетінің редакциясына бардым. Коллективті келе жатқан мерекесімен құттықтадым.

– Бізге үй тиетін түрі бар ма, Николай Иванович, – дедім содан соң. Шуховтың үйі Мұқандарға тимей қалғанын тағы да өкінішпен еске салды.

2. Таңертең тоғыздан аса телефон шылдырлады. Трубкины көтердім:

– Алматымен сөйлесесіз, – деді қалааралық байланыс станциясының телефонисткасы. 3. Қонақұйдің іші көк түтін екен. Мүңкіген ащы иіс қолқанды атады. Екінші бөлменің түтіні толастау екен. Көк түтінді бөлмеден көп төсектердің бірін иемдендім. Мәскеуден самолет келді. Мәскеуден келе жатқан қыздар біздің самолетімізге ауысып мінді. Біреуі үстіне етегі делдиген жұмыртқадан жаңа шыққан сары балапан сияқты сарғыш пальто, тар шалбар киген, еңкіштеңе жүретін бойшаң сары қыз. Аяғына киген барқыт тәріздес жұмсақ түкті былғарыдан тігілген бөтеңкесіне сары каучуктан қалыңдығы бір елі ұлтан жапсырылған. Сыртқы кейпі орыс қызына мүлде ұқсамайды. 4. Мен 1949 жылдың күзінде «Қазақстан пионері» газетінен «Социалистік Қазақстанға» қызметіне шақырылдым. 5. Аанада көктемде Халима басы ауырып осында келгенде оқу министрлігінен Медеудегі «Просвещенец» демалыс үйіне екі путевка алып, сонда жатқыздым. Павлодар дәрігерлері санаторий сияқты сауықтыру орнына барып демалып қайтуға мәслихат берген. Обком тарапынан тиісті көмек болмаған.

(Ә. Нұршайықов)

а) Мәслихат, просвещенец – р, ц, х айтылу жолына қарай қандай дауыссыздар екенін айтып, фонетикалық талдау жасаңыз.

ә) й, ц, h әріптерінің қолданылуын айтып беріңіз.

б) й әрпіне біткен сөздерге тұйық етістіктің у жұрнағын қосып жазыңыз.

23-жаттығу. Әр сөздің құрамындағы дауыссыз дыбыстардың санын сол сөзден кейін жақша ішінде көрсетіңіз.

Көрші отардағы бір досымыздың баласы қатты ауырып қалды. Орталықтағы медпункт алыс. Сасқанынан ол мотоциклмен шапқылатып Әсемге кісі жіберіпті. Әсем дереу іске кірісіп, балаға әр үш сағат сайын укол берді де отырды.

Өстіп біздің үй бірте-бірте медпунктке айналды. Осыны естіп бір күні аудандық денсаулық бөлімінен арнаулы кісі келді. Біздің отардан медпункт ашып, Әсемді фельдшер етіп тағайындап, оған арнайы жалақы төлемек екен. Әсем медицина институтын бітіріп бала дәрігері дипломын алып келіп, Қызылқұмның қызыл гүлі болды.

Оныншы класты бітірген жасөспірім бір топ ұл-қызымыз болып біз де педагогикалық институтқа түстік.

Мектеп бітіргеннен кейін біздің әрқайсысымыздың ойымызда: «Қай институтқа түссем жақсы, жайлы қызметке қолым жетеді?» – деген емес, «Қайсысын бітірсек халыққа қажет пайдамыз молырақ тиеді?» – деген сұрақ тұрды.

Осындай тілек-ниетпен басқа дос-жолдастарымыз да институттың өзге факультеттеріне бөліне орналасты. Студент болып, тағы суатымыз бір, өрісіміз ортақ мұң-мұқтаж, қайғы-қуанышымыз бөлінбеген күйде, бірінің соңынан бірі тізіліп, тар соқпақпен шың басына қарай өрмелеген альпинистер тәрізді бірлігіміз бұзылмай, білімнің биік шыңына қарай ұмтыла бердік. Әр күн, айымыз, семинар, семестріміз сол жолда кездескен белгі, белес, көпір сияқтанып, артымызда қалып жатты.

(Қ. Жұмаділов)

а) үн мен салдырдан тұратын дауыссыздарды атаңыз.

ә) «Қаһарлы сөз – қамал бұзар» – дауыссыздарға фонетикалық талдау жасаңыз.

б) қ, һ, х әріптерінің жазылуын еске сақтаңыздар.

Қаһарман, Гауһар, Жауһар, жиһанкез, айдаһар, Хамит, Хакім, ақиқат, шаһар, тарих, саяхат, бейхабар, хайуан, жатақхана осы сөздермен сөйлем құрастырыңыз.

24-жаттығу. Басқа тілден енген сөздерді теріп жазып, фонетикалық талдау жасаңыз.

Гимназияда

Сол жылдары Шәуешек гимназиясы өз алдына бір акындар мектебіне айналды десем, артық айтқандық болмас. Жалпы, әдебиетке құмартушылар, өлең, әңгіме жазатындар қатары жыл сайын арта берді. Қазір гимназиядағы оқушылардың сексен пайызы – қазақтар. Параллель кластардың көпшілігінде қазақ балалары оқиды. Шәуешек шаһарында қазақ тілі – ұлтаралық тіл сияқты болатын.

Тіл тазалығы жөніндегі күресте біздің кластың ең алдыңғы сапта тұрғанын айта кеткеніміз жөн. Біз бір сынақ орны сияқты едік. Қазақша еркін сөйлей алмайтын кейбір апайлар бізге сабақ өтуге кіргенде, бір құдайға сыйынып, қорқып келетін-ді. Әдебиет пен педагогикадан сабақ өтетін қарт ұстаз Қисам Баудин, физикадан беретін Сағидолла, химиядан беретін Талғат ағайлар өз пәндерінің нағыз білгірлері-тұғын. Біз де ондай мұғалімдердің алдынан кесе өтпей, құрмет тұтатынбыз.

*(Қ. Жұмаділов,
«Таңғажайып дүние»)*

а) қай сөзге қосымша дұрыс жалғанғанын айтып, ережені еске түсіріңіз.

Киоскілер, диалектке.

25-жаттығу. Сөз құрамындағы қатаң, ұяң, үнді дауыссыздары бар сөздерге фонетикалық талдау жасаңыз.

Қалаға тағы да сарыала күз келді. Сары жапырақтан сырға таққан ағаштар үнсіз мүлгиді. Өзім осы бір жыл мезгілін ерекше жақсы көрем. Содан болар күн суыта бастаса-ақ болды, жаңбыр тамшысын сағына күтемін. Бірақ достарыма мұндай ауа райы мүлдем ұнамайтын сыңайлы. Үш күннен бері аспанның қабағы ашылмай қойды. Астана бүгін тағы да ақ жаңбырдың астында қалды. Ашу мен ызаға булыққан тұманды аспан ара-тұра айғайға салып найзағайдың тарсылымен жер бетіндегі адамдықтан алыстаған кей жандарды жөнге салғысы келгендей көтеріліп кетеді. Терезе әйнегінен сорғалап аққан мөлдір тамшылар сондай әдемі әрі аянышты. Адам тағдыры сияқты сол көрініске қарап ойға батып отырмын. Менің де санамда сенделген сансыз сұрақ, жүректе қиналыс, көңіл мазасыз. Көк жиектен қызарып батқан күннің де қызыл арай шапағы солғын тартып барады. Содан ба, әлденеге жабырқап-жабыққандай болдым. Сырымды әйнектен сырғанап ағып бара жатқан жаңбыр тамшылары ғана ұққандай, біраздан соң олар да жоқ болды. Жаңбыр да саябырсыды, мен өз ойыммен тағы да оңаша жалғыз қалдым.

(Ә. Нұршайықов)

*а) **х, қ, һ** дауыссыздарының тиістісін қойып жазыңыз:*

мұ...ит, А... мет, ... а...арман, сая...ат, а...и...ат.

*ә) **в, ф, ц, ч, х, д** дауыссыздарының қолдану ерекшеліктерін айтып, мысалдар беріңіз.*

26-жаттығу. Жаттығудағы дауыссыз дыбыстарға талдау жасаңыз.

Ертеңінде расында да жаңбыр жауды, ұзақ жауды. Итжондап үйген құм-тасты қаншалық тегістеп, келсап ағашпен түйгіштесенде жаңбырлы күндері су шайып, аласарып қалатын.

Осы Дархан бастаған топтың ішінде Ақай атты қушыкеш өзі сөзі бар шал бар еді. Кемпірі ертеректе өліп, бала-шаға жоқ қара басы қалған соң, шойын жолдан кәсібін тауып, жанын сақтап жүрген жайы

бар. Қолымен бірге ауызы қоса қимылдайтын, адам болып шаршауды, құйрық басып демалуды білмейтін мазасыз шал қайда жүрмесін айналасында қыран топан күлкі, қызу еңбек маздап тұрушы еді.

Аяқтарына кигендері: көне тоз қисық табан, шоқай өкше, әртүрлі етік. Бірен-саран орыс жұмысшыларының қайсыбірінде бәтеңке. Сарыбалшықпен араласқан батпаққа батып тайғанақтап, сүрініп жығылып, ат боп жегіліп, қол арба сүйреп жүр.

(О. Бөкей)

а) жаттығудан жуан, жіңішке дауыстылар аралас келген сөздерді анықтаңыз.

27-жаттығу. Басқа тілден енген дыбыстары бар сөздерді анықтап, сипаттама беріңіз.

Алматы аспанында

Екі күн бойы жүк машинасының үстінде шаң қауып, ойқы-шойқы жолдармен ырғатылған ауыр сапардан кейін жұмсақ орындықты, ақ шаңқан автобустарға отырып, айнадай асфальт жолмен сырғи жөнелгенде-ақ өзге бір дүниеге еніп кеткенімізді сезіне бастадық. Уақыт та, кеңістік те, жылдамдық та басқаша еді. Осы жаңа ғана шекара сызығын кесіп өтіп қана қоймай, тұтас бір ғасырды аттап өткен сияқтымыз. Біз Қорғастан қозғалғанда күн әлі бата қоймағанды. Автобус терезесінен жолдың екі қапталындағы көріністерді қалт жібермей, қадағалап келеміз.

*(Қ. Жұмаділов,
«Таңғажайып дүние»)*

28-жаттығу. Басқа тілден енген сөздерге қосымша жалғап, ерекшелігін түсіндіріңіз.

1. Екі карт Ленинград шайқасына қатысқан штаб командирлері еді. 2. Екеуі де институтта бір факультетте оқыған екен. 3. Повесть кейіпкерінің омырауы орден мен медаль толы. 4. Қос сөздерді дефис арқылы айырып жазу керек. 5. Коллектив атынан банк қызметкерлерін мерекелерімен құттықтадық. 6. Біз лагерьге күн бата

жеттік. 7. Бүкіл экспедиция мүшелері митинг арнайы шақырылған көрінеді. 8. Күздің бір желді күні еді, алыстан зуылдаған снаряд даусы естіліп тұрды. 9. Жолдың екі қапталы жыпырлаған киоск көрінбейді. 10. Шекараға баратын жол разъезд арқылы өтеді.

а) ст, сть, зд дыбыстарына біткен сөздерге қосымша жалғап, мысалдар құрастырыңыз.

29-жаттығу. Ф, ц, ь, э, в дыбыстарының емлесін есте сақтаңыз.

Шығарма

Бір мұғалім оқушыларға пілді объект ретінде алып, шығарма жазуға тапсырма беріпті. Француз баласы: «Пілдің махаббаты» деген тақырыпта эссе жазыпты. Неміс баласы пілдің мінез-құлқы жөнінде ғылыми мақала жазып әкеледі. Үнді баласы пілдің дінге қатысы туралы реферат дайындайды. Эврей болса, «Піл және анти-эврейизм» деген тақырыпта диссертация жазып әкеледі. Ал жапон баласы жазған шығармасының тақырыбы: «Піл және жапондық кәсіпкерлік».

(«Ана тілі» газеті)

а) жасалу орнына қарай тіл алды дауыссыздарын көрсетіңіз. Опасыз дос – ең қауіпті дұшпаның.

(Г. Филаденг)

ә) дауыссыз дыбыстарға фонетикалық талдау жасап, мәнерлеп оқыңыз.

Қазақ тілі – борандатқан дауыл ғой,
Қазақ тілі – өлең-жыр мен ән-күй.
Байқасаңдар, қазақ тілі осындай,
Аққан судай, ескен желдей, табиғи.

б) төмендегі сөздерге қосымша жалғап, сөйлемдер құрастырыңыз.

альпинист, повесть, журналист, киловатт.

*в) сөздерге қосымшалар жалған, ерекшелігін түсіндіріңіз.
циркуль, роль, автомобиль, секретарь.*

30-жаттығу. Дауыссыз дыбыстарға талдау жасап, өлеңді мәнерлеп оқыңыз.

Үш бақытым

Ең бірінші бақытым – Халқым менің,
Саған берем ойымның алтын кенін.
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,
Қымбатырақ алтыннан нарқым менің.

Ал екінші бақытым – Тілім менің
Тас жүректі тіліммен тілімдедім,
Кей-кейде дүниеден түңілсем де,
Қасиетті тілімнен түңілмедім.

Бақытым бар үшінші – Отан деген,
Құдай деген кім десе, Отан дер ем!
.... Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?
Ойланбай-ақ келдағы от ал менен.


Үш бірдей бақытым бар алақанда,
Мені мұндай бақытты жаратар ма!
Үш күн нұрын төгеді аспанымнан,
Атырау, Алтай, Арқа, Алатауға!!!

(М. Мақатаев)

а) дауыстың қатысына қарай ауыз жолды дауыссыздарды бір бөлек, мұрын жолды дауыссыздарды бір бөлек жазыңыз.

ә)Отан туралы бірнеше мақалдар айтыңыз.

Дауыссыздардың дауыстың (салдырдың) қатысына қарай жіктелуі.



Дауыссыз дыбыстарға фонетикалық талдаудың үлгісі

б – ұяң, шұғыл, ерін дауыссызы;
в – ұяң, ызың, тіс пен ерін дауыссызы;
г – ұяң, шұғыл, тіл ортасы дауыссызы;
ғ – ұяң, ызың, тіл арты дауыссызы;
д – ұяң, шұғыл, тіс дауыссызы;
ж – ұяң, ызың, тіл алды дауыссызы;
з – ұяң, ызың, тіс дауыссызы;
й – үнді, ызың, тіл алды дауыссызы;
к – қатаң, шұғыл, тіл ортасы дауыссызы;
қ – қатаң, шұғыл, тіл арты дауыссызы;
л – үнді, ызың, тіл алды дауыссызы;
м – үнді, шұғыл, ерін дауыссызы;
н – үнді, шұғыл, тіл алды дауыссызы;
ң – үнді, шұғыл, тіл арты дауыссызы;
п – қатаң, шұғыл, ерін дауыссызы;
р – үнді, діріл, тіл алды дауыссызы;
с – қатаң, ызың, тіс дауыссызы;
т – қатаң, шұғыл, тіл алды дауыссызы;
у – үнді, ызың, ерін дауыссызы;
ф – қатаң, ызың, ерін мен тіс дауыссызы;
х – қатаң, ызың, тіл арты дауыссызы;
һ – қатаң, ызың, көмей дауыссызы;
ц – қатаң, шұғыл, тіл ұшы дауыссызы;

ч – қатаң, шұғыл, тіл алды дауыссызы
ш – қатаң, ызың, тіл алды дауыссызы;
щ – қатаң, ызың, тіл алды дауыссызы

Фонетикалық талдау.

у ішсең, руыңмен іш.

у – жуан да, жіңішке, дауысты да, дауыссыз, еріндік, қысаң.
і – жіңішке, езулік, қысаң дауысты.
ш – қатаң, ызың, тіл алды дауыссызы.
с – қатаң, ызың, тіл алды дауыссызы.
е – жіңішке, езулік, ашық дауысты.
ң – үнді, шұғыл, тіл арты дауыссызы.
р – үнді, діріл, тіл алды дауыссызы.
у – жуан, қысаң, еріндік дауысты.
ы – жуан, қысаң, езулік дауысты.
ң – үнді, шұғыл, тіл арты дауыссызы.
м – үнді, ерін, мұрын жолды, шұғыл дауыссызы.
е – жіңішке, езулік, ашық дауысты.
н – үнді, шұғыл, тіл ұшы дауыссызы.
і – жіңішке, езулік, қысаң дауысты.
ш – қатаң, ызың, тіл алды дауыссызы.

Тест тапсырмалары

3-нұсқа

1. «У» дыбысы дауыссыз болып тұрған сөзді көрсетіңіз.

- А) сулы жер
- Ә) дымқыл ауа
- Б) студент жатақханасы
- В) рудаға бай
- Г) музыка тыңдау

2. Ұяң дауыссыздан басталған қосымшалы сөзді көрсетіңіз.

- А) Мұратбектікі
- Ә) ғарышқа
- Б) белбеумен
- В) қонағы, жүрегі
- Г) анаға, төрге

3. Сөйлемнен үнді дыбысынан басталып, үнді дыбысына аяқталып тұрған сөзді көрсетіңіз. Раушанның тігін машинасы терезеде тұр.

- А) Раушанның
- Ә) тігін
- Б) машинасы
- В) терезеде
- Г) тұр

4. Орыс тілінен енген сөздерде ғана жазылатын әріптерді көрсетіңіз.

- А) а, ә
- Ә) ы, і
- Б) ұ, в
- В) у, у
- Г) э, ё

5. Ұяң дауыссыз дыбыстар қатарын толтырыңыз.

- А) й, ш, н, ң, ...
- Ә) р, л, у, ...
- Б) п, ф, к, ...
- В) ш, щ, ф, ...
- Г) ж, б, з, ...

6. «Н» әрпін тиісті жерге қойыңыз.

- А) жа...алық
- Ә) ша...асымен
- Б) қо...ыстану
- В) кө...етоз
- Г) аспа...

7. Орыс тілінен енген сөздерде ғана қолданылатын дауыссыздарды көрсетіңіз.

- А) с, ө, и
- Ә) в, ф, ц
- Б) к, і, ы
- В) ц, ә, е
- Г) ч, ү, у

8. «Ғ» әрпін тиісті жерге қойыңыз.

- А) Қа...арман
- Ә) жи...аз
- Б) жар...анат
- В) қана...ат
- Г) ша...ар

9. «Һ» қай сөзде жазылады?

- А) тари...
- Ә) шари...ат
- Б) ...алық
- В) са...ара
- Г) жи...анкез

10. Ұяң дауыссыз дыбыстардан құралған сөздерді табыңыз.

- А) вагон, волейбол
- Ә) Ұлан, Ұлмекен
- Б) ғажайып, ғасыр
- В) жауқазын, гүлзар
- Г) жезде, егде

11. Қатаң дауыссыздан басталып, қатаң дауыссызға аяқталатын сөздерді көрсетіңіз.

- А) қасық, қазық
- Ә) көлшік, өзен
- Б) ыстық, түстік
- В) халық, қымыз
- Г) күміс, құрай

12. Қай сөзге қосымша жалғанса да соңғы дыбысы түспейді?

- А) киловатт
- Ә) прогресс
- Б) грамм
- В) класс
- Г) Кузбасс

13. Үнді дауыссыз дыбыстардан құралған сөзді табыңыз.

- А) маңайда
- Ә) шарайна
- Б) абайла
- В) жағада
- Г) арайлану

14. р, у, й қандай дауыссыз дыбыстар?

- А) қатаң дауыссыз дыбыс
- Ә) тек салдырдан тұрады
- Б) үннен салдыр басым
- В) ылғи жіңішке сөздерде қолданылады
- Г) үнді дауыссыз дыбыстар

15. «Д» әрпін тиісті сөзге қойыңыз.

- А) жаңа ...әуір
- Ә) ...әуір болыпты
- Б) ...аулы аймақ
- В) ...ақ сан
- Г) ...ізе бүгу

16. Дыбыс және әріп санында айырмашылығы бар сөзді табыңыз.

- А) Темірбек
- Ә) нағашы
- Б) атасы
- В) Қостоған
- Г) тақиялы

17. Сөздің басында жазылмайтын дауыссыз дыбысты көрсетіңіз.

- А) н, к
- Ә) ө, с
- Б) і, ң
- В) щ, ы
- Г) ң, һ

18. Қазақ тіліне тән төл дыбыстарды атаңыз.

- А) ә, а, у
- Ә) о, ө, и
- Б) ң, к, л
- В) ф, х, ц
- Г) ө, і, ү

19. Қатаңнан басталып, үнді дауыссызға аяқталған сөздерді көрсетіңіз.

- А) Шерхан, Сұлтан
- Ә) Шәуешек, Үрімші

- Б) бидай, күріш
- В) кобыз, дәрігер
- Г) ғасыр, заман

20. «Н» әрпін тиісті сөзге қойыңыз.

- А) қо...ыс
- Ә) қа...ық
- Б) на...ды
- В) шы...дық
- Г) қо...ыз

4-нұсқа

1. Морфологиялық принцип бойынша жазылмаған сөзді көрсетіңіз.

- А) қоян-қолтық
- Ә) ала алмады
- Б) сәнқой
- В) шекара
- Г) көк ала

2. Морфологиялық принцип бойынша жазылмаған сөзді көрсетіңіз.

- А) көзқарас
- Ә) кәсіпорын
- Б) қалампыр
- В) беймезгіл
- Г) жер-гөк

3. Фонетикалық принцип сақталған сөзді көрсетіңіз.

- А) ағаштар
- Ә) миуа
- Б) көнетоз
- В) баспасөз
- Г) жұлын

4. Фонетикалық принцип сақталған сөзді көрсетіңіз.

- А) қара ала
- Ә) көзілдірік
- Б) тасқа
- В) көзқарас
- Г) бейшара

5. Дәстүрлі принцип бойынша жазылған сөздер қатарын көрсетіңіз.

- А) Амангелді, Ботагөз
- Ә) сүтті шай, көр-жер

- Б) көрші-қолан, үн қатты
- В) жауынды жаз, күз келді
- Г) көк базар, ала кел

6. Емле ережесіне сай сөзді көрсетіңіз.

- А) тиылдыр
- Ә) сиылас
- Б) тасуу
- В) жойу
- Г) кейиді

7. Емле ережесіне сай сөзді көрсетіңіз.

- А) Ақымет
- Ә) баиды
- Б) жайдан-жай
- В) баяндама
- Г) жыйулы

8. Дыбыс сөзі қай терминмен сәйкес келеді?

- А) лексика
- Ә) грамматика
- Б) фонетика
- В) пунктуация
- Г) неологизм

9. Дыбыс және әріп санында айырмашылығы бар сөзді табыңыз.

- А) думанды кеш
- Ә) құдалар әні
- Б) бас табақ
- В) кемеңгер адам
- Г) тақиялы періште

10. Жінішке дыбысты сөзді көрсетіңіз.

- А) бейуақ
- Ә) кіріптар
- Б) еліктеуші
- В) пайдакүнем
- Г) көзқарас

11. Дыбыстық өзгеріске ұшырап біріккен сөздерді табыңыз.

- А) жазғы
- Ә) ҚазҰУ
- Б) биыл
- В) Астана
- Г) қоңырқай

12. Дыбыстық өзгеріске ұшырап біріккен сөздерді табыңыз.

- А) лажсыздан
- Ә) құстай
- Б) ақылгөй
- В) әкел
- Г) көкшіл

13. Араб, парсы тілдерінен енген сөздер қатарын көрсетіңіз.

- А) базар, самал
- Ә) жәшік, қалам
- Б) мағлұмат, іңкәр
- В) мақта, айна
- Г) кірпіш, таразы

14. Ұяң дауыссыздар қатысқан сөзді табыңыз.

- А) Жазираның қобызы
- Ә) жайлау кеші
- Б) жағалауды аралау
- В) жағадағы жаз
- Г) талғаулықты жалғау

15. Үнді дауыссыздары бар сөзді табыңыз.

- А) мерейлі әйел
- Ә) әлдекімнің үні
- Б) қуаныштан арайлану
- В) мыңнан бір адам
- Г) маңайдың көрінісі

16. Бірыңғай үнді дауыссыздары бар сөзді табыңыз.

- А) Ұланның емені
- Ә) жігіт сұлтаны
- Б) рақымды адам
- В) әнеугүні келген
- Г) жағажай желі

17. Үнді дауыссыздары бар сөздер қатарын көрсетіңіз.

- А) разы, рухани, ру
- Ә) бұғы, бұйрық, ну
- Б) реңі, райы, руы
- В) лебіз, кілем, жи
- Г) дау, жу, ғана

18. Қатаң дауыссыздары бар сөзді табыңыз.

- А) қатаң, қазақ

- Ә) сайман, сайлау
- Б) ақиқат, шындық
- В) құрал, кітап
- Г) ұшқыш, цех

19. Қатаң дауыссыздары бар сөзді табыңыз.

- А) концерт, дифтонг
- Ә) Мақсат, құрылысшы
- Б) шабыт, құрал
- В) қасық, атқыш
- Г) шөп, күміс

20. в, ф, ч, ц әрпі қандай сөздерде жазылады?

- А) қазақтың байырғы сөздерінде
- Ә) бірыңғай жіңішке сөздерде
- Б) сөз соңында жазылмайды
- В) тек орыс тілінен енген сөздердің барлық буындарында
- Г) жуан буынды сөздер тіркесінде келеді.

II БӨЛІМ

1. Буын, оның түрлері

1-жаттығу. Үзіндідегі әр сөзді буынға бөліп, мәнерлеп оқыңыз.

«Қазақты жамандама, қазақ бала!
Халық қой қазақ деген аз-ақ қана!
Мәңгілік
Ай астында,
Жер үстінде
Қазақтың жан ашыры – қазақ қана!»

(Күләш Ахметова)

а) буын дегеніміз не?

ә) «аз-ақ қана» неше дыбысты буын түрі?

2-жаттығу. Мәтіндегі сөздерді буынға бөліп оқып, буын түрлеріне қарай ажыратыңыз.

Биылғы көктем әдемі басталды. Наурыздың ортасында-ақ қар кетіп, жер кепті. Құстар әлі келген жоқ. Наурыздың қысы, көктем хабаршысы – ұзақ қарға ғана қалбалақтап, әр үйдің күркесіне, жертамның төбесіне ұшып-қонып жүр. Қыстан көтерем болып, құйымшағы сорайып әрең шыққан бірлі-екілі сиырлардың өлі жүні түспеген, қыр арқасына сауысқан қонып, шоқып отыр, ол сауысқанды ауылдың үруді ұмытып қалған ынжық иттері аңдып жатыр. Осы қыстан әбден ығыры шыққан ел табиғаттың бұл пейіліне риза көңілмен тіршіліктің қамына кіріскен.

Түркістан-Сібір теміржол құрылысының жұмысы Құланды ауылынан әлдеқайда алыстап, Айнабұлаққа біртабан жақындап қалып еді.

Бұл ауылдағы күні кеше ғана қайнап жатқан еңбек, абыр-сабыр адамдары сап болып тынышталған. Іргеден өтіп, сонау оңтүстікке созылып кете барған рельс бойымен жүк тасыған кішкентай па-

ровоздар өтеді анда-санда. Осыдан екі-үш-ақ жыл бұрын Омар байдың мыңғырған жылқысы үйездеп, желісі тартылып жатқан дала төсі мүлдем өзгерген: ілгерілі-кейін жосыған жолаушылар мен жұмысшылар.

(О. Бөкей)

а) сөздердің буын саны неге байланысты және қандай дыбыстар буын жасай алады?

ә) қайық, жауын, қоңыр сөздерін буынға бөліп, дауыссыз үнді дыбыстарға тән ерекшелігін түсіндіріңіз.

3-жаттығу. Өлең жолдарындағы сөздерді буынға бөліп оқып, әр сөз қанша буыннан құралғанын айтыңыз.

Бесік басында

Ұқсайды бар тыныштық жер бетінде,
Ұйқыдағы сәбидің келбетіне.
Ояту былай тұрсын, рұқсат жоқ
Ұйықтап жатқан ұлымды тербетуге.
Ұйықта, ұлым, ұйықта, бөпем, қасыңдамын,
Керек емес дүния асылдарың
Бақыт, байлық – барлығы менің үшін
Сенің бір кеп мойныма асылғаның.

(М. Мақатаев)

а) бірінші бір буынды, онан кейін екі буынды, соңында көп буынды сөздерді көшіріп жазыңыз.

ат, мәдениет, аң, өрт, асылдарын, тиын, алыс, жуықта, от тыңдаушы, киін, әскери, кешкісін, бозамықтана, денсаулықтарыңызды.

ә) «бақытым, мәдениет» сөздерін буынға бөліп оқып, фонетикалық талдау жасаңыз.

4-жаттығу. Сөйлемдерді буынға бөліп оқып, буын түрлеріне қарай ажыратыңыз.

Жұмыстан кеш шықтым, жолда әлдене есіме түсіп, көз жасыма ие бола алмадым. Үйге көзімнің қызарған күйімен кіргім келмей айналшықтап далада біраз жүрдім, вокзал жаққа бардым, оңашалау деген бір ағаштың түбіне келіп, тағы да көз жасыма ерік бердім. Ағаштың түбіндегі қарайған зат қозғалғандай болды. Барлай қарасам, адам екен. Қаңғыбастарды қазір «бомж» дейді, бұл да сондай адам болып шықты. Қорыққаннан орнымнан қозғала алар емеспін, енді бойымды үрей билеп, кәдімгідей жылай бастадым. Бірақ ол маған «жылап ал, кей-кейде ол да керек», – деп мейірлене қарады да, жөніне жүріп кетті. Мен сол адамды қанша іздесем де, содан кейін сол орнында кездестіре алмадым.

(«Ана тілі» газеті)

а) «вокзал» – жасалу орнына қарай дауыссыздарға сипаттама беріңіз.

ә) «іздесем» – буын түрлеріне қарай бөліп жазыңыз.

б) ашық буын дегеніміз не? Мысалдар беріңіз.

5-жаттығу. Сөз құрамындағы буындардың қайсысы ашық буын екенін айтыңыз.

Қазақтың атақты киссасындағы Шекті елінің көшіндей шұбалған уақыт керуені ішінен, артынан қуған ғашыққа алтын күймеден жарқ етіп ақ жүзін көрсеткен ару Жібек тәрізденіп барлық ойдың асылы – махаббатты май да келді. Ол көлдерді торғын көйлек етегіндей көлеңдетіп, өзендерді бұрымдай бұраңдатты, лентадай толқытты, бұлақтарды шолпыдай сылдыр қақтырды; сылдыраған суымен, бұрқыраған буымен, бұйраланған нуымен, неше алуан асуымен жан-жануарды мәз етті; егін салған қырымен, сыбырлаған сырымен, шырқай шыққан жырымен көңілді қуанышқа бөледі; өзеке өрім талымен, өлкеде өрген малымен, жамыраған төлімен көзді рақатқа кенелтті; айдын толы қазымен, бақтар толы назымен, күлімдеген

күнімен, күмбірлеген үнімен кәріні жадыратып, жасты жалындатты; тірліктің тілеуін молайтып, тілегін тасқындата түсті.

(Ә.Нұршайықов).

а) сөздерде буын саны неге байланысты және қай дыбыстар буын жасай алады?

ә) «бұйраланған» айтылу жолына қарай дауыссыздарға фонетикалық талдау жасаңыз.

6-жаттығу. Бітеу буынды тауып көрсетіңіз.

Қызық өмір

Қалтарыс, бұлтарысы мың сан қабат,
Қызық өмір, ақырын тұрсаң қарап.
Біреулердің еңбегі еш, туды сор боп,
Біреулердің бақыты жүр сорғалап.

Қызық өмір, кім білсін, сонысымен,
Аласы мен құласы, торысымен.
Тағдыр түрлі болғанмен өмір біреу,
Ұнатамын өмірді сол үшін мен.

(М. Мақатаев)

а) буындардың ашық, бітеу, тұйық болуы неге байланысты?

ә) бітеу буын мен тұйық буынның айырмашылығы қандай?

7-жаттығу. Тұйық буынды сөздерді табыңыз.

Зымырап тағы екі-үш жыл өтті. Ақыры мен бозбала, ол бойжеткен болды. Немесе шығыс ақындарының сүйікті жары сұлу әйелді қалай жырлайтынын еске түсірейінші. Ол әйел судан тұнық, сүттен ақ, мамықтан майда, ауадан жұмсақ, күннен нұрлы, жұлдыздан жарық, көңілден көрікті, көктемнен әсерлі, сәбиден сүйкімді, қиял-

дан тәтті, денсаулықтан рақат, жаннан жақын, жақыннан ыстық, шындықтан шыншыл, шыныдан мөлдір, гүлден нәзік, күмістен таза, алақандағыдан айқын, тағдырдан ғажап, қасиеттен қымбат, асылдан ардақты, сабырдан салмақты, тас бетіне түскен бедерден берік, таудан тұрақты тамаша бір жан еді.

(Ә. Нұршайықов)

а) «қант, төрт, бұлт» сөздері неше дыбысты қандай буындар екенін айтыңыз.

ә) үш дыбысты тұйық буынға мысалдар беріңіз.

8-жаттығу. Асты сызылған сөздердің қандай буын екенін айтыңыз.

Сенен өзі айтқандай төрт бөлме сұрапты. Секеннің төрт бөлме сұрағанына шамданып қалар ма екен деп қысылған едім. Артынан: мейлі, өзім барғанда үш бөлме сұраймын ғой, арызға да үш бөлме деп жазып берермін деп ойладым.

– Алматы самолет сағат үште ұшады, – деп хабарлады. Жұрт оған наразылық білдіріп жатыр. Әуежайда адам көп. Жолаушының көп болатын екі түрлі себебі бар. Пойызбен үш күн жүретін жерге ұшақпен үш сағатта жетіп барасың.

Мен қағаз ұстаған қолымды созып, ақырын ілгері аяңдадым. Екі көзі оттай жанып тұр. Төрде отырған сұңғақ бойлы, екі көзі оттай жайнаған жігіттің Иманжанов екенін кабинет ішінде білген едім.

Ымырт түсті. Қаланы қараңғылық басты. Қазір қалада ұры-қары көп қой. Мұзафар менің сөзімнің астарын түсініп, мырс етіп қалды.

Менің жұрт алдына шығып, сөйлейтін батылдығым жоқ қой. Буын-буыным дірілдеп, аяғымды әрең-әрең басып, Амантайға ілестім.

Көңілім қанағаттанып, қолжазбадан бас көтерсем жаңағы құнысып отырған жас жігіт қанатын қомдап, кәдуескідей «адам» болып қалыпты. Екі беті бал-бұл жанып екі көзінен ұшқын атады. Екі езуі екі құлағына жетердей қуанып күлім қағады.

(Ә. Нұршайықов)

а) «бұлттану» – қандай буын түрі екенін айтып беріңіз.

ә) бір буынды төрт дыбыстан тұратын сөздермен мысалдар беріңіз.

9-жаттығу Мәтіндегі сөздерді буынға бөліп оқып, буын түріне қарай ажыратып жазыңыз.

Қызыл вагондардың екі жақ есіктерін бірдей шалқайта кең ашып тастап, көлденең тақтайға асыла иін тіресіп, майданға кетіп бара жатқан жауынгерлер туған жерге көз тігеді. Қарт атадай ақ бастау, жас анадай көк желек арман, сары бел салқын көл, бәрі самаладай болып, бірінің соңынан бірі қалып барады. Өз алдына бір шолақ эшалонға ұқсап, шеткі үйінің түтіні будақтаған ауыл салт атты жолаушы, қой баққан шопан жалт етіп бір көрінеді де ғайып болады. Шам айналасында, вагонның бұрыш-бұрышында, қара көлеңке жерде төрт-бестен бірігіп алып, әр жайды күңкіл әңгіме етіп отырған. Жұрт Әсеновтің мына сөзін естіген шақта тым-тырыс болып, бір сәт үндеспей қалды.

Шал айтқан туған жерде әркімнің жанашыр жақыны, жақсы көрер жандары қалып барады. Біреу қарт әке, қадірлі анасын еске алады, біреудің көз алдына жақсы жар, жас баласы келеді. Енді біреудің жүрегінде жар етем деген жанына қосыла алмай кеткен ынтызар арман бар. Шал сөзі әр жүректің түкпірінде жатқан осындай бір асыл сырдың пернесін басады.

(Ә. Нұршайықов)

а) «қарт, салт, төрт, жұрт» сөздерінің буын түрін ажыратыңыз.

ә) бір дауысты дыбыстан құралған буыны бар ашық буынға мысалдар ойлап жазыңыз.

10-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқыңыз.

Әттең шіркін-ай!

Мен баспаған қазақтың атырабы,
Маған кел деп,мазалап шақырады
Мен баспаған қазақтың топырағы.
Мен татпаған қазақтың дастарханы,
Арманымдай алдымда жатыр ағып.

(М. Мақатаев)

а) өлеңнің мағынасын түсіндіріңіз.

ә) бір дыбысты ашық, екі дыбысты тұйық және үш дыбысты, төрт дыбысты бітеу буындарға мысалдар жазыңыз.

11-жаттығу. Төл дыбыстарды атап, буынға бөліп оқыңыз.

Жаһандану жағдайында тіл білгеннің артықшылығы жоқ. Қазақ халқы – талантты, қабілетті, тілге жетік халық. Білімді жастар қазірдің өзінде бірнеше тіл біледі. Үйрену қажет болса тағы үйренеді. Менің бір балам үш тіл біледі, бір балам бес тілде сөйлейді, бірақ қазақ тілінде таза сөйлейді. Сондықтан қазақ тілін міндеттеу керек. Сол үшін ұлттық идея, ұлттық саясат болуы қажет. Қазақ тілінің өлмеуі үшін әрбір отбасы, әр қазақ жұмыс істеуі керек. Біздегі диаспораның Отанға деген адалдығы осы тұста айқын көрінуі керек.

(К. Ахметова)

а) аманатқа қиянат жасама. Әр сөздегі буын санын айтып, асты сызылған сөзге фонетикалық талдау жасаңыз.

ә) «диаспора» сөзін қалай түсінесіз?

12-жаттығу. Өленді оқып, буын жасап тұрған дауысты дыбыстарға талдау жасап, емлесін түсіндіріңіз.

Алыс болып барасың, ауыл маған,
Алыс болып барасың, тауым, далам.
Қайда күндер жылғаның жағасында,
Жылқының арасында дамылдаған?

Қазбауыр бұлтты аспанда мамырлаған,
Қарасаз, қара шалғын шабылмаған,
Қайда жүр сылқым жеңгем, сабырлы ағам?

Қайран жұрт, қазір бәрі сағым маған
Барасың алыс болып, ауыл маған.

(М. Мақатаев)

а) «жылқының» – жасалу орнына қарай дауыссыз дыбыстарға талдау жасаңыз.

ә) «шалғын, жеңгем» сөздерінде қандай буын түрлері бар?

13-жаттығу. Буынға бөліп оқып, буын түріне қарай ажыратып, қай дыбыстар буын жасай алмайтындығын айтыңыз.

Шыбын

Мейрамханада тамақтанып отырғанда сорпаға шыбын түсіп кетсе, неміс: «Сорпа өте ыстық болғандықтан шыбын өліп қалған-ау?», – деп ойлайды да шыбынды шығарып тастап, сорпаны іше береді.

Француз шыбынды тәрелке шетіне шығарып мыжиды да, сорпаны ішеді.

Қытай шыбынды жұта салады.

Ағылшын ренішін жасырмай, бұлқан-талқан ашуланып, мейрамханадан шығып кетеді. Орыс шыбынды байқамайды. Америкалық болса, даяшыны, аспазды, есепшіні шақырып, шатақ шығарады.

Ирандық шыбынды алақанына салып, ұшырып жіберуге тырысады.

Жапон төңірегін көзбен шолып шығады да, «Шыбынды маған ғана салған екен ғой», – деп іштей қатты қынжылады.

Кәріс тәрелкесіне шыбынның түсіп кеткенін жапоннан көріп оған көзін алайтады.

Басы қосылса: екі неміс қосылса, үш ереже, төрт заң туады. Екі еврей қосылса, үш идея, төрт саяси партия туады. Екі жапон қосылса, үш банк, төрт компания дүниеге келеді. Екі америкалық қосылса, үш соғыс болып, шындық төртке бөлінеді.

а) «еврей, француз» – неше буынды сөз және дауыссыз дыбыстарға талдау жасаңыз.

ә) «екі, үш, төрт, банк» – буын түрлерін ажыратыңыз.

14-жаттығу. Сөздерді буынға бөліп оқып, бір буынды, екі буынды, көп буынды сөздерді көшіріп жазыңыз.

Мен өтермін өмірден...

Мен өтермін өмірден өкінішпен,
Ойым – сүре, жыр-аят оқып іштен.
Тұзы кермек тамақтай тірлік мынау,
Мен кісімін кер заман өтін ішкен.

Мен өтермін өмірден надандықпен,
Жақсылықпен алысып, жамандықпен.
Қайда маған жұмақтың жәннат түні?
Күнәһар боп туған соң адам біткен.

(Серікбай Қосан,
«Жүрегімде жүз өлең»)

а) «күнәһар» – һ жасалу орнына қарай қандай дауыссыз?

ә) бір дауысты дыбыстан құралған буыны бар ашық буынға сөздер ойлап табыңыз.

б) тұйық буын мен бітеу буынның айырмашылығы неде?

15-жаттығу. Мәтіннен 7-8 сөйлемді буынға бөліп оқып, тұйық және бітеу буын түрін көрсетіңіз.

Жақсылардан қалған жер шапағатын төгіп тұр. Қыр басында біздің әулеттің қорымы. Осы жерде Мыңжасар бабамыз да жатыр. Бабаларыма қарап, жүздерінен бір ерекше нұр көргендей болдым. Құран оқыттық. Ол кезде Мыңжасар атамыздан қалған жалғыз қыз Әлипа әпкеміз – Исатай атамыздың қарындасы тірі еді. Төркінінің қорымында неше жылғы арман-шерін дауыс көтере айтып әпкем марқұм бір жылады. Әке-шешеден бірдей ерте айырылып, ішерге тамақ, киерге киімі жоқ төрт бала жетім қалады. Екі кішкентайын балалар үйіне өткізіп, екі үлкені осы күнге жетеді.

(«Ана тілі» газеті)

а) «*киімі, төрт*» – буын түрін ажыратып жазыңыз.

ә) «*қиянат қылса құмырсқа да шағады*». Асты сызылған сөзді буынға бөліп, фонетикалық талдау жасаңыз.

б) *ат, от, ең, оң, ата, бұлт, төрт, қыс, қыз сөздерін* буын түрлеріне ажыратып жазыңыз.

16-жаттығу. Буынға бөліп оқып, буын түріне қарай ажыратыңыз.

Албырттық, тәжірибесіздіктен бе, әлде жастықтың мәңгілік заңы солай орынсыз өртеніп, күйе ме әйтеуір сол жан-жарасын басылмас өрт, жазылмас дерт деп біліп, менің де күндіз күлкі, түнде ұйқыдан айырылып, көрер таңды көзбен атқызып, түні бойы түйнек тигендей, дөңбекшіп шыққан кездерім болған.

Сенің сол бір қасіретінді ауызбен айтып жеткізу қиын. Әлдебір қайырымсыз қара күш көкірегіңді қарс айырып жіберіп, жүрегіңнің тамырларын бырт-бырт үзе суырып әкетіп бара жатқан сияктан-ды.

(Ә. Нұршайықов)

а) *албырттық, тәжірибесіздіктен сөздері неше және қандай буындардан құралған?*

ә) *мәтіннен төрт дыбысты бітеу буындарды теріп оқыңыз.*

17-жаттығу. Мәтіннен дауыссыздарға аяқталған сөздерді буын түріне қарай ажыратып жазыңыз.

Алдындағы сия қатып қалған, үрлеп демімен еріткен болды. Баяғы бая-шая өмірді ұмытып, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып халықтың қамын ойлайық, – деп иығымен қомданып қойды. Таңғы салқынмен жолдың едәуірін еңсеріп тастап, сыпыра шиі мен сасыры ербиген сары-жасыл даланың етегі бүрмеленіп, ошырайған төбеге білек тастаған. Әр жоташықтың бауырында тал-қайыңы аралас өскен шілік ұшырасып, сары ала қаз бен қоңыр үйректері сыпылдап ұшып-қонып жүр. Биыл көктем ерте шыққан соң бұл жақтың құсы да ерте оралып еді. Татыша басын сүлкітбей, қаздита ұстап

жортақтаған бозжорғаның жүрісіне көлденеңнен қараған адам ат емес, арғымаққа балары рас-ты.

Еркіннің неше жылдан бері сандалбайға түсіп, сарсыған көңілі желдей есіп шалқып-ақ келеді. Астындағы шаппай желген бозжорғаның майда жүрісі елітте ме, әлде туған жерінің көктемгі таза ауасы масайтты ма, өз-өзінен желігіп делебесі қозып ыңылдап әнге басты. Әсіресе түс ауа Ақжайлауға ілінгенде көзіне жас ала күрсініп, боздың басын тежей, аңырып, қалт тұрып қалып еді. Жайлау барын киіп ұзатылатын қыздай жасана бастаған екен. Өңірі толған ерте бас жаратын қып-қызыл гүл, жолаушы қуана дауыстап жіберді.

*(Оралхан Бөкей,
«Атау-кере»)*

а) сия, сұлқитбей, қаздита – фонетикалық талдау жасаңыз.

ә) жуалдыз – буын түрлеріне қарай ажыратыңыз.

б) ат, ай, ет, күн, қарт, күрт – буын саны мен түрін көрсетіңіз.

2. Тасымал

1-жаттығу. Төмендегі сөздерді қалай тасымалдауға болатынын дефиспен бөліп көрсетіңіз.

М. Әуезов сүйсінгендей Ісләм Жарылғапов туындатқан ұтқыр сөздер аудармашы ағамызда жетерлік. Ғарыш, ғарышкер, дүниетаным, өркениет, басылым, баспагер, ғаламшар, емші, жағажай, зымыран, кеніш, қойылым, шипажай ... тілімізге кірігіп кеткен көрікті сөздер. Сөз зергері кезінде өзі жайында былай деп те айтып кеткен еді:

Көп тілден түйіп ой сезім,
Көп тілдің аршып, көл көзін.
Төлдетіп ана тілімді,
Бес мың сөз қостым мен өзім.

(«Ана тілі» газеті)

а) сөздердің буын саны неге байланысты және қай дыбыстар буын жасай алмайды?

б) у, й, ң дауыссыздармен келген сөздердің қалай буынға бөлінетінін мысалдармен беріңіз.

2-жаттығу. Тасымалдауға болмайтын сөздерді теріп жазыңыз.

Паровоз пышылдап-пышылдап 30-40 м жүріп барып тоқтады. Ол құрылғыға ұзындығы 30-35 см сына арқылы бекітіледі. Күні кеше КСРО күйреп, көптеген жаңа тәуелсіз елдер пайда болғанда орыс православия шіркеуі түгелдей Мәскеуге қарайтын. Қазіргі қазақ тілді БАҚ-тың қарқыны қанағаттанарлық. Түпсіз ойдың тұңғиығына тұншыққан Айна қайтадан бетіне қалқып шыға алмай ұзақ отырды. Көзден де, көңілден де баяғы қашандап кеткен жастық дәурен еді, бірге өсіп, біте қайнасқан достары, туған-туысқандары есіне түсті.

а) ата, армия, әулие, төрт, бұлт, ҚазҰУ, ТМД, Жамбыл Жабаев, педколледж сөздерімен сөйлем құрастырып, тасымалдауға келмейтін сөздердің астын сызыңыз.

3-жаттығу. Мәтіндегі сөздерді буын жігіне қарай тасымалдап жазыңыз.

Бір аяғын бір аяғына салып, терден саталақ-саталақ болып, жусап тұрған Көкбестінің шапайылын босатып қойды. Бал құйылған тері қоржын сиырдың жас өкпесіндей былқ етіп барып тынышталды. Ағаш үйдің айналасын, қора-қопсысын ине жоғалтқандай тінтілеп тексеріп шықты. Бәрі орнында секілді. Тек қана қыста сиыр қамайтын бітеу қораның есігі ашылып қалған «жұмыртқа іздеген балалар-ау» деп күбір етті де, сым темірмен шандып байлап тастады.

(Қ. Жұмаділов)

4-жаттығу. Тасымалдауға келмейтін сөздерді теріп жазып, ерекшелігін түсіндіріңіз.

Сонымен, биыл да командалық есеп бойынша «ең үздік команда-2009» атағын О. Жәутіков атындағы республикалық дарынды

балаларға арналған мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты жеңіп алды. Ал 2009 жылы РМФМОМИ 9 медаль жеңіп алса, биыл мектептегі жүлдегерлер саны 19-ға жетті. 51 кг салмақ дәрежесі бойынша өткен жылға дейін елдегі №1 боксшы болып, Азияның алтын әлемнің қола медалінен олжасы бар. Бейжің олимпиадасына қатысу бақытына ие болған Талдықорғандық төрт спортшы саналып келеді. Қостанай рингі жанкүйерлерге тағы нендей жаңалық ұсынды? Ә, дегеннен айтарымыз, кезінде 65 кг КСРО, Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 91 кг жоғары салмақты спорт шебері Д. Елеусінов екінші орынды иеленді. Университет технопаркi бәсекеге қабілетті, сонымен қатар технопарктің өз ішінен шағын зауыт ашып және ауылшаруашылығы қолайлы МТЗ типті әмбебап трактор, қоқыс жинайтын кешенді машиналар жобасын жасап шығару ойымызда бар. Әке-шешесі жоқ демесеңіз, бұл балалар өзіміздің ұрпағымыз. Заңның негізгі мақсаты – ауыл тұрғындарының, тұрмыс-тіршілігін нығайту. Жалпы алғанда, айтыс деңгейі жап-жақсы әсер қалдырды. Табиғи тума талант ақын екені дауыс айрықшылығынан танылып тұр. Жақында бұған дейін төбесі атам заманғы ішкі кесек пен қамыстан жабылған ескі ауруханада отырған дәрігерлер ұжымы ең озық медициналық құрал-жабдықтармен жабдықталған жаңа орталыққа қоныс аударды. Кешегі акцияда Швециядан жеткізілген 230 кг киім-кешекті балаларға тарту етті. Қытай мен АҚШ арасындағы сауданың өсу қарқыны күрт азайды.

(«Егемен Қазақстан»)

а) қайық, жсауын, қоңыр, омыртқа сөздерін буынға бөліп, ерекшелігін түсіндіріңіз.

ә) тасымалдауға келетін сөздерді дефис арқылы бөліп толық көрсетіңіз, тасымалдауға келмейтін сөзді көшіріп жазыңыздар.

Ақын, өмір, тыңдаушы, суат, ұялу, аян, қабат, мұнай, ауыл, қиын, ірі, армия, әулие, елу, жатақхана, грамм, сантиметр, электр.

б) буын құрай алмайтын дауыссыздарды қалай тасымалдауға болатынын айтыңыз.

3. Екпін

1-жаттығу. Буын түрлерін ажыратыңыз.

Мақал-мәтелдер

Байлықтың атасы – еңбек, анасы – жер.

Бай болмасаң бай болма, білім, өнерге сай бол.

Бақыт сандықта, кілтпен ашасың,
Кілт аспанда, өнермен ұшасың.

а) қазақ тілінде екпіннің неше түрі бар?

ә) тыңдаушыларымыздың – екпін түскен буынды табыңыз.

б) тасымалданбайтын сөздерді теріп жазыңыз.

в) екпін түсетін сөздерді анықтаңыз.

Бата

Оқуға алғыр бол, ойлауға даңғыл бол,
Өмірге әділ бол, ашуға сабыр бол,
Ісінде шебер бол, ақылға кемел бол.
Қиынға батыл бол, еңбекте батыр бол.
Уәдеңе берік бол, ақылыңа көрік бол.

а) дыбыстарға фонетикалық талдау жасап, батаны жаттап алыңыз.

ә) тасымалдауға келмейтін сөздерді анықтаңыз.

2-жаттығу. Мәтіннен екпін түсетін және түспейтін жағдайлары бар сөздерді тауып оқыңыз.

Жүріп келеміз. Бұрын құдық басына жиырма минутта жетіп қалушы едік, бүгін қарасы көрінер емес. Сірә, адасып кеткен сияқтымыз. Әрқайсысымыз әртүрлі болжам айтып бет ауған жаққа жылжып келеміз. Көшеге шығуға көңіл тартпайды, өйткені қалтамызда көк тиын ақшамыз жоқ. Бірдеңе бастырып қаламақы табайын десең, газет-журналдардың есігі біз үшін жабық. Мен басқалардан гөрі естиярлаумын ғой.

Біз абажадай үлкен бөлменің сол жақ қанатындамыз. Сіз бұл елде тыңшысыз, белсендісіз мекемені шам алып іздесеңіз де таппайсыз. Талантты ақын Тоқтархан өздерінше күрес тәжірибесі мол, ысылған көрінеді, өзі маған көрші. Әбден аузы күйіп, зәтте болған Батырхан байқұс маған осы жайларды ұғындыра келіп:

– Сен мынаны оқып көрші бірақ аузыңа сақ бол! – деді алдын ала ескертіп. Көп уақытымыз күн сайын келіп жататын сондай бумаларды ақтаруға, іріктеуге кетеді. Малшының ерлік еңбегін жырлаудың орнына қозы етіне тойып алып, шалқалап жатуды, жайлаудың рақатын уағыздайды. Көктемгі егіс кезінде де, күзгі өнім жинау тұсында да кезек үнемі маған келіп тұрады. Бұрын мұндай жұмыстарға Батырхан екеуіміз барушы едік. Азық-түлік тапшы, әсіресе Үрімші сияқты ірі қалаларда айқын білінеді.

– Қолыңды жылы суға малшы, – дейтін тірі пенде көрмедім, ендігі арман осы қыспақтан өлмей тірі қалу, көңілдегі шер-шеменді қағаз бетіне түсіру. Жолаушы таситын жүк машинасына бір апта бұрын билет алуға тура келді.

а) жолаушы таситын, машина, тура, билет сөздеріндегі тура және и дыбыстарының емлесін еске түсіріңіз.

3-жаттығу. Мәтіннен екпін түспейтін буындарды теріп жазыңыз.

Мына көрші қорадағы арбакеш ұйғыр көшкен елді тасып, ақша тауып жүрген көрінеді. Көрші қақысын алға сала сөйлесіп жатырмыз. Баста пана жоқ. Ашық аспан астында жайрап жатқанымыз рас. Әуезов туралы шыққан солақай сындарды да жібермей, жазушыға іштей тілектес болып жүретінбіз. Шетел студенттерін демалыста елге барып қайтуына

жол ашық. Бізбен сыпайы қоштасқан қорықшы кешікпей өз жөніне кетті. Ауылға барып бастықтарын тік тұрғызбаса болғаны! Бұлардың мінезі осы, өзінен төменгілерді қырып кете жаздайды, Құдайдан қорықшы деймін, – деді менен гөрі жақсы білетін Ораз ақын.

а) қорықшы сөзінің қайсысына екпін түсетінін айтыңыз.

Ол – біздің қорықшы.

Құдайдан қорықшы.

ә) екпін түспейтін жағдайларды атаңыз.

4-жаттығу. Мәтінді оқып шығып екпін қай буынға түсіп тұрғанын айтыңыз.

Ауылым

Бір жылда бір-ақ рет келер демалысты, аңсарым ауа, асыға күтер едім. Асыға күтетінім – қол-аяқты жазып, аунап-қунауға әуестігім, еңсені езген ауыр еңбектен қашқаным емес, ауыл атты анамның ыстық та, дархан құшағын сағынғаным шығар.

Маған ауыл-тіршіліктің дәмін сездіретін, мынау мазаң өмірге келгенімді, ал келген екенмін, не себептен ғұмыр кешіп, не үшін тыраштанып жүргенімді аңғартады. Ауылым – анадай ардағым, ауадай қажетім. Ауылым – Отаным. Мен мұнда күздің сылбыраң лайсаңында, күздің көрдей қараңғы түрі еңсеріліп, атар таңнан хабар сезілгенде, әкем адам жеген сойқан соғыста қан кешіп жүргенде, елден де, жерден де жетімсіреген бір жадау күй аңғарылып, атты кісіні аударып түсірер ызғарлы жел ескенде туыппын. Сонда менің шешем қалжаға күлге көмген картоп жеп, әкемнің ескі ерінің айылымен белін буыпты, сонда мені кенеп жөргекке орап, әкемнің қаңсыған ыңыршағын төңкеріп, соған бөлеген екен. Атымды ырымдап Жеңісхан қойыпты.

*(Оралхан Бөкей,
«Таңдамалы шығармалар»)*

а) ауылдарыңызданбыз, қауымдастықтанбыз, қайықшыларыңызданбыз, қоңырқай сөздерін буынға бөліп оқып, қанша буыннан тұратынын айтыңыз.

Тест тапсырмалары

5-нұсқа

1. Қазақ тілінде буынның қанша түрі бар екенін белгілеңіз.

- А) 4
- Ә) 5
- Б) 3
- В) 6
- Г) 2

2. Буын түрлерін атаңыз.

- А) ашық, қысаң, бітеу
- Ә) тұйық, ашық, қысаң
- Б) ашық, бітеу, еріндік
- В) ашық, тұйық, бітеу
- Г) тұйық, ашық, езулік

3. Ашық буынды сөзді көрсетіңіз.

- А) жазбаша
- Ә) мәжіліс
- Б) таңырқай
- В) жеткіншек
- Г) балаша

4. Бірыңғай ашық буынды сөзді көрсетіңіз.

- А) ережелері
- Ә) сырғалым
- Б) қарапайым
- В) бүлдірген
- Г) бұлыңғыр

5. Бірыңғай ашық буынды сөзі бар тіркесті көрсетіңіз.

- А) жадыраңқы көңіл
- Ә) оқыған жігіт
- Б) ана тілі – азығы
- В) адастырмас қазығы
- Г) Мақтым Шәбжантай

6. Ашық буынды сөзді көрсетіңіз.

- А) ақпараттар ағыны
- Ә) таза айна
- Б) кешкі самал
- В) терең сана
- Г) екі жердегі екі – төрт

7. Бітеу буынды көрсетіңіз.

- А) от
- Ә) ас
- Б) ажар
- В) қарт
- Г) самал

8. Бірыңғай буын үндестігіне бағынбайтын қосымшаларды көрсетіңіз.

- А) лар, лер, мен, ға
- Ә) ға, ге, ты, ны, ні
- Б) тан, тен, дың, дің
- В) нан, нен, да, де, нда
- Г) кеш, хана, паз, гер, күнем

9. Бір буынды тұйық буынды көрсетіңіз.

- А) тарс
- Ә) бұлт
- Б) қайыс
- В) жол
- Г) от

10. Ашық буынды сөздер қатарын көрсетіңіз.

- А) Зылиха, нағашы, апа
- Ә) ор, оз, соз
- Б) көз, көлшік
- В) ық, ұқ, соқ
- Г) бүршік, жапырақ

11. Бірыңғай бітеу буынды сөзді көрсетіңіз.

- А) Темірбек
- Ә) Зылиха
- Б) Рахым
- В) Оралкүл
- Г) Нұрсұлтан

12. Бірыңғай ашық буынды сөйлемді табыңыз.

- А) Әлия – бала дәрігері.
- Ә) дүкенде кітап көп.
- Б) қуанышым қойныма сыймады.
- В) аттар жайылып жүр.
- Г) балапандардың қанаттары қатайды.

13. Бірыңғай бітеу буынды сөзді табыңыз.

- А) мақсат мектептен кеткен жоқ.
- Ә) қант қызылшасын өсіреді.
- Б) аялдамада кісі көп.
- В) көзілдіріксіз кітап оқу
- Г) рұқанай құлпынай теріп жүр.

14. Бітеу буынды сөзді көрсетіңіз.

- А) ауру, емдеу
- Ә) әрқашан, азсын
- Б) дерт, сау
- В) бұрын, шапшаң
- Г) сырқат, арзан

15. Төртінші буын тұйық буыннан болған сөзді табыңыз.

- А) босағаны
- Ә) өртенуге
- Б) тұңғиықта
- В) әдебиетші
- Г) мәдениет

16. Төрт буыннан тұратын сөзді табыңыз.

- А) алаша
- Ә) қызметкер
- Б) төбешік
- В) егіншілік
- Г) орталық

17. Екінші буыны тұйық буыннан басталған сөзді табыңыз.

- А) киік, тиын
- Ә) шағала, бетеге
- Б) баспана
- В) бұлбұл
- Г) ант

18. Бітеу буынды сөзді көрсетіңіз.

- А) ас
- Ә) Ажар
- Б) қарт
- В) Сабыр
- Г) сана

19. Бітеу буынды көрсетіңіз.

- А) шыншыл қызметкер
- Ә) мейірімді бала
- Б) көршіммен әңгіме
- В) күміс қасық
- Г) тасымалдауға болатын

20. Тұйық буынды сөзді анықтаңыз.

- А) қиянат қылма
- Ә) ант етпе
- Б) тіс жармады
- В) мырс етті
- Г) шоқ гүл

6-нұсқа

1. Жіңішке бітеу буынды анықтаңыз.

- А) төрт
- Ә) аспаз
- Б) жауын
- В) тұнық
- Г) сауын

2. Тұйық буын мен бітеу буыннан құралған сөзді анықтаңыз.

- А) от
- Ә) аспаз
- Б) марал
- В) мүйіз
- Г) терісі

3. Тек бітеу буынды сөзі бар қатарды көрсетіңіз.

- А) Мақсаттың жолдастары көп.
- Ә) анадайдан бір қара көрінеді
- Б) дос таңдау бостан-бос сөз болған жоқ
- В) бір топ оқушы жүр
- Г) орманда тотықұс сайрайды

4. Буынға бөлінбейтін сөзді табыңыз.

Қарт ана – әлпештеген аман болғай!

- А) ана
- Ә) қарт
- Б) әлпештеген
- В) аман
- Г) болғай

5. Үнді дауыссызға аяқталған бітеу буынды көрсетіңіз.

- А) шағала, көз
- Ә) жағалау, мол
- Б) бұлт, қант
- В) терезе
- Г) ұйқы, от

6. Үш дыбыстан құралған тұйық буынды көрсетіңіз.

- А) артық, аңқау
- Ә) кеңсе, келте
- Б) өткір тапқыр
- В) ұрт, өрт
- Г) жастық, көлшік

7. Буынға қате бөлінген сөзді табыңыз.

- А) о-мырт-қа
- Ә) қа-уын
- Б) қа-йық
- В) жұ-мыс-қа
- Г) жау-ын-гер

8. Тасымалдауға болмайтын сөзді табыңыз.

- А) қалың
- Ә) заттай
- Б) оқушы
- В) айыппұл
- Г) ана

9. Тасымалдауға болмайтын сөзді табыңыз.

- А) немере
- Ә) жеті
- Б) құрбы
- В) төрт
- Г) басшы

10. Тасымалдауға келетін сөзді көрсетіңіз.

- А) жұрт
- Ә) қарт
- Б) бұлт
- В) грамм
- Г) сына

11. Тасымалдауға келетін сөзді көрсетіңіз.

- А) әке

- Ә) ҚазҰУ
- Б) 15 см
- В) Қ.Ж. Дуанов
- Г) баяғы

12. Дұрыс тасымалданған сөзді табыңыз.

- А) ба-спа-сөз
- Ә) тр-актор
- Б) құм-ырсақ
- В) тасым-ал
- Г) ақ-па-рат

13. Тасымалдауға келмейтін сөзді табыңыз.

- А) микроб
- Ә) студент
- Б) билет
- В) курс
- Г) факультет

14. Тасымалдауға келмейтін сөзді табыңыз.

- А) ұстаз
- Ә) немере
- Б) балапан
- В) ұрпағым
- Г) Р.Р. Әбішева

15. Дұрыс тасымалданған сөз қайсы?

- А) бұ-лт-ты
- Ә) жұм-ыртқа
- Б) дә-птер
- В) жа-лтақ
- Г) қа-уын

16. Дұрыс тасымалданған сөз қайсы?

- А) қай-ық
- Ә) қоң-ыр
- Б) ба-сшы
- В) көш-ет
- Г) өн-дір

17. Тасымалдауға болмайтын сөзді табыңыз.

- А) жиюлы
- Ә) хабар
- Б) Ерболат

- В) бөбек
- Г) Ш.К. Бектұров

18. Тасымалданбайтын сөзі бар сөйлемді табыңыз.

- А) екі жердегі екі-төрт
- Ә) жаздық егінді оратын уақыт келді
- Б) баланың ынтасы керек
- В) тексіз бала болғанша, текке өткенім артық
- Г) қыстың ортасында көшіп кетті

19. Тасымалданатын сөзді табыңыз.

- А) М.Қ. Жақыпбеков
- Ә) 25 см
- Б) ТМД
- В) әулие
- Г) карт

20. Дұрыс тасымалданған сөзді табыңыз.

- А) Ан-ар
- Ә) Сәд-уа-қас
- Б) Да-ст-ан
- В) Лұ-қп-ан
- Г) Рау-шан

III БӨЛІМ

Үндестік заңы

1-жаттығу. Берілген жаттығудағы жуан және жіңішке, аралас сөздерді бөлек-бөлек теріп жазыңыз.

Өткен ғасырдың жиыrmасыншы және отызыншы жылдарында Тәңіртаудың шоғыр-шоғыр шындарындай асқақтап шыққан Алаштың ардақтылары аз емес-ті. Әрине, түрлі-түрлі тосқауылдар шыға берер, пікірталастар бола берер. Солардың ішінде Рысқұловқа өте-мөте ауыр болды. Оның қайшылықтары мен қателіктері кездеспеуі беймүмкін-тұғын.

– Алдыменен, Айнабұлаққа аман-есен жетіп алайық. Қос Қарагер Айғыржалды бетке алып ағыза жөнелді. Дөңестеу жер, ши-шидің түбі қасатқа толып, жазық даладан еңсесі итжонданып өсе түскен теміржол бойын әлсін-әлсін қармен нығырлап әлекке салады. Ақиланып алған аспан аласа төніп, қабағын қарс жауып дүниедегі бар пәлекетті төндіргісі келгендей жердің де, елдің де берекесін алып болды.

а) үндестік заңы дегеніміз не? Ғылыми тілде қалай аталады?

ә) буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалармен мысалдар келтіріңіз.

2-жаттығу. Үндестік заңына бағынбайтын қосымшалы сөздерді теріп жазыңыз.

Өмірдің тауқыметіне жастай ұрынған бала пысық, ширақ болып өсе бастады. Итжондап үйген құм-тасты қаншалықты тегістеп, келсап ағашпен түйгіштесең де жаңбырлы күндері су шайып аласарып қалатын. Қиқы-шойқы жолмен арба болмаса паровоз жарықтық ақсақ аттай аттап баса алмас еді. Қолымен бірге аузы қоса қимылдайтын, адам болып шаршауды, құйрық басып демалуды білмейтін мазасыз шал қайда жүрмесін айналасында қыран-топан күлкі, қызу еңбек маздап тұрушы еді. Шал үшін бұл – үйренген, әбден зәрезап етер көнтулақ көрініс.

а) *буын үндестігіне қайшы жазылған сөздерді анықтап, ерекшелігін түсіндіріңіз.*

ә) *қиқы-шойқы сөзінде әріп пен дыбыс саны сәйкес пе?*

3-жаттығу. *Үндестік заңына бағынбай тұрған сөздерді теріп жазыңыз.*

Алдымен, сол күнге аман-есен жетіп алалық та әкесі. Осы кезде шоқпытпен қапталған аласа есік сарт ашылған, ар жағынан аузы-мұрнынан бу атқылаған Мұраттың басы қылтиған. Ауыл шағын болғанмен, жүздеген жұмысшы бар. Жо-жоқ, ұры бұл ауылдікі емес, сырттан келген.

– Заман осынікі болып тұр-ау, – деді Дархан иегімен нұсқап. Онда да бір күн түнеп, елең-алаңнан тұрып кері жаяу кетті. Екі кештің арасында, көшелер етіп қана өз қолымен төсеген шойын жолдың бойы мен шпал санағандай аяңдап келе жатқан Дархан сан түрлі ойға батушы еді. Гүлияның нәзік ескертуі әкелі-балалы екі еркектің құлағына аю ақырғандай қатты естілді. Мейлі аш жүрейін, мейлі жалаңаш жүрейін, осы қарамекеннен, мынау бұйығы жатқан Құландыдан арқан бойы ұзамаспын. Зор ынтамен тыңдап тұрған халық тағы да ду қол шапалақтап жіберді.

– Жолдас жұмысшылар, жол салынғанмен сол жолды қиратып бүлдіруге, істен шығаруға әрекет жасайтын қаскөй, зиянкес элементтерден әлі де арылып болған жоқпыз.

Аспан ашық. Жұлдыздар самсап бейуақ шақ та басталған. Күндізгі айғай-ұйғай басылған, беймезгіл ымырттың жанға жайлы тыныштығы орнай бастаған.

а) *кәсіпорын, шекара, қағазды, доспыз, асты-үсті – буын үндестігі сақталмаған сөздерді табыңыз.*

ә) *кірсіз ойыншық, гүлді көйлекті – дыбыс үндестігі заңына бағынбай жалғанған қосымшалы сөздерді анықтап ережені еске түсіріңіз.*

4-жаттығу. Берілген мәтіндегі жуан, жіңішке және аралас буынды сөздерді бөлек-бөлек бағана етіп жазыңыз.

Басқа төртуылдар қайда дейсіз ғой?

Олар Қара Ертіс, Зайсан, Марқакөл өңірінде. Жаугершілік жылдары Семей, Кереку маңында барған екен. Арғын ішіне сіңіп жүрген төртуылдар ол жақта да бар деседі. Бір күні Төлегетайдың төрт немересі: Қаракерей, Матай, Садыр, Төртуыл әркілы түстер көріп, оны аталарына келіп жортқан екен дейді. Біздің үй әзірше «Қараменденің қара шаңырағы» деген атақты төмен түсірмей шама шарқынша ұстап келе жатты. Ел құрметі баяғыдай аста-төк болмағанмен тым үзіле де қойған жоқ.

Мектепте жақсы оқығанымен, ел ісіне араласа алмай, үй шаруасын қанағат тұтқан жиені Бижұманы әкем жастайынан бағып алған екен. Өзі баламен де, үлкенмен де ойнай беретін қылжақпас адам еді. Бір күні ойыннан сілем қатып үйге келсем, әкемнің қасында бір бейтаныс адам отыр. Мән-жайға қаныққан апам керегенің басынан бір сабауды алды да, биебау жаққа жөнелді.

(Қ. Жұмаділов)

а) буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалармен мысалдар құрастырыңыз.

ә) мән-жайға қаныққан апам биебау жаққа жөнелді – буын үндестігі сақталмаған сөздерді көрсетіңіз.

б) меншік ұғымын білдіретін, буын үндестігіне бағынбайтын қосымшаларды атаңыз.

5-жаттығу. Буын үндестігі заңына сай жазылған сөзді табыңыз.

Рабиянікі, бейтаныс, арбакеш, Мақсатпен, кісілік, Рұқиямен.

а) буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалармен мысалдар беріңіз.

ә) «қадір» сөзіне фонетикалық талдау жасаңыз.

б) Мақсатпен дос бол – буын және ықпал түрін ажыратыңыз.

6-жаттығу. Үндестік заңына бағынбай тұрған сөздерді тауып жазыңыз.

Әркімдер ауылға апарып ата-бабасы жатқан қалың бейітке көмейік деп еді Дархан көнбеді. Құланды жақтан боз жорғамен ағызып Оспан да келіп еді. Ауыздығымен алысқан аттан түскен де жоқ. Сыңар көзімен қадала қарап айғай салды. Аяқтарына кигендері: көне тоз қисық табан шоқай, әртүрлі етік, сары балшықпен араласқан батпаққа батып, тайғанақтап, сүрініп жығылып, ат боп жегіліп қол арба сүйреп жүр. Итжондап үйген құмтасты қаншалықты тегістеп, келсап ағашпен түйгіштесең де жаңбырлы күндері су шайып аласарып қалатын.

(О. Бөкей)

а) жиһанкез, тарих, құдірет сөздерінде жуан, жіңішке дауыстылар неге аралас келгенін түсіндіріңіз.

ә) мал, тіл, құлын сөздеріне ш, с дыбыстарынан басталатын қосымша жалғап, ережесін түсіндіріңіз.

7-жаттығу. Құрамында буын үндестігіне сай және қайшы сөздерді теріп жазып, ықпал түрін анықтаңыз.

Өмір өз ырғағымен осылай өтіп жатты. Жылда жұрт қатарлы жайлауға шығамыз. Баяғыдай жайлауға апарып семіртіп қайтамыз детін көп малда жоқ. Біздікі әйтеуір қатардан қалмау... Апам кейде өзінің көші-қонынан жалыққанын жасырмайды: – «Ит сорлысы көшбасшыға ереді» дегендей, осы біздің итарқасы қиянға Көктөбеге сандалатын не жөніміз бар? Одан гөрі осы маңайда қалып, бір уақыт егінге, шөпке қарап дегендей, қыс қамын ертерек ойлағанымыз жөн емес пе?! – дейтін-ді.

Бір айта кететін жай, өлеңдері кітапқа шыққан жастар – аудандық орталықтандырылған кітапхананың оқырмандары.

Осыдан бес жыл бұрын тіл маманы ұстаз Әзірхан Калиндиров кітапхана жетекшілігімен «Аққауырсын» поэзия клубын ұйымдастырған болатын.

(Қ. Жұмаділов)

а) тарихқа, қызығушылық сөздеріне қосымшаның жалғану ерекшелігін түсіндіріңіз.

ә) п, қ, к дыбыстары қай дыбыстардың әсерінен түбір мен қосымша арасында өзгеріске ұшырайды?

8-жаттығу. Сөйлемдердегі буын үндестігі бойынша жалғанған қосымшалардың астын бір, дыбыс үндестігі бойынша жалғанған қосымшалардың астын екі рет сызыңыз.

Жұрттың сөзіне сенер-сенбесімді білмей, газетті ашып қарасам, ішкі екі бет түгелімен әдебиетке арналған екен. Әкем көз жұмды. Қас-қабағыма қарап аяушылық білдірген үй иелері менің алаңсыз оқуыма барынша жағдай жасады. Соңғы жеті жылда Шәуешек пен Светінің арасын кемінде сан рет өткен шығармын-ау! Бұл екі ортаның әрбір тасы, әр бұтасына дейін көзсіз табатыныма сөз жоқ. Сол үйреншікті тас жолда шалқып келе жатып, алда апам екеуіміздің арамызда қандай әңгіме күтіп тұрғанында ойлап қоям.

*(Қ. Жұмаділов,
«Таңғажайып дүние»)*

а) сөз ішіндегі және сөз аралығындағы кейінді ықпалды тауып жазыңыз.

ә) теңізші, сөзсіз – ықпал түрін анықтап, ережеге сәйкес ерекшелікті түсіндіріңіз.

9-жаттығу. Өлеңнен ықпал түрін ажыратып, мәнерлеп оқыңыз.

Жыр жұлдызы

Тойларың тойға ұlassын, туысқандар,
Жырымен жақсылардың тыныстандар.
Ұрпағың ұлтын сүйіп, жұртын ойлап,
Қашанда ел басқарып, туыстандар.

Сүйінбай – елдің бағы, жырдың бағы,
Құлатқан Қатағанды қырғыздағы.
Сүйінбай, Жамбылдардың аты барда,
Сөнбейді Жетісудың жұлдыздары.

(Серікбай Қосан)

а) шөптің, клубтың, биологтан, қашпа сөздеріндегі ықпал түрін ажыратыңыз.

ә) Жап, сеп етістіктеріне қосымша жалғаңыз.

10-жаттығу. Буын үндестігі сақталмаған қосымшалы сөздерді тауып жазыңыз.

Осекең екеуіміз таза ауа жұтып, аяндап барамыз. Жұмысыңа мықты бол, болашағың алда, заман сендердікі.

Айнабұлаққа аман-есен жеткен соң Күсенов деген жігітке табыс етерсің, қолында тура сенікі секілді таяғы бар және тура менікі секілді көзілдірігі бар ұзын бойлы арық жігіт Көнебай бір дауда осылайша құтылғанымен, екіншісінде бәрібір абақтыға қамалды. Досы Қаражан саудагердің үйіне жалғыз-ақ түнеп, шыр айналып Шыңғысты басып Абайға барады. Үйрене алмағандікі-ау, туғалы көрмегендікі шалды аталап бас салғанда «құлыным» деп өзін-өзі жұбатты.

Бүгін таңертең шекараның өн бойынан лап берген көрінеді. Ала өкпе болып жүрген елге басу айтайық. Ар жағындағы адаммен қысқа ғана есен-саулық сұрасқан соң, ауданның қазіргі жағдайын мәлімдей бастады. Денем өзімдікі, басым басқанікі секілді. Ел-жұрттың ортасында сүйкімім жоқ алды-артын жалмаған жалмауыз, қу бас атандым. Құландыдағы әзілқой, сылқым, сері жігіт Қамбарды тандаған да шешесінің қарсылығына қарамай тұрмысқа шыққан тағы өзі.

Өліараның көрдей қараңғы түні. Жылтыраған сәуле жоқ. Асығыс-үсігіс теміржолшылармен өзі сөйлесіп көрді. Рельстің тура жақтауында айнамен қарағанда ғана көрінетін қылдай сынық бар. Тіпті оқта-текте жұмыстың ретімен келген теміржолшылар болмаса бұл үйдің қаңсып тұрғанына қаншама уақыт өтті десеңізші... Уақыт

өткен сайын аралары алыстап, суысып барған-ды. Бейшара, онын не кінәсі бар, батыр тұлғалы жылқышы бүгінде шаруақор шалға айналып барады. Өкелі-балалы арбакеш Ақшиге барар күре жолдан бұрылып сұрлеуге түсті.

(О. Бөкей)

а) үндестік заңына байланысты ережені еске ұстай отырып мысал келтіріңіз.

ә) кино, театр сөзіне қосымша жалғап жазыңыз.

11-жаттығу. Құрамында үндестік заңына қайшы сөздерді теріп жазыңыз.

Көнетоз ақ қалпағын маңдайына түсіре киген қара мұртты біреу қасымызға ағындатып келді де, бетімізге үдірейе қарады. Бөлмедегі ас-суымыз да ортақ, сенікі-менікі демей қалтамыздағы соңғы тиынға дейін бірге жұмсайтынбыз. Мен жөн-жосығымды, аты-жөнімді айттып, әкелген өлеңдерімді ұсындым. Ал Әлімбаевтардың жөні бөлек. Мен оларды таланттардың тәлімгері, батагөй бапкері деп атар едім. Айтпақшы, сол Мұзағаң өзінің еске сақтау қабілетімен тағы да таң қалдырды. Иісі ұйғырдан екі өнерпаз қатысқан екен. Біз сол жолы іргелес жатқан Шалкөде жайлауын армансыз-ақ араладық. Шекараға таяу «Айқайтөс» асуына дейін барып қайттық.

Бұрын үсті-басы тозыңқырап жүретін Төлеубек тұрмысын түзеп, шырыштай киініп алыпты. Екінші курстың сабағына бар ынтамен кірісіп жатырмыз. Тек, менің есімнен Өуезовтің қоштасарда айтқан: «тағдыр аман-есен көрісуге жазсын» деген сөзі көпке дейін ойымнан кетпей жүрді. Институттың мұғалімдер асханасынан үш мезгіл тамақ ішіп тұратын көрінеміз. Әдебиетшілер, тарихшылар Ташкент архивінен әртүрлі құжат-деректер табады. Біздің ауылдан арғы бетке апаратын екі жол бар. Біреуі – Бөктержолмен батысқа қарай тартамын Бақты шекарасы, екіншісі – терістіктегі Қараөзек. Апам көшетін көлік іздеп, мазасыз бір ойда отырды.

(Қ. Жұмаділов)

а) Бөктержолмен, Қараөзек , Шамшәріп, Шалкөде, құжат-деректер үндестік заңы сақталған ба?

ә) кино, Жакулин сөздеріндегі и дыбысының емлесін еске түсіріңіз.

12-жаттығу. Мәтіннен ережеге сәйкес кейінді ықпалы бар сөздерді теріп жазыңыз.

1. Қыз жағы баршылық. 2. Егер өз адамыңның аузынан ондай сөз шықса, шаңырақтың ортасына түскені. 3. Сенің қарап отырғаныңды сезсе ыңғайсызданып, қызарып кетеді. 4. Менің өткен өміріме көз жіберген адам жаңағы сұраққа жауап табады. 5. Семей жақтан апам бастаған туыстар көрші-қолаңын ертіп, Үңгіртастағы ата-енеміз де келді. 6. Той тізгінін ұстаған Дүйсенбек Қанатбаев та сол күні өздерінің асабалық талантын аямай-ақ жұмсады. 7. Араласып жүрген біраз үйлерді алдағы жексенбіге дәмге шақырып қойғанбыз. Күн батты, қас қарайды, Сәуле әлі жоқ. Күн сенбі болатын, келетін уағы да өтіп барады. 8. Құрылтайда бес жүздей жазушының арасынан елу-алпыс басқарма мүшесі сайланады. Өкімет бекіткен ресми басшылардың сыртында сол кезде әдебиеттің ауа райын жасауға тырысатын тағы бір топ болды. 9. Ол уақытта жұмыс шақ келтірмейтін жас кезіміз. Жас сыншы деді ме әлде біреулердің айдап салуымен ұрынып қалды ма, кесіп айту қиын. Романның өн бойынан іліп алар ештеме таппапты. Біреудің арасына түскенді қойып, көп ұзамай өз басыма да бұлт үйіріле бастады. 10. Ақбаланың іс-әрекеті түгелімен Ақсиньяны еске салады. Мұның өзі көп адамдар үшін жай түскеннен кем болған жоқ.

(Қ. Жұмаділов)

а) сөз тіркестері аралығындағы ықпал түрін анықтаңыз.

ә) жүз шақырым, таң қалды, жаз шықты сөз тіркестеріндегі кейінді ықпал түрін анықтаңыз.

б) көрші-қолаңын сөзіндегі ықпал түрін анықтап, мысалдармен толықтырыңыз.

13-жаттығу. Мәтіннен буын үндестігі бойынша жалғанған қосымшаның астын бір, дыбыс үндестігіне жататын қосымшаның астын екі сызыңыз.

Жаңа бір бағытқа жол ашып бергенін, бәлкім сезінбеген де болар. Әйтсе де бағы жанбай жүрген бір талантқа қол ұшын созып, сортаң батпақтан суырып алғаны хақ. Кеңес төрағасының басшылықтан кетуін әркім әрқалай болжам айтты. Ішке кірсем, кең кабинетте он-он бес адам отыр екен. Қолжазбаны орысшаға аударту керек, оған едәуір уақыт кетеді. Бірақ көнбеске амал жоқ. «Соңғы көштің» толғағы тарап кетті де, екінші кітапты жазу үшін біраз ес жинау керек болды. Баспаның жаңа басшылары маған қырын қарайтыны, қабақтарында ызғар бары маған мәлім. «Кімнің асын ішсең соның сөзін сөйле» деген Құрманбектің «ғақлиясы». Бұрынғы үкімет басшысы бұл күнде тіл маманына айналып, арабша-қазақша жұқалтаң сөздік шығарған екен. Дүние тарихына көзқарас атты үш томдығын алады да, әлгі кітапшаның үстіне қояды. Мен бірнеше ай бойы жалақы ала алмай жүрдім. Сол жердің топырағы елінің нәсібі өсетін шөбіне дейін маңызды рөл атқарады.

(Қ. Жұмаділов)

а) жыланқарағы – ықпал түрін анықтаңыз.

ә) кебеді, кеуіп сөздеріндегі түбір сөзді тауып, ерекшелігін түсіндіріңіз.

б) кәсібі, топырағы сөздерінің ықпал түрін анықтап, мысалдармен толықтырыңыз.

14-жаттығу. Ереже бойынша әр ықпал түрін анықтап, мәтінді көшіріп жазыңыз.

Мұндағы бас редакцияда Дүкенбай Досжанов сияқты қаламгерлер істейді екен. Сол екі сәттен сүрінбесең, екі аралықта танаудан шаншылатындай көп жұмыс жоқ. Медеудегі қонақ үйден жеке бөлме алып табан аудармай екі ай жазу жаздым. Таза ауа, әсем табиғат, айнала аппақ қар. Қуанышта шек жоқ! Мен дауысқа түсе алмай, құлагері Батыраштың балтасына жолыққан Ақан серінің кебін кидім. Жамбыл ауданына қарасты Қарғалы қалашығында туыстарым

тұратынын жоғары да айтқанмын. Бұлақ көбігін атқылап өзен ағып жатқан, жаздың аптап күндерінде тау аңғарын бойлай самал есіп тұратын. Жанға жайлы тамаша жер. Сондықтан сенбі, жексенбіде бала-шағамды ертіп барып, сол жақта демалатынымын. Олар көмір туралы жазады, мен өмір туралы жазамын. Біздің көзқарасымыз бір жерден шығуы мүмкін емес. Бір күні баспаға барсам редактор жігіттер сылқ-сылқ күле береді. Әуезовтей көшбасшыдан айырылып, жетімсіреп қалған кезімізде Айтматовқа үлкен үмітпен қарағанымыз рас. Көп ұзамай, Айтматов шығармаларын насихаттауда қырғыздардың өзі бізге ілесе алмай қалды. Біздің тұрған жеріміз қалаға батыс жақтан кеп кіретін тас жолдың түбі еді.

(Қ. Жұмаділов)

а) кітаптар, пионерлер – қосымшаға байланысты ережені айтыңыз.

ә) кейінді ықпалдың тіл ғылымындағы атауы қалай?

15-жаттығу. Сөздерді ықпал түріне қарай әр бағанға бөліп жазыңыз.

Мысалы: аяз-ды, түбір мен қосымша.

Бәріміз жабыла қимылдап, аязды түнде арпалысып таң атқанша окоп қаздық. Алғашында ашық жерде тұрғанымызда денеміз тітіркеніп, бойымыз түршіккенінен өзімізге окоп қазып алғаннан кейін жанымыз жай тауып, тіпті өз үйімізде отырғандай сезіндік. Таң ата жаулар тағы да оқ боратты. Түнде жауған қар аппақ қылып тастаған айналаны әп-сәтте соқамен жыртқандай қап-қара етті. Ал Әділжан болса, нағыз сабаздың өзі. Қандай қиын қыстау кезеңде болса да, ол асықпай көздеп атады. Дос-жаран, туыстарымен отыз жыл көріспей кетіп қайта қауышқан қызық болады екен. Адамның төзімділігін, жүйкесінің беріктігін сынау үшін әдейі жасалған тәжірибе де мұндай сәтті шықпас. Барлық үмітіне балта шабылғандай болған Еркін енді не болса да арғы бетке аман-есен жетіп алуға бет алды.

(Ә. Нұршайықов)

а) Әділжан, Досжан, Оразқұл, Жеңісбек – біріккен сөз аралығындағы ілгерінді ықпал түрі бар сөздерді атаңыз.

ә) түбір мен қосымша аралығындағы ілгерінді ықпал түріне мысалдар ойлап жазыңыз.

16-жаттығу. Ережеге сәйкес ықпал түрлерін ажыратып жазыңыз.

Көшеде күн сайын көп адам жүздеседі. Ескі досың да, майдан-дас жолдасың да, алғашқы ғашығың да алдыңнан шығады. Доспен жүздескенде балалық шағың қол бұлғап тұрғандай болады. Жауынгер жолдасыңды көргенде етікпенен су кешіп, Отан үшін еткен ерлігің еске түседі. Ал алғашқы ғашығыңмен кездескенде жүрегіңе алыстан бір тәтті лүпіл оралып, бір сәт жастығың қайта келгендей күй кешесің. Өстіп анда-санда көріп, жастығыммен жүздесіп жүрсем болды маған. Жұрт оның серілігіне орайластырып, Төлеген деп те ат қойған. Шын Төлеген өзінің Қыз Жібегін іздеуі керек.

Аяқ астынан апатты дауыл соғып, жайқалып пісіп тұрған егінді жайпап, жапырып кеткендей болды. Жас баласын жұбатып, жалғыздікті келіншегіне қолғабыс боп кешке үйде отыру Әсеттің кәперіне келуді қойды.

Кейде оның қонып қалған жерін біліп, жүрегі от боп өртеніп жүрді. Кейде оның құлап жатқан жерінен тауып намысқа тырысып, сүйрелеп үйге әкелді.

Әсет мың мәртебе аяғыңа жығылып ант-су ішті. Оған сен сендің. Сенің сол қасіретінді ауызбен айтып жеткізу қиын. Әлдебір қайырымсыз қара күш көкірегіңді қарс айырып жіберіп, жүрегіңнің тамырларын бырт-бырт үзе суырып әкетіп бара жатқандай сияқтанды.

(Ә. Нұршайықов)

а) біріккен сөздегі кейінді ықпалға мысалдар жазыңыз.

ә) аз жұмыс, жаз шықты – ережеге сәйкес ықпал түрін ажыратыңыз.

17-жаттығу: Өлеңнен ықпал түрін ажыратып түсіндіріп айтыңыз.

Сары ала қаз оралды

Салқын жайлау, самал жел, саумал бұлақ
Жатар ма екен көпіршіп таудан құлап?
Биыл жазда тағы да көгере ме,
Былыр күзде қуарып қалған құрақ?
Сары уайым салудың не керегі
Көгереді бәрі де көгереді!
Көп досымды жоғалттым осы қыста,
Келесі жаз білмеймін, не береді...

(М. Мақатаев)

а) көгереді – ықпал түрін ажыратып жазыңыз.

ә) клуб, доп сөздеріне қосымша жалғап жазып, ерекшелігін түсіндіріңіз.

18-жаттығу: Ықпал түрін анықтап, жаттығуды орындаңыз.

Әбдірахман молда емес, дәрігер, сүйегі Семейдің шала қазағы деседі. Тағдырдың тәлкегін қойсаңшы, енді, міне, дәрігердің өзі ауырғанда қол ұшын берер пенде жоқ. Балықбай шалдың дүкені жабылып қалса, Кәмілжандай шеберлерді қазір кооперативке иіріп тастаған. Кітапханадан әдеби кітаптар, газет-журналдар алып оқуға әбден машығып қалған.

Жетінші класқа дейін бірге оқыған, одан кейін институтқа оқуға кеткен Мырзахан Құрманбаев деген толық бала бар еді. Желсіз тымық ауада танауды қытықтаған бір жағымды иіс бар. Тек бір таң қалғаным: әннің күн шығар-шықпастан тым ерте айтылып жатқаны. Бірер сағат көз шырымын алдық та қайта тұрдық. Таяу маңдағы асханада тамақтанған соң, бізді бірден қала аралатуға алып шықты. Таңқалғаным: қазақтың астанасында қаптап жүрген орыстар. Сөйтсек, кеше Мырзаханды көк ала қойдай қылып сабаған осылар екен. Мен бірден жауап бере алмай бөгеліп қалдым, өзін еркін

ұстайтын Сәбит Мұқанов ауызша әңгімеге келгенде тіпті шебер екен. Біз сол күні тал егу жұмыстарымен жан-жаққа бытырап кеттік те, Төлеубектен көз жазып қалдым.

Бөденедей ғана тас шамның жарығы өз маңайынан аспайды. Бір кезде жігіттердің көмегімен арқанға жармасын далаға шыққаным, сонан соң ес жия алмай, біраз уақыт мәңгіріп отырғаным есімде.

*а) қос, бас, тұз, сыз сөздеріне **ш**, с дыбыстарынан басталатын қосымша жалғап, айтылуы мен жазылуындағы айырмашылықты түсіндіріңіз.*

ә) еңбек, жүрек, орақ сөздеріне қосымшалар жалғап, түбірмен қосымша аралығындағы ықпал түрін анықтаңыз.

19-жаттығу. Үндестік заңы бойынша ықпал түрін анықтап, жаттығуды орындаңыз.

Колхозшы шалдың жастар туралы айтатын пікірі орынды. Сонда да уақыт тауып қалар деп үміттене береміз. Өмірдің күнгей, көлеңке жақтары жатсаң-тұрсаң жүрегіңді тырнап тыншытпайды. Демалыстан кейін жауабын бермек. Очеркіңнің бас жағында біраз шұбалаңқылық бар сияқты.

Мен кейде хат жазуға 4-5 ауыздан артық сөз таба алмайтын адаммын. Қырымға жүргелі жатырмын. Себі тиер ме екен? Менің ең жақыным, ең тірегім өздеріңсіндер. Ол мүсәпір ойдың, болымсыз ойдың, тірі қалсам екен деген өзімшіл ойдың құшағында қалады. Мұны саған өткен хатымда жазсам керек. «Бір тамаша роман жазсам, онда өз замандастарымды жан-жақты «көрсетсем», – деп арман етуші едім. Онсыз мүсәпірліктен шыға алмайсың.

Орысша жазбаған соң, бәрібір кіріптарсың – аударма ойыңнан шыға бермейді.

Қазақша жақсы жерлерің орысшасында жүдеуі де мүмкін, сондықтан сөз жоқ әлсірейді. Очеркің жайында маған бір-екі ауыз сөзбен болса да жазсаң, жөн болар еді, хабарласа алсаң. Емі сол баяғы. Ол өкпеге себін тигізсе, жүрекке зәрін шашады. Ақмоладағы жағдай осы болды. Онда да далаға шықсам аяз соғып тұр. Ертесінде пойыз кешігіп, біз Ақадыр стансасына жаңа келіппіз. Ақадырдан өтісімен

қарсыз дала басталды. Терезенің көзіндегі қыраудан дала көрінбейді. Қыстан шығып, жазға келдік. Содан кейін әнеукүнгі өзіңізге оқыған «Қысқы күнделікті» өңдемекшімін. 31-і күні іссапардан келсем, әркімдерден телеграмма бар екен. Кеше хат тасушы қыз екі хат әкеп берді. Биыл астық ысырабы көп болды, көп егін комбайн жетпей курап түсіп қалды ғой. Бүгін таңертең Шаңғытбаевқа телефон соғып ем, ол жаңа шығып кетті деді. Ол маған Алматыдан еш жаңалық айта алмады.

(Ә. Нұршайықов)

а) ысырабы, Шаңғытбаев, қарсыз, көрінбейді сөздеріндегі ықпал түрін анықтаңыз.

ә) шолақ еді, көк жиек, шөп әкелді сөз тіркестері арасындағы ықпал түрін анықтап, ережесін түсіндіріңіз.

б) қарсыз – түбір мен қосымша аралығындағы ерекшелікті түсіндіріп, мысалдармен толықтырыңыз.

20-жаттығу. Мәтінді оқып, үндестік заңына байланысты кейінді ықпалы бар сөздерді анықтаңыз.

Қырым – Қара теңіз жиегі. Сіз хат жазсаңыз, кеткенімше алар ма едім. Айтыңызшы, өз халіңіз қалай? Ұзын бойлы, қасқа маңдай адам теңіз бен Ай – Петриге кезек қарап қояды. Теңізші ме екен... Қорықпайды, жағаға ұрылып жоқ боп кетемін деп.

Облыс басшыларына өкпе-наз айтып өкпелеушілер, керісушілер де жоқ емес. Әрине, мұның бәрі ауызша сөз ғана. Бұрынғы дәстүр бойынша не істеп, не қойғанымнан есеп берейін, мен Сізге... Кітабым жұртқа ұнамай қалар ма екен деп, көп уақыт қиналып жүрдім. Менің алғашқы қолжазбам 14 баспа табақ еді. Өз қолыммен жазылған болатын. Сол повесть журналға жарияланғанша Мұқан менен көз жазбады. Кітап дүкеніне бардым, өзім бұрын алған бірінші томдағы «Бейшаралар» романын қайталап оқып та шықтым. Шіркін-ай, осындай етіп мен де бір шығарма жазсам-ау! – деп ойладым.

Енді оның екінші қорлығын айтайын. Ол үй мәселесі жайында. Елуінші жылдардың бас жағында Жазушылар Одағының өзі бірнеше

пәтерлік үй салдыруға кірісті. Сіз соғыс кезінде көмір қазсаңыз, енді, міне, соның зейнетін көріп отырсыз. Жастығын түзеп, басын ары-бері қозғады да, Мұқан әңгімесін қайта жалғады.

(Ә. Нұршайықов)

а) Ырысбек, Ақтөбе, Күмісжан – біріккен сөз аралығындағы кейінді ықпал түрі бар сөздерді анықтап мысалдармен толықтырыңыз.

ә) тауып келді, алып бер, айта алмады, көз жұмды – күрделі сөздер аралығындағы кейінді ықпалды анықтаңыз.

21-жаттығу. Айтылуы мен жазылуында өзгешелігі болатын сөздерді теріп жазыңыз.

Қазіргі түннің салқынында алтыбақаннан оралған қыз-қырқын, жігіт-желендердің дабыра үні – бұл әлемде ештеңе де назарларын аударып, елең қылмады. Жылы бірге жылдасым болмасаң да, «тай-құлындай бірге өскен замандасымсың», «бес жас – бел құрдас» деген сол, әу шалым. Құлағына күңгір-күңгір дауыстары естілгені болмаса, не айтып, не қойғандарын жыға ұққан жоқ.

Қара мойын құлыңмын, қанды қолды ұрыңмын деп, аяғына жығылғаннан өзге амалды көре алмай отырмын. Әуестік жеңдеп өзі де жоғары қарап еді, көк аспанды төртке бөлген қара ала бұлттан өзге ештеңе көрмеді. Шешенің жөні бір басқа. Мынау ақ орда – алтын қордаңызды кимай, қия алмай, дүние боқты амал не, түбі қиясыз. Көзқарас дегеніміз – әке, өз мақсатың, ел қамы үшін күресу, өз ісіннің әділдігін дәлелдеу.

– Жолдастар! – деді өкіл жігіт саңқылдап.

– Ғасырлар бойы тусырап жатқан қазақтың ұлан-байтақ дала-сына теміржол тартылды, қолында тура менікі секілді көзілдірігі бар ұзын бойлы арық жігіт үйдің көлеңкесін паналап аз аялдады да, пенжагін шешіп иығына асты да өзенге беттеді.

(О. Бөкей)

а) айтылуы мен жазылуында дыбыс саны жағынан айырмашылығы бар бірнеше сөз тауып жазыңыздар.

ә) үндестік заңына бағынбайтын қосымшалармен мысалдар келтіріңіз.

22-жаттығу. Буын үндестігі сақталмаған сөздерді тауып жазыңыз.


Айлы түн еді. Ақжайлау. Қамзол киіп белдерін әшекейлі белбеумен буынған түрегеліп тұр. Тіпті оқта-текте жұмыстың бабымен келген теміржолшылар болмаса, бұл үйдің қаңсып тұрғанына қаншама уақыт өтті десеңізші. Сол Әйткен бір жексенбіде біздің жатақханаға қыдырып келді. Жалғыз емес, қасында Амангелді, Ботакөз деген ақын жігіт ортамызға келгенін қуаныш етіп бар мәзірімізді ортаға жайып тастап күтіп жатырмыз. Никольский базарынан тіске басар тағамдар, қыздарға деп кәмпит дейсің бе... қойшы тізіп тастадық. Өлеңдер оқылып, әңгіме-дүкен құрылып көңілді отырыс көпке дейін созылды. Бұрын атына қанық болғаныммен ақынның өзін көріп тұрғаным осы. Көнетоз ақ қалпағын маңдайына түсіре киген, қара мұртты біреу қасымызға ағындатып келді де, бетімізге үдірейе қарап тұрып қалды. Жігіттер қызыңқырап қалған, бір жәшік қылмойын шишалардың бәрі босап қалды. Әлгі қыр мұрын содан бір кезде қалтасынан бір бума ақша шығарды да: «Сендер студентсіңдер, ағаларыңның қолынан дәм татыңдар», – деді. Біз бәтеңкелерімізді шешіп төргі үйге қарай өттік.

(Қ. Жұмаділов)

*а) **ый** дыбыстары қандай түбірден тараған сөздерде ғана жазылады, мысалдар беріңіз.*

ә) бәтеңке, ормал, жәшік, кесе, кәмпит, студент – дәстүрлі принцип бойынша қалыптасқан сөздерді тауып жазыңыз.

ФОНОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУДЫҢ СЫЗБАСЫ



Жуан буынды сөзге фонологиялық талдау жасаудың үлгі сызбасы.

Балалар

1. Бұл сөз айтылу, жасалу, жазылу жолдарына қарай – жуан буынды сөз. Себебі сөздің құрамындағы дауысты дыбыстар (3а) **жуан дауыстылар**.

2. Бұл сөз **ба-ла-лар** болып үш буынға бөлінеді. Себебі сөздің құрамында үш дауысты дыбыс бар.

Ба – ла – лар



а.б. а.б. б.б.

ба > ашық буындар (а.б.) . Себебі дауыссыз
ла > дыбыстан басталып, дауысты дыбысқа
аяқталып тұр;

лар – бітеу буын (б.б.). Себебі дауыссыз дыбыстан
басталып, дауыссыз дыбысқа аяқталып тұр.

3. Бұл сөз:

Ба – | болып екі жағдайда тасымалданады.

ла – | Себебі сөз үш буыннан тұр немесе сөз

лар – | буын жігіне қарай тасымалданған.

4. Қазақ тілінде екпін тұрақты, сөзге қосымша
жалғанған сайын сөздің соңғы буынындағы дауысты
дыбысқа қарай ығысып отырады. Сондықтан бұл
сөзде екпін -лар буынындағы [а] дыбысына түседі.

Балалар

5. Ба – **ла + лар, (лер)** емес. Сөзде буын үндестігі бар.
Түбірдің соңғы (**ла**) буыны жуан болғандықтан, оған
жалғанатын қосымша да (**лар**) жуан, (**лер**) емес.

6. Бал **а + лар, дар, тар** емес.

Дыбыс үндестігі заңы бойынша түбір мен
қосымша арасында ілгерінді ықпал (↘) бар. Себебі
түбірдің соңғы дыбысы (**а**) дауысты болғандықтан,
жалғанатын қосымша басқы дыбысы үнді (лар)
болуын талап етеді. Сондықтан (дар) немесе (тар)
қатаңнан басталған түрі жалғанбайды.

Дыбыстарға математикалық тәсілмен мінездеме беру

Берілгені: Балалар $\neq \bigcirc = \frac{\square}{\Delta}$?

$\square$ - дауысты
 Δ - дауыссыз
 $\bigcirc$ - дыбыс

Шешуі: балалар $= 7 \bigcirc = \frac{3 \square (3a)}{4 \Delta (2л, б, р)}$

$\square$ - түрлері

1. Тидің қатысына қарай $= \frac{\text{жуан}}{\text{жіңішке}}$;

$3 \square = \frac{3 \square (3a) \text{ жуан } \square}{\emptyset \text{ жіңішке } \square}$;

2. Жақтың қатысына қарай $= \frac{\text{анық}}{\text{қысаң}}$;

$3 \square = \frac{3 \square (3a) \text{ анық } \square}{\emptyset \text{ қысаң } \square}$;

3. Ерін мен езудің қатысына қарай $= \frac{\text{еріндік}}{\text{езулік}}$;

$3 \square = \frac{\emptyset \text{ еріндік } \square}{3 \square (3a) \text{ езулік } \square}$;

Δ - түрлері $4 \Delta (2л, б, р)$ балалар.

Үн мен сандырдың қатысына қарай $= \frac{\text{қатаң} + \text{ұяң}}{\text{үнді}}$;

$4 \Delta = \frac{\emptyset \text{ қатаң } \Delta + 1 \Delta (б) \text{ ұяң } \Delta}{3 \Delta (2л, р) \text{ үнді } \Delta}$;

Тест тапсырмалары

7-нұсқа

1. Дыбыс үндестігі дегеніміз не?

- А) сөз аралығында соңғы дыбыстың алғашқы дыбысқа әсері
- Ә) сөз, сөз қосымшаларындағы дауыстылардың бірыңғай келуі
- Б) көршілес дауыссыз дыбыстардың бір-біріне ұксата әсер етуі
- В) сөздердің дұрыс жазылу принципі
- Г) сөздердің екпінмен айтылуы

2. Үндестік заңына бағынбайтын қосымшаны табыңыз.

- А) атын-етін
- Ә) ғалы-гелі
- Б) ғыш-гіш
- В) қан-кен
- Г) кер-кеш

3. Үндестік заңына бағынбайтын сөзді көрсетіңіз.

- А) қалың алабота
- Ә) қара ала қағаз
- Б) қоғамтану сабағы
- В) Қызылорда қаласы
- Г) сүтқоректілер тобы

4. Үндестік заңына бағынбайтын сөзді көрсетіңіз.

- А) таңбалы тас
- Ә) дуанбасы сайлау
- Б) келісімхат жазу
- В) қылқалам шебері
- Г) Алатау ауданы

5. Үндестік заңына бағынбайтын сөзді көрсетіңіз.

- А) Бақты тауы
- Ә) Таскескен көпірі
- Б) мидай дала
- В) таулы аймақ
- Г) Ақшоқы ауылы

6. Үндестік заңына бағынбайтын сөзді көрсетіңіз.

- А) Ақбозат
- Ә) көкжөтел
- Б) жолсерік
- В) сазсырнай
- Г) Майбасар

7. Үндестік заңына бағынбайтын сөзді көрсетіңіз.

- А) Орал
- Ә) итмұрын
- Б) Қаратау
- В) қолжазба
- Г) інішек

8. Үндестік заңына бағынбайтын сөзді көрсетіңіз.

- А) Мұсахан
- Ә) ұлы
- Б) Нұржан
- В) ұрпақ
- Г) еңбекқор

9. Үндестік заңына бағынбайтын қосымшаны көрсетіңіз.

- А) -дар, -дер
- Ә) -нікі, -тай
- Б) -ға, -ге
- В) -тан, -тен
- Г) -лар, -лер

10. Үндестік заңына бағынбайтын қосымшаны көрсетіңіз.

- А) -дан, -ден
- Ә) -ды, -ді, -ты, -ті
- Б) -мен, -бен, -пен
- В) -ғыз, -гіз, -қ
- Г) -шыл, -шіл, -с

11. Үндестік заңына бағынбайтын қосымшалы сөзді көрсетіңіз.

- А) институтта, жатақханада
- Ә) оқу залында, үйге
- Б) балаға, әкемен
- В) пайдакүнем, бейуақ
- Г) адамдық, кісілік

12. Үндестік заңына бағынбай жазылған сөзді көрсетіңіз.

- А) Жанаттың еңбекақысы
- Ә) ауыл мектебі
- Б) қолжазбаны көшіру
- В) әкенің өсиеті
- Г) балалық жасау

13. Буын үндестігіне сай жазылған қосымшалы сөзді табыңыз.

- А) Мұраттікі
- Ә) Жақыпбеков
- Б) ақылғөй
- В) әкетай
- Г) кісілік

14. Ілгерінді ықпалды көрсетіңіз.

- А) тұзсыз
- Ә) көлшік
- Б) тауша
- В) қашса
- Г) балығы

15. Сөз аралығындағы кейінді ықпалды анықтаңыз.

- А) ақ сұр
- Ә) қол ара
- Б) терең білім
- В) салт атты
- Г) жүз жыл

16. Кейінді ықпал бар сөзді анықтаңыз.

- А) сауыншы
- Ә) пәлекор
- Б) екеуіміз
- В) ерлік
- Г) жұлдызша

17. Сөз ішіндегі ілгерінді ықпалды табыңыз.

- А) жанбады
- Ә) көзсіз
- Б) дәріхана
- В) көзілдірік
- Г) қаракүйе

18. Сөз ішіндегі ілгерінді ықпалды көрсетіңіз.

- А) басшы
- Ә) қазақша
- Б) саудагер
- В) сәнкой
- Г) ішсін

19. Біріккен сөздердегі ілгерінді ықпалды табыңыз.

- А) көзқарас
- Ә) Жанпейіс
- Б) белбеу
- В) Сарыарқа
- Г) Амангелді

20. Күрделі сөздер аралығындағы ілгерінді ықпалды көрсетіңіз.

- А) құрбы-құрдас
- Ә) Сарыөзек
- Б) қара ешкі
- В) тас жол
- Г) келе алмайды

8-нұсқа

1. Сөз аралығындағы кейінді ықпалды көрсетіңіз.

- А) сөз шебері
- Ә) судың жағасы
- Б) жаз ортасы
- В) ауыл кеші
- Г) сұрап ал

2. Біріккен сөздегі кейінді ықпалды табыңыз.

- А) Ақтөбе
- Ә) Қаптесер
- Б) Ақтөс
- В) Бозторғай
- Г) Итмұрын

3. Тоғыспалы ықпал түрін көрсетіңіз.

- А) Жыланқарағы
- Ә) тарағым
- Б) Қамыстысай
- В) Рабиянікі
- Г) тұзсыз тамақ

4. Тоғыспалы ықпал түрін ажыратыңыз.

- А) сөзшең бала
- Ә) сары ала
- Б) Мұратбек
- В) Раушангүл
- Г) Досжан

5. Мына сөйлемнен тоғыспалы ықпал түрін ажыратыңыз.

Рұқияның добы тас жолға домалап кетті.

- А) Рұқияның
- Ә) добы
- Б) тас жолға
- В) домалап
- Г) кетті

6. Сөз тіркестеріндегі кейінді ықпалды көрсетіңіз.

- А) қыздар тобы
- Ә) егін орағы
- Б) түнгі дауыс
- В) көзсіз қараңғы
- Г) күн батты

7. Сөз тіркестеріндегі кейінді ықпалды көрсетіңіз.

- А) жүз шақырым
- Ә) жүзге келді
- Б) қатал басшы
- В) сәнқой бала
- Г) Бозжан күйші

8. Біріккен сөздегі кейінді ықпалды көрсетіңіз.

- А) Ақтөбе
- Ә) шаштараз
- Б) тасбақа
- В) Алтынкүл
- Г) Досбол

9. Біріккен сөздегі кейінді ықпалды көрсетіңіз.

- А) Жанпейіс
- Ә) тоқбала
- Б) сәнқой
- В) Нұржан
- Г) белбеу

10. Түбір мен қосымша аралығындағы ілгерінді ықпалды көрсетіңіз.

- А) Ананың көңілі балада
- Ә) еңбегіне қарай өнбегі
- Б) жақсылықтың нұрын сеп
- В) болашағынан үміттен
- Г) сәнқойдың сылтауы көп

11. Түбір мен қосымша аралығындағы кейінді ықпалды көрсетіңіз.

- А) бәлеқор адам
- Ә) беташар болды
- Б) қарды тазала
- В) қосшы жігіт
- Г) дала сарыны

12. Біріккен сөз аралығындағы ілгерінді ықпалды көрсетіңіз.

- А) Ақтоғай
- Ә) ақауыз
- Б) Қарақұл
- В) күренбел
- Г) сарыала

13. Біріккен сөз аралығындағы ілгерінді ықпалды көрсетіңіз.

- А) өнеркәсіп
- Ә) қаратөбе
- Б) бұлбұл
- В) Есжан
- Г) отбасы

14. Сөз тіркестері аралығындағы ілгерінді ықпал бар сөзді көрсетіңіз.

- А) он бес күн
- Ә) шалақ жең көйлек
- Б) жас шөп екен
- В) таң қалды
- Г) төге бастады

15. Сөз тіркестері аралығындағы ілгерінді ықпал бар сөзді көрсетіңіз.

- А) сөз қызды
- Ә) жаға берді
- Б) сенгім келеді
- В) сүрінбес тұяқ
- Г) кірпіш үй

16. Кейінді ықпал түрі бар сөзді анықтаңыз.

- А) тілшімен кеңес
- Ә) тас шамды жақ
- Б) хатты ала кел
- В) малды ауыл
- Г) шындықты айт

17. Кейінді ықпал түрі бар сөзді анықтаңыз.

- А) анаңа бара кел

- Ә) қымыз ішсін
- Б) торы ала ат
- В) қырға күз келді
- Г) сырға алып берді

18. Кейінді ықпалды көрсетіңіз.

- А) қарағай
- Ә) ашсын
- Б) жүзгіш
- В) жаңғырық
- Г) тұзсыз

19. Мына сөйлемде кейінді ықпал түрі бар сөзді анықтаңыз.

Рабия ала добын көтеріп жүр.

- А) Рабия
- Ә) ала
- Б) добын
- В) көтеріп
- Г) жүр

20. Біріккен сөз ішіндегі ілгерінді ықпалды көрсетіңіз.

- А) Нұрсұлтан
- Ә) Қаракөз
- Б) дәріхана
- В) Сарыарқа
- Г) Қазанқап

Тест тапсырмалары

Орфография және орфоэпия

9-нұсқа

1. Орфография бойынша дұрыс жазылған сөзді көрсетіңіз.

- А) жаяу
- Ә) жәй
- Б) ыриза
- В) қыйын
- Г) аяз

2. Орфография заңына бағынбай жазылған сөзді табыңыз.

- А) келе алмады
- Ә) дәме етпеді

- Б) сары ала
- В) қала алмады
- Г) алаяққа алданба

3. Орфография заңына бағынбай жазылған сөзді табыңыз.

- А) көзілдірік
- Ә) бүрсігүні
- Б) өлеңшөп
- В) жазғытұрым
- Г) кемеңгер

4. Орфоэпия бойынша жазылған сөзді табыңыз.

- А) көлбеңдейді
- Ә) үскірік
- Б) жиналыс
- В) жымияды
- Г) шалқайады

5. Естілуі бойынша жазылған сөзді көрсетіңіз.

- А) қыйалдау
- Ә) жүргінші
- Б) жаяулап
- В) өмілдірік
- Г) жайбарақат

6. Қай сөз айтылуы бойынша жазылған.

- А) Рұқия
- Ә) Мұратбек
- Б) қиылыс
- В) жұлдызша
- Г) Күмішшан

7. Орфография нормасына сәйкес жазылған сөзді табыңыз.

- А) Рабия
- Ә) Ыраушан
- Б) Жәзирә
- В) Әлиа
- Г) жәйәу

8. Орфография бойынша дұрыс жазылған сөзді табыңыз.

- А) жұмұшшы
- Ә) байаулау
- Б) Баянауыл
- В) қыйалмау

Г) қианқы

9. Орфоэпия нормасына сай сөз қайсы?

- А) шоқысыу
- Ә) жиналыс
- Б) құрылышы
- В) шомылдыру
- Г) бұлыңғыр

10. Орфография нормасына сай емес сөзді көрсетіңіз.

- А) қара ғазан
- Ә) құша ұшу
- Б) қол қою
- В) ащы бұлақ
- Г) жаз сайын

11. Естілуі бойынша жазылған сөздерді көрсетіңіз.

- А) сөмбеді, қарала, күшша
- Ә) ала қап, сөзсіз, боз бала
- Б) тұз жалау, қара нан, мал қора
- В) басшы, құздың, өлең
- Г) көтерем, көкпеңбек, бөлдіргіз

12. Орфография бойынша дұрыс жазылған сөзді табыңыз.

- А) жикангез
- Ә) педагок
- Б) түшшы
- В) сөшшен
- Г) ащы

13. Орфоэпия бойынша дұрыс жазылған сөзді табыңыз.

- А) көк майса
- Ә) көтерем мал
- Б) ашық жариялау
- В) мәңгі-бақы
- Г) көзбе-көз

14. Орфографиялық нормаға сай жазылмаған сөзді табыңыз.

- А) мұрындық
- Ә) митингіге
- Б) лезде
- В) жаздыкүні
- Г) таяқша

15. Айтылуы бойынша жазылған сөзді көрсетіңіз.

- А) өмүр
- Ә) жиналыс
- Б) қиылыс
- В) Бозжан
- Г) құдық

16. Дәстүрлі принципке сай жазылған сөз қайсы?

- А) көзбе-көз
- Ә) арсаң-арсаң
- Б) жұлдызша
- В) кейуана
- Г) бояушы

17. Орфография бойынша жазылған сөздер қатарын көрсетіңіз.

- А) күздүгүні, алаң
- Ә) сарыала, алалмады
- Б) ұйалады, кітап
- В) тасыу, оқиды
- Г) құттықтау, аялау

18. Орфография бойынша жазылған сөзді көрсетіңіз.

- А) сыйады
- Ә) сияды
- Б) сыяды
- В) сияды
- Г) сыйяды

19. Орфография бойынша дұрыс жазылған сөзді көрсетіңіз.

- А) силық
- Ә) сийлық
- Б) сыйлық
- В) сиылық
- Г) сыйлық

20. Жазылу нормасына сәйкес жазылған сөзді көрсетіңіз.

- А) ыләйық
- Ә) ылайк
- Б) ылайық
- В) лайқ
- Г) лайық

1. Орфография нормасына сәйкес жазылған сөзді көрсетіңіз.

- А) сәңқой
- Ә) жүлдүз
- Б) құдүк
- В) өмүрлүк
- Г) күндіз

2. Емле ережесіне сай сөзді табыңыз.

- А) қыйу
- Ә) сұу
- Б) түшшы
- В) жазыу
- Г) кейиді

3. Емле ережесіне сай сөзді табыңыз.

- А) тоқыиды
- Ә) қыйады
- Б) тақыйя
- В) ұйиды
- Г) ыриза

4. Орфография бойынша дұрыс жазылған сөзді табыңыз.

- А) тоййын
- Ә) тояйын
- Б) тояиын
- В) тойайын
- Г) тоййин

5. Айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөзді көрсетіңіз.

- А) көнсе
- Ә) жүрсе
- Б) күлсе
- В) жазса
- Г) көрсе

6. Айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөзді көрсетіңіз.

- А) табан
- Ә) көзілдірік
- Б) сәукеле
- В) орамал
- Г) балапан

7. Айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөзді табыңыз.

- А) Алматы, астана, әдемі
- Ә) табиғат, әсем, қала
- Б) көзілдірік, өзен, құрылысшы
- В) екпін, ашық, бітеу
- Г) дала, кереге, шаңырақ

8. Орфоэпиялық заңдылық бойынша жазылған сөзді табыңыз.

- А) құлын, мұрын, құдық
- Ә) үзіліс, құрылыс, өлең
- Б) үскірік, жол-жөнекей
- В) жұлдушша, айалайды
- Г) жымияды, бүрсігүні

9. Орфография бойынша дұрыс жазылған қатарды анықтаңыз.

- А) оқыйды, тоқыйды
- Ә) іріиді, кейиді
- Б) байиды, ұйиды
- В) шіріиді, ұлуйды
- Г) қыйқайады, жорыйды

10. Орфографиялық заңдылыққа бағынбай тұрған сөзді көрсетіңіз.

- А) құлын
- Ә) жұдырық
- Б) қиылыс
- В) өлең
- Г) аяз

11. Орфография заңына бағынбай тұрған сөзді табыңыз.

- А) көрік
- Ә) тасу
- Б) өлең
- В) көбөлөк
- Г) тиянақты

12. Қай сөздің жазылуында қате бар?

- А) қояйын
- Ә) жаяу
- Б) Қиуа
- В) жиналыс
- Г) жымыяды

13. Айтылу нормасына сай жазылмаған сөзді көрсетіңіз.

- А) қыйылыс
- Ә) қыйалдау
- Б) құдық
- В) көзүлдүрүк
- Г) Сәтпек

14. Морфологиялық принципке сай жазылған түбірлі сөзді анықтаңыз.

- А) шекара
- Ә) бөрене
- Б) ағаштар
- В) құлын
- Г) өлеңшөп

15. Дәстүрлі принцип бойынша жазылған сөздер қатарын көрсетіңіз.

- А) кәмпит, жәшік
- Ә) жауын, кемпіркосақ
- Б) Досжан, Есжан
- В) жүлдегер, құмырсқа
- Г) ботақан, құлыншақ

16. Жазылу нормасына сай сөзді табыңыз.

- А) шалқайады
- Ә) күлегеш
- Б) жұмұшшұ
- В) Қыйатпек
- Г) үскүрүк

17. Орфография заңына бағынбай тұрған қатарды көрсетіңіз.

- А) алыстан бір қара көрінді
- Ә) таң бозамықтана бастады
- Б) кеше сабаққа келалмады
- В) вокзал маңы ығы-жығы
- Г) қауын-қарбыз пісіп жатыр

18. Қай қатардағы сөздер орфоэпия заңы бойынша жазылған?

- А) жаздыгүні құмырсқа илеуі көп болады
- Ә) тау ішімен жаяу жүріп келеміз
- Б) құлын-тайлар шапқылап жүр
- В) үскүрүк аяздан жүралмады
- Г) пойыз жүрісін баяулатты

19. Айтылуы бойынша жазылған сөздер қатарын көрсетіңіз.

- А) Рұқия мен Рабия доп ойнап жүр
- Ә) доптары ташшолға домалай жөнелді
- Б) күн батты, Ақбала әлі көрінбейді
- В) ақындар айтысына келе алмады
- Г) мереке қарсаңында ауланы тазарттық

20. Айтылуы мен жазылуында айырмашылық болатын сөзді анықтаңыз.

- А) мереке
- Ә) базарлық
- Б) биік
- В) төрт
- Г) сәйгүлік

IV БӨЛІМ

Сауаттылық – тіл қасиетін меңгерушілік

*Бір ауыз сөз үйреніңіз бүгін де,
Сөйлеп тұрсың менің ана тілімде.
Қазақ болып туғаннан соң, бөбегім,
Қазақ болып өлген жақсы түбінде.*

(Т. Молдағалиев)

1. ДЫБЫСТАР ЕМЛЕСІНЕ АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР

1-жаттығу.

а, е, ы, і а) Алматы, қала, білімді, ертегі, қорытынды, іс, мәжіліс, Ақбілек, жаздық егін, кеңпейілділік, екіжүзділік, Амангелді, қағазбастылық, жер жаннаты, шайырлы, дыбыс таңбалары, емделу, Бурабай табиғаты, демалыс орны, жазылу емлесі.

ә) Көкшетауда орналасқан «Бурабай» мемлекеттік табиғи саябағын Қазақстанның «Швейцариясы» деп те атайды.

Табиғат ана Бурабай өңіріне өз асыл қазынасынан аса бір жомарттықпен шашу шашқан екен. Көлді аймақтың туризмі жылдан-жылға жанданып келеді. Сонымен бірге сауналар, дәмханалар, ойын алаңдары құшақ жая қарсы алады.

2-жаттығу.

ә, о, ө, ұ, ү а) әуежай, куәлік, Күланда, Қалиәкпар, дәйексөз, Май-төбе, мәлімет, мәжбүр, шокжұлдыз, Көкшетау, көк-пеңбек, шайпау, тәкаппар, дүдәмал, жөн-жосық,

көшбасшысы, көкейтесті, дөнежін, кешқұрым, жазды-
гүні, басқұр, ұйытқыма, әңгүдік, сәйгүлік, бұтақ, үйеңкі,
үзеңгі, жерұйық.

ә) әр адам өз денсаулығының сақталуына жауапты.
Әуелгі байлық – денсаулық, сондықтан адам тек са-
лауатты өмір салтын қалыптастыру арқылы нағыз
денсаулыққа жетуге болады.

Кейпі өзгеше қызық жартасты халық «Жұмбақтас» деп
атап кеткен. Кейде адам оны қырынан қарап тұрған
қызға немесе жұмбақ тас мүсінге ұқсатады.

Қайталанбас тау сілемдері, күміс сулы көлдері өз бой-
ында бір тылсым сырды сақтағандай. Әрине, бұл жердің
ең басты емшісі – ауасы, дем алған сайын құмарлана
жұтатын осы өңірдің дала шөптерінің жұпар иісі.

3-жаттығу.

и, у, ю, я **и, у, ю, я** – а) ишара, жиде, ине, иіс, оқиды, тасиды, бай-
иды, кейиді, тиын,

шипaгер, уез, қағида, шиыршық, ықтимал, идірген, ие-
лену, игілік, аяқ, яки, мия, ою, үюлі, көркею, жымию,
жымияды, жиятын, жиюлы, бу, буу, сау, сауу, сый-сияпат,
сыйлық, сыяды, сыю, тыйым, тыяды, тыюлы, тыяйын,
қояйын көркеюі, суару, тыңаю, есею.

э, ё – ә) электр, элемент, поэма, дирижёр, режиссёр, шофёр,
актер.

Біздер үшін Абай – рухани тұлға. Ол – хакім, философ,
ақын, сазгер, лирик, оған қоса эколог. Неміс әдебиетшісі
Йоханн Петер Эккерман Гетенің шынайы өмірбаянын
жазды. Талантты режиссер өзінің шығармашылық
мүмкіндігін Ғани образына жинақтаған. Қазақта ай-
тыспен бірге, неше алуан жыр-дастан, поэзиялық
шығармалар да аз болмаған.

4-жаттығу.

б, в, г, д – а) балалық, араб, байқау, хабар, гүлдесте, штаб, вагон, актив, педагог, биолог, фонд, революция, Ленинград.

ә) ғалымдардың айтуынша, ол бүркіт жүз жылдан аса өмір сүретін көрінеді. Бір қызығы бүркіттің адаммен бірге жерленуін археологтар сирек құбылыс ретінде бағаламайтын көрінеді. Азамат рөлін сомдаған Нұрлан Әлімжанов, Санкт-Петербург шаһарында тұрады. Ғани Мұратбаевтың мұражайында болып, бүкіл архив құжаттарымен танысып шықтым. Фотообъектив арқылы тіл табысу – өмірдің бір тамаша қыры. Ресейдегі алғашқы консерватория осыдан 145 жыл бұрын ашылған болатын.

5-жаттығу.

х- – а) химия, хлор, хат, Ахмет, халал, тарих, саяхат, хабар, хабарландыру, хал-ахуал.

ә) археолог мамандардың айтуынша, бұл қорған сарматтардың соңғы дәуіріне жатады. Мұның өзі тарихшыларды «ол заманның адамдары күнге табынған» деген пікір айтуға негіз болады. Сыртқы тұрпаты осыған ұқсас ғибадатханалар да кездеседі. Жұмбағы ашылған сайын ұлы шаһарды мекендеген халықтың мәдениеті мен білімі де, қолөнері де бізге етене жақын бола тұркендей.

6-жаттығу.

ч, ц, ф - – фонд, очерк, цех, саф, фәни, циркуль, фабрика, цирк, фонтан, публицист.

щ - – ащы, тұщы, кеще, Щучье шипажайы, Ащыкөл.

ң а) аң, жаңа, таң, саңлау, саңырауқұлақ, ең, кең.

һ а) қаһарман, шаһар, жиһаз, Гауһар, жиһанкез, қаһарлы.

ә) Интернатта оқып жүр
Талай қазақ баласы –
Жаңа өспірім, көкөрім,
Бейне қолдың саласы,
Балам закон білді деп
Қуанар ата-анасы,
Ойында жоқ олардың,
Шариғатқа шаласы.
Ыждиһатсыз, михнатсыз
Табылмас ғылым сарасы.

(Абай)

Тест сұрақтарының жауаптары

Нұскалар											
Сұрақтар	№	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
	1	А	Г	Ә	А	Б	А	Б	Г	А	Г
	2	Г	Г	Г	Г	В	Ә	Г	Ә	Г	Г
	3	Ә	Г	А	А	Г	Б	Г	А	Б	В
	4	Г	Г	Г	Б	А	Ә	Б	Г	Г	Ә
	5	Г	А	Г	А	В	Б	Ә	Б	А	В
	6	В	Б	А	Г	Ә	В	Б	Г	Г	Ә
	7	Ә	А	Ә	В	В	Г	Ә	А	А	Б
	8	Ә	А	В	Б	Г	Г	Г	В	Б	В
	9	Ә	Г	Г	Г	Г	В	Ә	А	А	Б
	10	А	Г	Г	Б	А	Г	Б	А	А	В
	11	В	А	А	Б	Г	Г	В	В	А	В
	12	Г	Б	Г	В	А	Г	А	Б	Г	Г
	13	Ә	А	Г	Б	А	В	Г	А	В	Б
	14	А	Б	Г	В	Б	Г	В	В	В	А
	15	Г	Г	А	А	Г	Г	Г	А	А	А
	16	В	Ә	Г	А	В	Г	Г	Ә	В	Ә
	17	В	Г	Г	Б	А	Г	Г	Б	Г	Б
	18	В	В	Г	Г	Б	А	Г	Г	В	В
	19	Г	Ә	А	В	А	В	А	Б	Г	Ә
	20	Г	Ә	Г	В	Ә	Г	А	Ә	Г	Г

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
Қазақ әліпбиі	5
I бөлім. Фонетика	9
1. Дыбыс және әріп	9
2. Дауысты дыбыстар	12
Тест тапсырмалары	42
3. Дауыссыз дыбыстар	49
Тест тапсырмалары	72
II бөлім. 1. Буын, оның түрлері	79
2. Тасымал	89
3. Екпін	92
Тест тапсырмалары	95
III бөлім. Үндестік заңы	102
Тест тапсырмалары	121
Тест тапсырмалары	
Орфография және орфоэпия	127
IV бөлім. Сауаттылық – тіл қасиетін меңгерушілік	135
1. Дыбыстар емлесіне арналған жаттығулар	135
Тест сұрақтарының жауаптары	139

Оқу басылымы

Әбішева Рыскен Рахымқызы

ҚАЗАҚ ТІЛ

Фонетика саласы бойынша жаттығулар жинағы

Стереотиптік басылым

Корректоры *Гүлжан Рүстембекова*

Компьютерде беттеген *Гүлмира Шаккозова*

Мұқабасын көркемдеген *Ринат Сқақов*

ИБ № 5364

Басуға 24.07. 2020 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 ^{1/16}.

Көлемі 8,9 б.т. Офсеттік басылыс. Тапсырыс № 647.

Таралымы 100 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

“Қазақ университеті” баспасы.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

“Қазақ университеті” баспаханасында басылды